

**Б.А. Өрінова, Г.М. Раева, Г.С. Кәрімова, Л.К. Жүмекенова**

# ҚАЗАҚ ТІЛІ

Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық

## 6

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі ұсынған

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының  
сарапшыларымен келісілді
















Алматы «Атамұра» 2018

ӘОЖ 373.167.1  
КБЖ 81.2Қаз-922  
Қ 17

*Оқулық Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі бекіткен негізгі орта білім беру деңгейінің 5–9-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінің жаңартылған мазмұндағы Типтік оқу бағдарламасына сәйкес дайындалды.*

### Шартты белгілер:

- |  |               |   |                      |
|--|---------------|---|----------------------|
|   | – ойтүрткі    |  | – топтық жұмыс       |
|   | – тыңдалым    |  | – жұптық жұмыс       |
|   | – айтылым     |  | – шығармашылық жұмыс |
|   | – оқылым      |  | – есіңе сақта!       |
|   | – диалог      |  | – сұрақ-тапсырма     |
|   | – ойлан, тап! |  | – ойтаразы           |
|  | – жазылым     |   |                      |

Қазақ тілі: Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық  
Қ 17 /Б.А. Өрінова, Г.М. Раева, Г.С. Кәрімова, Л.К. Жүмекенова. – Алматы:  
Атамұра, 2018. – 224 бет.

ISBN 978-601-331-134-0

ӘОЖ 373.167.1  
КБЖ 81.2Қаз-922

ISBN 978-601-331-134-0

© Өрінова Б.А., Раева Г.М.,  
Кәрімова Г.С., Жүмекенова Л.К., 2018  
© «Атамұра», 2018

## АЛҒЫ СӨЗ

### Құрметті оқушылар!

6-сыныпқа қош келдіңдер! «Қазақ тілі» сендердің сүйіп оқитын пәндерің екендігіне сенімдіміз. Өйткені сендер бұл пән арқылы өздеріңнің ана тілдеріңмен қатар, қазақ халқының тарихи жолдарын, ұлттық құндылықтарын, мәдениетін танып-білесіңдер. Қазақ тілін оқып-үйрену арқылы ана тілінің құдіретін, қадір-қасиетін ұғынасыңдар. Пәннің басты мақсаты – ана тілін құрметтеуге, оның тереңдігін мақтан тұтуға үйрету.

Тіл – қасиетті, құдіретті ұғым. Сендер бұл сыныпта тілдің құндылық екенін ұғына отырып, оның қоғамдық-әлеуметтік өмірдегі қажеттілігін түйсінетін боласыңдар. Тіл арқылы ата-бабаларымыздың сан ғасырлық мәдени мұраларымен танысасыңдар. Қазақ тілін оқып-үйрену негізінде қазіргі таңда болып жатқан заманауи ғылыми, әлеуметтік жетістіктер туралы көптеген мағлұмат аласыңдар. Өткен сыныпта алған білімдеріңді жетілдіріп, енді 6-сыныпта қазақ тілінің бай қорымен жақын танысатын боласыңдар. Танымдық мәтіндер сендердің жас ерекшеліктеріңе сай құрастырылды. Орындауға ұсынылған сұрақтар мен тапсырмалар шығармашылық қабілеттеріңді дамытуға, жаңаша ойлауға, қандай да бір мәселе бойынша жылдам шешім қабылдай алуға жетелейтін жұмыс түрлерінен тұрады.

Оқулық жаңа бағытта, жаңа үлгіде жазылды. Оқулықтағы білім мазмұны танымдық оқу материалдарынан бастап, күнделікті тіршілікте қолдануға мүмкіндік беретін әртүрлі пайдалы кеңес, білім-білік дағдыларынан құралды. Оқулық құрылымындағы тапсырмалардың көбі шығармашылыққа, ізденушілікке, топпен жұмыс істей білуге үйретеді. Сабақта қолданылатын интербелсенді әдістер, инновациялық технологиялар оқулықтағы тілдік білімді ұтымды меңгерулеріңе көмектеседі деп сенеміз. Ендеше «Қазақ тілі» деп аталатын ғажап әлемге басқан қадамдарыңа сәттілік тілейміз!

*Авторлар*

## 1-бөлім. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КӨРІКТІ ЖЕРЛЕР

### 1–2-сабақ

#### МЕНИҢ ОТАНЫМ – ҚАЗАҚСТАН



1. Отан, туған жер деген ұғымдарды қалай түсінесің?
2. Қазақстанның елордасы туралы не айтасың?
3. Қазақстанның кен байлықтары туралы не білесің?
4. Бүгінгі Қазақстан туралы не айтар едің?



**1-тапсырма.** Мәтінді мұқият тыңдап, сұрақтарға жауап бер.

- Еліміз туралы қандай мәлімет қосар едің?
- Мәтіннің мазмұны бойынша өз ойыңды дәйектеп айт.



**2-тапсырма.** Өздерің тұратын аймақ туралы диалог құрыңдар.



**3-тапсырма.** Төмендегі сөздерді пайдаланып, жазғы демалысты қалай өткізгенің туралы сөйлем құра.

демалыс

жаздыгүні

қолғабыс

Алакөл

жағажай

саяжай

жанкүйер

Сарыағаш

солтүстік

тоғызқұмалақ

### Тілдік бағдар

Бірге жазылатын сөздер

Тұлғасы өзгертілген біріккен сөздер бірге жазылады.

Мыс.: бүгін, биыл, қыстыгүні, күздігүні, қолғап, жарғанат

*Еш, әр, кей, бір, қай, әлде* сөздері есімдік, үстеулермен тіркесіп келгенде, бірге жазылады.

Мыс.: әрбір, әлдеқашан, бір-келкі, ешкім, кейбір, қайбір

Екі түбірден құралып, ғылымның әр алуан саласында (саяси-әлеуметтік, биологиялық, астрономиялық, химиялық т.б.) терминдік мәнге ие болған атаулар бастапқы түбір тұлғаларын сақтап, бірге жазылады.

Мыс.: баспасөз, өнеркәсіп, кәсіподақ, келіссөз, темір-тас, тамыржеміс, сүтқоректілер, көкжиек

Екі, кейде үш түбірден құралған аң-құс, жан-жануар, құрт-құмырсқа, өсімдік атаулары түбір тұлғалары сақталып, бірігіп жазылады.

Мыс.: қарақұйрық, ақбөкен, тасбақа, бірқазан, аққұтан, көкқұтан, аққу, айдаршөп, қырықаяқ, қарақұйе

Жер-су аттары түбір тұлғалары сақталып, бірігіп жазылады.

Мыс.: Ақтөбе, Баянауыл, Ұлытау, Сырдария

Екі түбірден құралып, терминге айналған техника, шаруашылық, тұрмыс, мәдениет, өнер, спорт т.б. салаларға қатысты зат, құрал-жабдық, ұғым атаулары мен әр алуан мамандық, кәсіп, қызмет иелерінің аттары бірігіп жазылады.

Мыс.: шаңсорғыш, өнер-тапқыш, бессайыс, ақсүйек (ойын), беташар, тоғызқұмалақ, теміржолшы, жолсерік

Екінші сыңары *аралық*, *тану* деген сөздер немесе бірінші сыңары *фото*, *электр*, *радио*, *авто*, *авиа*, *аэро*, *кино*, *гидро*, *транс*, *ультра*, *инфра*, ал екінші сыңары қазақ тілінің сөздері болып келген тіркестер бірге жазылады.

Мыс.: халықаралық, жаратылыстану, фотосурет, автоқалам, ультракүлгін

**Ескерту.** *Еш*, *әр*, *кей*, *бір*, *қай*, *әлде* сөздері зат есімдермен тіркескенде, бөлек жазылады. Мысалы: *еш адам*, *әр бала*, *қай зат*, *кей адам*, *бір жұмыс*, *әлде жұмыс*, *әлде ермек*.

Бірігіп жазылуы дәстүрге айналған *дүниежүзілік*, *бүкілодақтық*, *ортаазиялық* және т.б. сын есімдер осылай жазылады. Олар сөздікте беріледі.



**4-тапсырма.** Төмендегі шағын мәтіннен бірге жазылатын сөздерді тауып, дәптеріңе жаз және парталасыңа дәлелде.

Енді оқу жылының басталуын шыдамсыздана күтемін. Адам деген қызық қой. Оқып жүргенде демалысты аңсайсың. Енді міне, демалыста жүріп, оқуды сағына бастадым. Жаздыгүні қыс болса екен дейсің, қыста жазды көксейсің. Бұл неліктен, а? Адам баласының бабын қалай табуға болады?

(Б. Соқпақбаев)



**5-тапсырма.** Өлеңді оқып, мазмұнын түсіндіріп айт.

### Түркістан

Түркістан екі дүние есігі ғой,  
Түркістан ер түріктің бесігі ғой.  
Тамаша Түркістандай жерде туған,  
Түріктің Тәңірі берген несібі ғой.

Ертеде Түркістанды Тұран дескен,  
Тұранда ер түрігім туып-өскен.  
Тұранның тағдыры бар толқымалы,  
Басынан көп тамаша күндер кешкен.

Тұранның тарихы бар отты желдей,  
Заулаған қалың өрттей аспанға өрлей.  
Тұранның жері менен суы да жат,  
Теңіздей терең, ауыр ой бергендей.

(М. Жұмабаев)



**6-тапсырма.** Қазақстан, туған жер, атамекен туралы жазылған өлеңдердің бірін таңдап, ондағы бірге жазылатын сөздерді кестеге жаз. Өлеңді оқығанда орфоэпиялық заңдылықтардың сақталуына мән бер.


Бірге жазылатын сөздер	



**7-тапсырма.** Сөзжұмбақты шеш. Шешуін дұрыс тапқанда «Қазақстан» сөзі шығады.

**Сұрақтар:**

1. Тәуелсіздік үшін күрескен батыр
2. Қазақстанның елордасы
3. Тұңғыш Президент
4. Ресми құжат
5. Қазақстандағы мемлекеттік тіл



- 6. Шегара күзетуші
- 7. Қазақстанның ұлттық валютасы
- 8. «Төрт ана» өлеңінің авторы
- 9. Болашаққа деген ... .



**8-тапсырма.** Төмендегі картадан өз облысыңды тауып, ондағы қазба байлықтар, өзен, көлдер, таулар, көрікті жерлер туралы басқа облыста тұратын досыңа хат жазып, мақтанышыңмен бөліс. Хатта бірге жазылған сөздерге мән беріп, орфографиялық норманы сақтауды ұмытпа.



**9-тапсырма.** «Мен елімнің азаматымын» тақырыбында монолог арқылы өз ойыңды дәйектеп жаз. Монологтегі бірге жазылған сөздерді ата.



**10-тапсырма.** «Сөз-Бөйге!» Шарты: екі топқа бөлініңдер.

1. 3 минут ішінде туған жер, атамекен туралы мақал-мәтелдерді айтыңдар.
2. 3 минут ішінде туған жер туралы өлең оқыңдар.



**11-тапсырма.** Берілген фигураларға сәйкес өзінді-өзің бағала.

- 1-фигура. Не үйрендім?
- 2-фигура. Қанша мәлімет алдым?
- 3-фигура. Әлі де білгім келеді.
- 4-фигура. Нені түсінбедім?



### 3–4-сабақ

#### КӨРКЕМ ТАБИҒАТ ЖӘНЕ КӨРІКТІ ЖЕРЛЕР



1. Қазақстанның көрікті жерлері туралы не білесің?
2. Өзің тұратын мекенді көрікті деп ойлайсың ба? Ойыңды дәлелдегенде, тұлғасы өзгертіліп барып біріккен сөздерді қолдан.



**1-тапсырма.** Үнтаспадан мәтінді мұқият тыңда. Ақпараттарды есіңе сақта. Төмендегі сұрақтарға жауап бер.

- Тыңдалған мәтінде қандай көрікті жер туралы сөз қозғалды?
- Мәтінде бірге жазылатын сөздер бар ма?
- Бірге жазылған сөздерді тауып, сызба дайында. Олар неліктен бірге жазылатынын ережеге сәйкес дәлелде.



**2-тапсырма.** Төмендегі сұрақтар бойынша диалог құрыңдар.

- Еліміздің көрікті жерлері туралы айтып бересің бе?
- Қазақстанның табиғаты сені неліктен қызықтырады?
- Өз еліңнің көрікті жерлерін басқа елдермен салыстыра аласың ба?
- «Туған жердің әр тасын бағалай білу керек» дегенді қалай түсінесің?



## Тілдік бағдар

### Бөлек жазылатын сөздер

Күрделі атаулардың (мемлекет, республика, облыс, мекеме, ұйым аттарының) әрбір сөзі бөлек жазылады.

Мыс.: *Қазақстан Республикасы, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Алматы облысы*

Анықтауыш пен анықталушы сөздер тіркесіндегі әрбір сөз бөлек жазылады.

Мыс.: *бас жүлде, ағаш көпір, қыз бала, ұл бала, асыл тас, ақ бас, бас жіп, ат қора*

Күрделі сан есімдердің, күрделі сын есімдердің әрбір сөзі бөлек жазылады.

Мыс.: *он сегіз, бір мың тоғыз жүз елу үш, төрт жарым, отыз екі жарым, жиырма бір; қара ала, көк ала, қара көк, ақ сұр, құла қасқа, құла жирен, торы төбел, ақ шабдар*



**3-тапсырма.** Мәтінді оқып, мазмұнын түсіндіріп айт. Бірге және бөлек жазылған сөздерге көңіл бөл.

Марқаның жағасы ерте кеуіп, ерте көктеді. Жауқазыны қарды жарып шыға беретін тау бөктерінің былтырғыдан қалған күреңсесі күлтеленіп, қаулай тебіндеп келе жатқан көкпен араласып, алашабырланып жатыр. Тау ішінде көкжиек жақын болады. Тауда тұрғанда аспан да аласа көрінеді. Сол көктемгі көкжиек – қоп-қою жалқынды сағым іркіліп барып, өлгі көк күмбезімен көмкерілген. Жазғытұрымның кірбіңсіз ашық аспаны мөлдіреп, көлде көрініс беріп тұр. Кілкіген жұқалаң мұнар арасынан оқшау көрініп, мұндамұндалап аппақ болып жататын Тарбағатай шың-құздарын ұзыннан-ұзақ созылған жіп-жіңішке ақ бұлт екіге бөліп, аспан тауына ұқсайтын. Енді-енді бүршік атып, көктемнің шуағына алақанын жая бастаған орман соңғы нөсерден жаңа ғана ес жиып бусанады. Көктемгі ауада сарай ашар жағымды саумал иісі бар. Сымпылдай ұшып келген бір топ шүрегей Марқакөлдің айдынын төсімен тілгілей қонды да, мамырлап жүзе жөнелді.

(О. Бөкей)

- Бұл мәтіннен қандай ақпарат алдың?
- Бөлек және бірге жазылған сөздерді жаз.



**4-тапсырма.** Сурет бойынша бірге және бөлек жазылатын сөздерді қатыстырып, «Шымбұлақ» туралы сөйлем құра.



**5-тапсырма.** Тілдік бағдар айдарындағы ережелердің өзіне тән ерекшелігін, қызметін, маңызын талда.

Семантикалық карта		
Тілдік бағдар	Сұрақтар	Жауаптар
Бірге жазылатын сөздер	Қандай сөздер бірге жазылады?	
Бөлек жазылатын сөздер	Сөздер қандай жағдайда бөлек жазылады?	



**6-тапсырма.** Қазақстанның көрікті жерінде болған кезiңдi баяндап, оны суретте де, репортаж дайында. Келтiрген деректерiң, алған ақпараттарын нақты болсын. Ол үшiн төмендегi қағидаларды ұстан.

• Репортаж – нақты бір мәселе бойынша әсерлі түрде баяндау.
• Репортаж оқиға болған жерде дайындалады.
• Репортаждың басқа жанрлардан ерекшелігі: өткен оқиғаны емес, болып жатқан оқиғаны сол бойда баяндайды.
• Репортажға тек ірі оқиғалар ғана тақырып бола бермейді.
• Репортер оқиғаның басы-қасында болуы шарт.
• Сол оқиғаны қаз-қалпында суреттеп жазады, оған өзінің қатысын білдіріп, оны басқалардың пікірімен толықтырады.
• Репортаж өмір шындығына сүйенеді.
• Тілі жатық, стилі тартымды болып келеді.



**7-тапсырма.** «Кім жылдам?» Бірге немесе бөлек жазылатын сөздерді тап.



**8-тапсырма.** «Қазақстанның көрікті жерлері» тақырыбы бойынша деректер тауып, жинақы мәтін құрап жаз.



**9-тапсырма.** Суреттегі Жасыбай көлі туралы аңыз, өлең, танымдық мәтін немесе басқа жанрда жазылған ақпараттарды энциклопедия, газет-журналдардан тауып, олардың авторына сілтеме жаса. Өз ойыңды қосып жазуды ұмытпа.



**10-тапсырма.** Өлеңді қара сөзге айналдырып, негізгі ойды білдіретін мәтін жаз.

### Не жетеді өзің туған мекенге?!

«Бармадым, – деп – жұрт секілді шетелге»,  
 Досым менің, мұңаясың бекерге.  
 Аз ғұмырда өз жеріңді арала,  
 Не жетеді өзің туған мекенге ...

Сен көрмеген өз еліңнің жері бар,  
Сен жүрмеген өз еліңнің шөлі бар.  
Сен түспеген өз еліңнің көлі бар,  
Сен қазбаған өз жеріңнің кені бар.

Керек болса, өз жеріңде жылы қыс,  
Керек болса, өз бағыңда бұлбұл құс.  
Туған жердің жапырағы жаныңдай,  
Топырағы тұмар саған бір уыс.

(С. Мәуленов)



**11-тапсырма.** Сабақта алған әсеріңді, ойыңды төмендегі кестеге сәйкес жаз.

«✓»	«-»	«+»	«?»
Білемін.	Білмеймін.	Мен үшін жаңа ақпарат.	Мені таңғал- дырды.

## 5–6-сабақ

### «ТАУЛАРДАН ӨЗЕН АҒАР САРҚЫРАҒАН»



1. Еліміздегі қандай өзен, тауларды білесің?
2. Сен тұратын мекенде қандай өзен бар?
3. Әлемге әйгілі тауларды ата.



**1-тапсырма.** Ұнтаспадан өлеңді мұқият тыңда.



**2-тапсырма.** Өлеңде не туралы айтылады? Алғашқы бөліктегі айтылған ойды болжап, түсіндір. Бірге, бөлек жазылатын сөздерді айт.



**3-тапсырма.** Мәтінді оқы.

Есіл!..

Шілденің шымырқанған сарша тамыз кезінде Есіл өзені адамның көзіне күндік жерден шалынады. Күн сәскеден жоғары көтеріле аққан мөлдір толқынды сағым Есілдің алабына сыймай, аппақ күміс көбігін кең кемерден көпіршіте төгеді. Төгілген сағымның толқыны тулап, шиыршықталып аспанға шапшиды. Шапшыған толқынды сағым сайларды өрлеп, қанатын кең жазады. Шілдеде

Есіл өлкесінің желі баяу еседі. Тоғай да бұл кезде кемеліне келіп толықсып тұрады. Жібек шалғынды табиғаттың байлығына көзің тойған кезде оның иесін іздейсің. Ол әрине, Есіл!

Сен Есілді іздейсің де, көпке шейін ұшырата алмайсың. Бұл кезде Есіл сабасына сарқылып, ағар арнасымен моп-момақан боп жылжиды да жатады. Сол түріне қарағанда, егер тасыған кездерін көрмесең, оның сонша кең өлкені сусындатқан өзен екеніне сенбейсің. Есіл ағысының жасырын күшін сен суына сүңгігенде ғана көресің. Моп-момақан боп, тұнып тұрған сияқтанып, оның суы тізеңнен аспай-ақ сені қабықтай қалқытып ала жөнеледі. Сен малтымпаз болмасаң, суға кеттім деп үрейленесің. Есілдің суында тек аяғың мен қолыңды қимылдата білсең болғаны. Көтеріп ала жөнеледі!.. Тәттілігі қандай сол судың!.. Салқындығы қандай!.. Мөлдірлігі қандай!..

(С. Мұқанов)



**4-тапсырма.** Мәтін мазмұны бойынша сөйлемдерді ретімен орналастыр.

Бұл кезде Есіл сабасына сарқылып, ағар арнасымен моп-момақан боп жылжиды да жатады.	
Есіл ағысының жасырын күшін сен суына сүңгігенде ғана көресің.	
Тоғай да бұл кезде кемеліне келіп толықсып тұрады.	
Төгілген сағымның толқыны тулап, шиыршықталып аспанға шапшиды.	1
Есілдің суында тек аяғың мен қолыңды қимылдата білсең болғаны.	
Шілдеде Есіл өлкесінің желі баяу еседі.	



**5-тапсырма.** Мәтіндегі көркем сөйлеудің стильдік ерекшеліктеріне сәйкес айтылған ойды кестеге салып жаз.

Үлгі:

Шымырқанған сарша тамыз



**6-тапсырма.** Қазақстан таулары мен өзендері туралы мәліметтің дұрыс-бұрыстығын анықтап, өзіңді тексеріп көр.

	дұрыс	бұрыс
Іле Алатауы – Орталық Қазақстандағы кішкентай жоталардың бірі.		
Біздің елімізде Іле Алатауы, Қаратау, Алтай, Баянауыл, Тарбағатай таулары бар.		
Алакөл – Оңтүстік және Батыс Қазақстан облыстарының аралығында орналасқан үлкен көлдердің бірі.		
Қазақстанда Ертіс, Сырдария, Есіл, Жайық, Балқаш, Зайсан, Алакөл, Марқакөл және т.б. өзен-көлдер бар.		



**7-тапсырма.** Өзен-көл, тау туралы мақал-мәтелдерді сәйкестендіріп жаз.

Өзен талымен көрікті,  
Таулы жер бұлақсыз болмас,  
Тау мен тасты су бұзады,  
Адам елінде көгерер,  
Өзен жағалағанның

Қоға көлінде көгерер.  
Адамзатты сөз бұзады.  
Сулы жер құрақсыз болмас.  
Өріс малымен көрікті.  
өзегі талмас.



**8-тапсырма.** «Тау» сөзіне бес жолды өлең құра.

1. Зат есім. *Не?*
2. Сын есім. *Қандай?*
3. Етістік. *Не істейді?*
4. Синоним.
5. Сөйлем ...

*Керекті сөздер:* тау, тамаша, биік, мұнартады, жаңғырады, шақырады, асқақтайды, жота, шың, құз.



**9-тапсырма.** Сөйлемдердің дұрыс-бұрыстығын «Иә-жоқ» ойыны бойынша дәлелде.

1. Ертіс, Есіл, Тобыл Арал теңізіне барып құяды.
2. Каспий теңізі алабына Сырдария өзені жатады.
3. Елордамыз Есіл өзенінің бойында орналасқан.
4. Сырдария – Қазақстан Республикасындағы ең таза өзен.
5. Іле өзені Көкшетауда орналасқан.

## Тілдік бағдар

Дефис

келген жерде кідіріс жасалмайды.

сызықша секілді сөйлемнің мазмұнына еш әсер етпейді.

сызықшадан қысқа болады.

Дефис  
мынадай  
жағдайларда  
қойылады:

екі сөзден тұратын ғылыми дәреже, мамандықты көрсететін атаулардың арасына: *инженер-технолог, батыр-ұшқыш*;

қос сөздердің арасына: *ел-жұрт, алай-дүлей*;

-ақ, -ау, -мыс, -ды демеуліктері тіркескен жағдайда: *айтады-мыс, келмеді-ау, сондай-ақ*;

реттік сан есімдерді қолданған жағдайда: *5-жыл, 7-рет*;

сөзді тасымалдағанда;

күшейткіш буын қосылып жасалатын қос сөздердің арасына: *жап-жақсы, сүп-сүйкімді*;

екі сөзден тұратын фамилияларда, адам аттарында, күрделі сөздер арасына: *әл-Фараби, Салтыков-Щедрин* т.б.



**10-тапсырма.** Еліміздегі өзен-көл, таулар туралы диалог құрыңдар. Диалогте дефис арқылы жазылатын сөздерді қолданыңдар.



**Диалог** – сөйлесу, әңгімелесу деген сөз. Көркем шығармаларда екі я одан да көп адамның бір-бірімен тікелей сөйлескен сөздері беріледі. Екі кісінің бір-бірімен тікелей сөйлескен сөзін **диалог** деп атайды.

Диалог көркем шығармада ғана емес, ауызекі сөйлеу тілінде де қолданылады. Диалогте әрбір кісінің сөзі жаңа жолдан басталып, алдына сызықша қойылады.



**11-тапсырма.** «2030 жылы Қазақстан суы мөлдір, ауасы таза, жасыл желекті, гүлденген ел болады» деген Елбасының сөзін қолданып, шағын мәтін құрап жаз.



2018 жыл дегенде дефис қойылмайды, ол уақытты білдіреді. 8-жыл десек, белгілі бір оқиғаның немесе өрекеттің болғанына, басталғанына кеткен мезгілдің ретін білдіреді.



**12-тапсырма.** Төмендегі мәліметтерге сәйкес тауларды көлеміне қарай диаграммаға салып көрсет. Солтүстік-батыс, солтүстік-шығыс, оңтүстік-шығыс, Тянь-Шань сөздеріндегі дефистің қойылу себебін парталасыңмен бірге талда.

Көкшетау – Сарыарқаның солтүстігінде, Көкшетау қыратының солтүстік-шығыс бөлігінде оқшау орналасқан, жақпартасты, орманды, көлді тау. Оңтүстіктен солтүстікке қарай 20 км-ге доғаша иіле созылып жатыр, ені 5 км-дей.

Алатау таулары Қазақстан мен Қырғызстан жерінде. Орташа биіктігі – 4000 м, ең биік жері – Манас шыңы (4484 м).

Баянауыл тауы – Сарыарқаның солтүстік-шығыс бөлігіндегі тау. Абсолюттік биіктігі – 600–1000 м, ең биік жері – Ақбет тауы (1026 м).

Қаратау – Тянь-Шань тау жүйесінің солтүстік-батысында орналасқан тау жотасы. Солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай 420 км-ге созылып жатыр, енді жері – 60 – 80 км (оңтүстік-шығысындағы Боралдай жотасы). Ең биік жері – Бессаз тауы (2175 м).



**13-тапсырма.** Түрлі түсті стикерлерге сабақта алған әсеріңді жаз. Бір-біріңнің стикерлеріңмен алмасыңдар. Жазылған сөздерді оқыңдар.



## 7–8-сабақ

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚОРЫҚТАРЫ – ТАБИҒАТ БАЙЛЫҒЫ



1. Еліміздегі қорықтар туралы не білесің?
2. Өзің тұратын аймақта қорық бар ма? Ол қалай аталады?
3. Табиғат байлықтарын атап айт.



**1-тапсырма.** Мәтінді тыңда. Жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықта.



**2-тапсырма.** Тыңдалым мәтініндегі сөйлемдердің дұрыс немесе бұрыс екенін дәлелдеп айт.

Мәтіндегі ақпарат	дұрыс	бұрыс
Марқакөл мемлекеттік қорығы – еліміздегі бесінші қорық.		
Марқакөл қорығы Батыс Қазақстанда орналасқан.		
Қорықтың мақсаты – сирек кездесетін жануарларды сақтау.		
Қорықта бауырымен жорғалаушылардың 5 түрі мекендейді.		



**3-тапсырма.** Мәтінді мұқият оқып, берілген сұрақтарға жауап бер. Өрбір сөзі бөлек жазылатын күрделі атауларды тап.

## Ақсу-Жабағылы

Кез келген мемлекеттің ең басты ұлттық байлығының, дәулетінің, іргетасының бірі – оның табиғи қорлары, табиғат байлығы. Біздің де сондай мақтан тұтар байлығымыздың бірі – Ақсу-Жабағылы қорығы. Ақсу-Жабағылы қорығы ЮНЕСКО жасаған дүниежүзілік қорықтар тізіміне енген. Бұл қорық Талас Алатауының Солтүстік Батыс бөлігін және оған көршілес Өгем жотасын алып жатыр. Оның негізгі аймағы Оңтүстік Қазақстан облысының Түлкібас, Төле би, Бөйдібек аудандарын және Жамбыл облысы Жуалы ауданын қамтиды.

Қорықтағы ең ірі өзен Ақсудың ұзындығы – 120 шақырым, ені 10 метрге жетеді, тереңдігі – жарты метр. Ақсу-Жабағылы қорығында аң мен құстың – 550, өсімдіктің 200-ден астам түрі бар. Олардың көпшілігі Қызыл кітапқа енгізілген. Тау өңірінде бидайық, боз жусан, түрлі шөптер, беткейінде селдір арша орманы, субальпі және альпі шалғыны өседі. Мұнда қызғалдақты Төңіртаудың қазақтары «Ақсу-Жабағылының ал қызылы» деп атаған. Ақсу-Жабағылы қорығының мұражайында төрт жүзге жуық жыл жасаған шыршаның кесіндісі сақтаулы тұр.

Қорықтың өсімдіктер дүниесі де әр алуан. Онда мүктің – 61, қынаның – 58, жоғары сатыдағы өсімдіктің 1400 түрі бар. Қорықтың жануарлар әлемі де өте бай: сүтқоректілердің – 42 (арқар, таутеке, елік, марал, барыс, Тянь-Шань қоңыр аюы, борсық, сусар т.б.); құстардың – 238 (гималай ұлары, кекілік, сақалтай, бүркіт, қарақұтан, бозторғай, сарыторғай, ителгі, шымшық т.б.); бауырымен жорғалаушылардың – 9 (алай жалаңкөзі, сары бауыр кесіртке, қалқантұмсықты шұбар қара жылан, сұржылан т.б.); қосмекенділердің 2 (жасыл құрбақа және көлбақа) және өзендерінде балықтың екі түрі тіршілік етеді. Омыртқасыз жәндіктердің де алуан түрі бар.

(М. Байғұт)

- Мәтінде не туралы айтылады?
- Бұл қорық туралы тағы не білесің?



**4-тапсырма.** Бір-біріңмен ой бөлісіп, мақалдарды жалғастырыңдар. Оларды түсіндіріп айтыңдар.

1. Отансыз адам – ормансыз ... .
2. Жалғыз ағаш ... болмас, ... .
3. Жақсы болсаң жердей ...,  
Бәрін шыдап көтерген.  
Таза болсаң судай ...,  
Бәрін жуып кетірген.
4. Күтімі жаман ағаштың –  
бітімі ... .
5. Тікен ... қорғайды,  
Ара ... қорғайды.  
Жаман ... қорғайды,  
Жақсы ... қорғайды.



**5-тапсырма.** Мәтінді оқып, қоқиқаз туралы өзің білетін мәліметтермен бөліс және бөлек жазылатын күрделі атауларды тап.

### Құс төресі – қоқиқаз

Қорғалжын қорығының басты мақтанышы – қоқиқаздар. Біле білсек, бұл құсқа деген елдің ықыласы өзгеше. Айрықша сұлулығымен ерекшеленетін қоқиқаздар үшін Қорғалжын қорығы сол түстікте қоныстанатын соңғы мекен саналады. Бұл құстар жыл сайын көктемде Африканың шығысы мен батысынан, Иран, Үндістан және Пәкстан елдерінен ұшып келіп, осында ұя басып, балапандарын қанаттандырып, қара күздің салқыны түсе бергенде келген жолдарымен жылы жаққа бет түзейді.

Қоқиқаздың негізгі қорегі – артемия құрты. Мұндай құрттар тек тұзды көлдерде болады. Ал Теңіз көлінің тұздылығы әлемдік мұхиттардан 5-6 есе артық.

Табиғат қорғаушы мамандардың айтуынша, ертеректе Теңіз көліне келіп қонатын қоқиқаздар саны 100 мыңнан асып жығылған болса, соңғы жылдары 25–30 мыңнан аспайтын болыпты. Бұған басты себеп ретінде Азия құрлығындағы кейбір елдерде орын алатын әскери іс-қимылдар аспан кеңістігіндегі құстардың жолын тарылта түседі екен.

Қорғалжын қорығының мақтанышына айналған қоқиқаздар өте төкаппар әрі сақ құс болғандықтан, адамдарға аса жақындамайды. Сонда да саяхатшылар осы құсты көру үшін Қорғалжын қорығына жиі барады. Әсіресе дәстүрлі «Қоқиқаздар фестивалі» өткенде мұнда келушілер саны еселеп артады.

*(Ғ. Қожабеков)*



**6-тапсырма.** Тыңдалым және оқылым мәтіндеріндегі ортақ мәселені өз сөзіңмен толықтырып, графикалық мәтін құрап жаз.



**7-тапсырма.** Төменде көрсетілген қорықтар туралы энциклопедиядан, ақпарат құралдарынан материал тауып, оларды кестеге, картаға түсіріп жаз. Бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздердің астын сыз.

1. Алматы мемлекеттік қорығы
2. Ақсу-Жабағылы мемлекеттік қорығы

3. Барсакелмес мемлекеттік қорығы
4. Қорғалжын мемлекеттік қорығы
5. Наурызым мемлекеттік қорығы
6. Марқакөл мемлекеттік қорығы
7. Үстірт қорығы
8. Батыс Алтай қорығы
9. Алакөл қорығы
10. Қаратау мемлекеттік қорығы



**8-тапсырма.** Тест сұрақтарына жауап бер.

1. Бірге жазылатын сөзді көрсет:
  - а) асыл тас
  - ә) Марқакөл
  - б) Іле Алатауы
  - в) жиырма бес
  - г) қызыл
2. Бөлек жазылатын сөз қайсы?
  - а) Алматы облысы
  - ә) Ақсу-Жабағылы
  - б) халықаралық
  - в) Барсакелмес
  - г) автоқалам
3. Дефис арқылы қате жазылған сөзді тап:
  - а) ел-жұрт
  - ә) ыдыс-аяқ
  - б) қып-қызыл
  - в) он-сегіз
  - г) Әл-Фараби
4. Әрбір сөзі бөлек жазылатын күрделі атауларды тап:
  - а) құла қасқа, ала
  - ә) құла қасқа, қара ала
  - б) жирен, ақ шабдар
  - в) жиырма, отыз
  - г) алпыс бес, қырық



**9-тапсырма.** Сабақта алған әсеріңді төмендегі кестеге сәйкес айтып бер.

«✓»	«-»	«+»	«?»
Білемін.	Білмеймін.	Мен үшін жаңа ақпарат.	Мені таңғалдырды.

## 9–10-сабақ

### ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КИЕЛІ ЖЕРЛЕР



1. «Киелі» деген сөздің мағынасын қалай түсінесің?
2. Өзің үшін ең қасиетті, киелі нәрсе не? Түсіндіріп айт.



**1-тапсырма.** Мәтінді мұқият тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

- Түркістан неліктен тарихи және киелі орын деп аталады?
- Қаланың көне атауы туралы не айтасың?
- Осы мәтінге тағы қандай мәлімет қосар едің?



**2-тапсырма.** Төмендегі ақпаратқа зерттеу жүргіз. Көтерілген мәселеге болжам жаса.

Қазақстанда киелі жерлердің картасы жасалды. Картаға еліміздегі қасиетті орындар түсірілді. Тізімге Алматының бес бірдей мемлекеттік қорғаудағы жері енді. Оларды «Қасиетті Қазақстан» орталығы іріктеген. Бұл жоба «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша жүзеге асырылуда.



**3-тапсырма.** «Қасиетті Қазақстан» орталығының іріктеу тізіміне тағы қандай жерлерді енгізуді ұсынар едің? Неліктен?



**4-тапсырма.** Мәтінді оқы.

### Алаша хан күмбезі

Алаша хан күмбезі – Ұлытаудағы сәулет өнері ескерткіші. Ол Қаракеңгір өзенінің жағасында, биік жотаның үстінде тұр. Ға-

лымдар күмбезді Қарахан әулетіне, оғыз-қыпшақ заманындағы (X–XIII ғасырлар) сәулет өнерінің қатарына қосады. Зерттеушілер жаңа болжамдар (XV–XVI ғасырларға тән деушілер де бар) жасаса да, күмбездің әбден мүжіліп, тозған түрі мен басқа ешбір ескерткішке ұқсамайтын көркемдеу тәсілі оны арғы замандарға сілтейді. Күмбездің шынайы қалпын онымен тұстас, сәулеттік үлгідегі ортақ жәдігерлермен салыстыру арқылы елестетуге болады. Бұл орайда ол Қарахан әулеті дәуірі сәулет үлгілерінің Салжұқ өнері аталатын түрлерімен байланыстырылады. Бұл үлгідегі ескерткіштер көбіне-көп Түркіменстанда кездеседі.

Алаша хан күмбезін, сондай-ақ Қазақстан жеріндегі Айша бибі, Жошы хан, Қожа Ахмет Ясауи кесенелерінің үлгісімен салыстыруға болады. Түрлі түсті және көлемі әртүрлі кірпіштерді қиюластыра қалау арқылы жасалып, бетінің масаты кілемнің түріне ұқсатып өрнектелуі өзінен кейінгі Талмас ата, Жұбан ана, Болған ана, Қайып ата мазарларына үлгі болған. 1894 жылы «Қырғыз даласының очерктерінде» орыс шығыстанушы ғалымы Е.И. Шмидт жазған шыны сияқты ақ сылақ пен көк сылақ, төрт құбыласы сай ғажап пропорция Айша бибі, Қожа Ахмет Ясауи кесенелерінде кездеседі.

(С. Орынбаев)



5-тапсырма. Ақпараттарды мәтін бойынша ретімен орналастыр.

Бұл үлгідегі ескерткіштер көбіне-көп Түркіменстанда кездеседі.	
Алаша хан күмбезін, сондай-ақ Қазақстан жеріндегі Айша бибі, Жошы хан, Қожа Ахмет Ясауи кесенелерінің үлгісімен салыстыруға болады.	
Алаша хан күмбезі – Ұлытаудағы сәулет өнері ескерткіші.	
Күмбездің шынайы қалпын онымен тұстас, сәулеттік үлгідегі ортақ жәдігерлермен салыстыру арқылы елестетуге болады.	



**6-тапсырма.** Суреттер бойынша мәтін құра. Мәтінге ат қой.



**7-тапсырма.** Оқылым мәтініндегі бірге, бөлек, дефис арқылы жазылатын сөздерді жаз.

Бірге жазылатын сөздер	Бөлек жазылатын сөздер	Дефис арқылы жазылатын сөздер



**8-тапсырма.** «Тарихшы ғалымдар» және «Географ ғалымдар» болып екі топқа бөлініңдер. Оқылым мәтіні бойынша зерттеу жұмысын жүргізіп, таныстырылым дайындаңдар. Таныстырылымда бірге және бөлек жазылатын сөздерді қолданыңдар.



**9-тапсырма.** «Медеу мұзайдыны», «Ұлттық саябақ», «Менің сүйікті қалам» тақырыптарының бірін таңдап алып, диалог құрыңдар. Бірге, бөлек, дефис арқылы жазылатын сөздерге мән беріңдер.



**10-тапсырма.** «Жәдігер» сөзіне 5 жолды өлең жаз.

1-жол: зат есім.

2-жол: екі сын есім.

3-жол: үш етістік.

4-жол: төрт сөзден құралған сөйлем.



5-жол: бірінші сөзге синоним.



**11-тапсырма. «Оймоншақ».** Сынып төрт топқа бөлініңдер. Әр топтағы оқушылар кезекпен бөлім тақырыптары бойынша бір сөйлемнен айтып, өз ойларын баяндап шығуы керек. Сөйлемдер бір-бірімен логикалық жағынан байланысып, біртұтас мәтін құрылуы керек. Қай топтың мәтіні дұрыс, сауатты құрылса, сол топ жеңімпаз атанады.



**12-тапсырма.** Фигуралардың ішінде орналасқан сөздер мен сөз тіркестерінен мәтін құрап жаз.



**13-тапсырма.** Энциклопедия, ғаламтор, баспасөз құралдарынан «Қазақстанның көрікті жерлері» тақырыбына мәліметтер тауып, диаграмма, сызба, кесте сыз.



**14-тапсырма. «Шығу парағын»** пайдаланып, сұрақтарға жауап бер.

1. «Қазақстандағы көрікті жерлер» бөлімі бойынша не білдің?
2. Сен үшін қандай мәліметтер маңызды болды?
3. Өзіңнің және сыныптастарыңның білімін бағала. (Өз жұмысыңа, сыныптастарыңның топ ішіндегі белсенділігіне көңілің тола ма?)
4. Осы бөлім бойынша тағы не білгің келеді?
5. Қосымша қандай ақпарат көздерін оқисың?



## 2-бөлім. ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

### 1–2-сабақ

#### ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – ЕЛ ҚАЗЫНАСЫ



1. Құндылық дегенді қалай түсінесің?
2. Ұлттық құндылықтар туралы не білесің?



**1-тапсырма.** Өз ойыңды төмендегі пікірмен салыстыр.

Кез келген заттың, құбылыстың, ұлттың және қоғамның ең басты сипаттарының жиынтығын құндылық деп атаймыз. Ол материалдық, рухани, отбасылық, ұлттық, жалпыадамзаттық т.б. құндылықтар болып бөлінеді. Біздің Отанымыз Қазақстанның ең басты құндылығы – ел тәуелсіздігі. Оны көздің қарашығындай сақтау – әрқайсысымыздың абзал борышымыз.



**2-тапсырма.** Мәтінді мұқият тыңда.



**3-тапсырма.** Атамекен, атажұрт туралы бір-біріңнен интервью алып, өзара пікірлесіңдер.

## Тілдік бағдар

### Екпін. Екпін түрлері

Сөз ішіндегі бір сөздің, бір буынның, бір дыбыстың көтеріңкі айтылуы **екпін** деп аталады. Қазақ тілінде екпін сөздің соңғы буынына түседі. Мысалы: *еңбек, табыс, жетістік*. Сөз ішіндегі екпін дауысты дыбысқа түседі.

СӨЗ ЕКПІНІ

ОЙ ЕКПІНІ

ЕКПІН  
ТҮРЛЕРІ

ТІРКЕС ЕКПІНІ

ДЫБЫС ЕКПІНІ

**Сөз екпіні** – екі немесе көп буынды сөздің бір буынының көтеріңкі айтылуы. Мысалы: *Көкшенің мұншалық сұлулығын бұрын байқамапты.*

**Ой екпіні** – сөйлем ішіндегі бір сөзді оқшаулап, даралап бөліп айту. Ой екпіні түсетін сөз көбінесе баяндауыштың алдында тұрады. Ой екпінін түсіру арқылы нақтылау, дәлелдей түсу мақсаты көзделеді. Мысалы: *Ақеркенің әкесі ертең Алматыдан келеді. Ертең Алматыдан Ақеркенің әкесі келеді. Ақеркенің әкесі Алматыдан ертең келеді.*

**Тіркес екпіні.** Бірнеше сөздің тізбектеліп келіп, бір ғана екпінге ие болуы тіркес екпіні деп аталады. Мысалы: *ар-ұждан, ұзын бойлы, үнсіз қалды, қоңыр ала, ауылға дейін, әке-шеше, салт-дәстүр* т.б.

Бір сөздің ішіндегі бір дыбысты көтеріп не созып айту **дыбыс екпіні** деп аталады. Дыбыс екпіні қуанышты көңіл күйді білдіргенде дауысты дыбысқа түседі: *тама-ша-а, жара-а-йсың* т.б. Ренжу, қынжылу сезімін білдіргенде дауыссыз дыбысқа түседі: *отыр-р-р, тоқт-тат, ж-жап есікті* т.б.



**4-тапсырма.** Сөйлемдерді екпін қойып оқы.

Мұралардың ең қымбаты – сөз (*Ф. Мұстафин*).

Біз соңғы асуға келіп тірелдік. Бұл асудың арғы жағында өзіңе талай айтқан Жетісу жері – жалпақ ел бар. Ол – сенің атамекенің! (*С. Жүнісов*) Қазақ халқының салт-дәстүрлері – ел қазынасы (*С. Кенжеахметұлы*). Тама-ша-а! Бұл бір ке-ре-мет хабар болды!



**5-тапсырма.** Туып-өскен жеріңді, ата-бабаларыңның мекенін көркейту үшін не істер едің? Жауабыңды өмірлік жағдаяттармен байланыстыр.



**6-тапсырма.** Мәтінді екпін қоя отырып оқы.

Менің Отаным – Қазақстан. Қазақстан – көпұлтты, тәуелсіз мемлекет. Оның жері кең-байтақ, табиғаты көркем. Еліміз Еуразияның орталығында орналасқан. Халқының саны 18 миллионнан асады. Қазақстанның ұлан-байтақ даласында мол байлық бар, ол – сирек кездесетін жануарлар мен өсімдіктер, пайдалы қазбалар.

Біздің еліміздің өз рәміздері бар. Олар: Ту, Елтаңба, Гимн.

Қазақстанның бас қаласы және елордасы – Астана. Астана Сарыарқа даласында, Есілдің жағасында орналасқан.

Еліміздің Тұңғыш Президенті – Н.Ә. Назарбаев. Біз өз Отанымызды сүйеміз, мақтан етеміз.



**7-тапсырма.** Мәтін мазмұнындағы сөйлемдердің дұрыс-бұрыстығын жаз.

Мәтіндегі ақпарат	дұрыс	бұрыс
Қазақстанның жері кең-байтақ, табиғаты көркем.		
Еліміз Еуразияның орталығында орналасқан.		
Қазақстан – көпұлтты, тәуелсіз мемлекет.		
Халқының саны 15 миллионнан асады.		
Елімізде сирек кездесетін жануарлар мен өсімдіктер көп.		



**8-тапсырма.** Мәтіндегі негізгі ақпаратты үш сөйлеммен түйіндеп, сызбаны толтыр.



**9-тапсырма.** Сөйлемдерді сөз екпіні, ой екпіні және дыбыс екпініне сәйкес айтып көр.

- 1) Біздің ата-баба қонысымыз, атамекеніміз – Қазақстан.
- 2) Туған жер – адам баласының кіндік қаны тамған, өмірге қадам басқан қасиетті мекені.
- 3) Барлық адам үшін одан артық өлке жоқ.
- 4) Ол – менің Отаным, кішкентай ғажап әлемім. Туған жерім – менің жерұйығым.
- 5) Мен үшін туған жерім ыстық.



**10-тапсырма.** Сыныптасыңа немесе досыңа Қазақстан халқы тілдері күніне арналған құттықтау хат жаз.



- Құттықтау хат мерейтойларда, марапатталғанда, маңызды мерекелерде, туған күнде және тағы басқа ерекше жағдайларда жазылып, жолданады.
- Құттықтау хаттар «құрметті», «қадірлі», «қымбатты» деген сөздермен басталады. Міндетті түрде құттықтау себебі көрсетіледі.
- Құттықтау хатында адамның жетістіктері айтылады. Ізгі тілектер жазылады. Соңында құттықтаушының аты-жөні көрсетіледі.



**11-тапсырма.** Өлеңді екпін түрлеріне сай оқы. Ақын Төлеген Айбергенов «Туған еліме» өлеңінде қандай құндылық жайлы ой қозғайды?

Естірген жас жанымның шабыт желін,  
Пейіліңнен айналайын даңқты елім.  
Сен менің мөпелеген ұстазымсың,  
Танытқан сырын өмір-әліппенің.

Сен менің алтын ұям, жыр-бесігім,  
Жанымда шоқ боп жанып тұр есімің.  
Сүтіңді ақтаймын деп келем өсіп,  
Ері боп бақытты өмір күресінің.

Бұрқанып бойда тасқын жас жігерім,  
Сен үшін қиындыққа бас тігемін.  
Сен айтқан құлағыма естіледі үн,  
Деп: «Әр күн гүл боп жайнап өс, түлегім!»

*(Т. Айбергенов)*



**12-тапсырма.** Бұқаралық ақпарат құралдарынан, ғаламтордан ұлттық құндылықтар туралы ақпарат жина. Жинаған ақпараттарыңа сәйкес сұрақтар құрастыр. Оларды пайдаланып, ойбөліс өткізіндер.

### **Ойбөліске қойылатын талаптар:**

- тақырыптан ауытқымау;
- берілген уақыттан асырмау;
- сөз әдебін сақтау;
- тіл сауаттылығына мән беру;
- фразеологиялық тіркестерді қолдану;

- өзіндік көзқарасыңды дәлелді жеткізу;
- ақпараттардың шынайылығын тексеру.



**13-тапсырма.** Бүгінгі сабақта алған әсеріңді, ойыңды кесте бойынша жаз.

Бүгінгі сабақ ұнады.	Сабақ ұнамады.	Сабақ қызықты болды!

### 3–4-сабақ

## АНА ТІЛІМ – АЙБЫНЫМ



1. Неліктен ана тілін ұлттық құндылық деп айтады?
2. Мемлекеттік тіл туралы не білесің?
3. Ұлттық тіл дегенді қалай түсінесің?



**1-тапсырма.** Мәтінді тыңда. Мәтін бойынша сұрақ құрастырып, жауаптарыңды дәлелде. Тақырыбын анықта.



**2-тапсырма.** Мына сөйлемдерді негізге ала отырып, тілдің құндылық екенін дәлелде.

1. Ұлттық тіл – халық тарихының куәгері, деректі көзі, ұлттық руханияттың ажырамас бір бөлігі.
2. Тіл – адамзат баласының өткен өмір жолын, бүгінгі дамуының жарқын бейнесін әлемнің шексіздігімен сабақтастықта көрсететін ғажайып құбылыс.



**3-тапсырма.** Мәтінді оқы.

### Ана тілі

Ана тілі – атаңның, анаңның тілі, туған халқыңның тілі. Ана тілін біз кішкентай кезімізден әке-шешемізге, әжеміз бен атамызға, айналадағы ересектерге еліктеп жүріп біле бастаймыз. Ананың ақ сүтіндей бойымызға біртіндеп сіңіреміз. Өзіміз өскен сайын халықтан, мектептен, кітаптан, газет-журналдардан, радио-теледидардан

дар мен кино, театрдан үйреніп, ана тілін тереңірек біле береміз. Ол – біздің өмір бойы өзгелермен ұғынысатын негізгі қатынас құралымыз.

Әр халықтың басынан кешкен тарихы, ерлік істері, аңыз-ертегілері, шығарған өлең-жырлары, жазған кітаптары, табиғат пен қоғам құбылыстары атаулары, көрген-білген жалпы дүние жайындағы ұғымдары, ойы, сезімі – бәрі де ана тілінде сақталады. Ана тілі арқылы атадан балаға ауысып отырады.

Тіл – бүкіл халықтың игілігі, халықпен бірге жасап, бірге дамиды. Ана тілін жетік білу үшін жас кезіңнен халық ауыз әдебиетін – ертегілерді, аңыздарды, өлең-жыр, дастандарды, мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаштарды естіп, тыңдап, көп оқуың керек, халықтың өзінен, ұлы ақын-жазушыларымыздың шығармаларынан үйренуің керек.

(«Ол кім? Бұл не?» кітабынан)



**4-тапсырма.** Бірінші бағандағы сөйлемдерді екінші бағандағы сөздермен сөйкестендіріп жаз. Оқылым мәтіні бойынша ретімен орналастыр.

Ананың ақ сүтіндей бойымызға ... сіңіреміз.	халқыңның
Тіл – бүкіл халықтың игілігі, ... бірге жасап, бірге дамиды.	балаға
Ана тілі – атаңның, анаңның тілі, туған ... тілі.	біртіндеп
Ол – біздің өмір бойы өзгелермен ұғынысатын негізгі ... құралымыз.	қатынас
Ана тілі арқылы атадан ... ауысып отырады.	халықпен



**5-тапсырма.** Өлеңді қара сөзге айналдырып жаз. Екпін түрлерін анықта. Дыбыс екпіні бар сөздердің астын сыз.

### Ана тілі

Ана тілі, ана сүтім, арым менің.  
Сәулетім, сая бағым, сәнім менің.  
Аспаным өзіңменен арайланып,  
Нұрланып атар ылғи таңым менің.

Өзге елмен сен арқылы теңесемін,  
Кемеңгер, даналармен кеңесемін.  
Ән айтып, өз тілімде сөз сөйлесем,  
Шабыттың айдарынан жел еседі.

Жас ұрпақ, тоқта, ойлан, жетер енді,  
Еңсеңді ез ой басқан көтер енді.  
Тіліңнің тұмшаланған бұйдасын шеш,  
Дәстүрін ұстап мықты өсер елдің!

(Ө. Айтбаев)



**6-тапсырма.** «Тіл – ұлттық құндылық» тақырыбында ойынды жинақтап, монолог құрастырып айтып бер.



**7-тапсырма.** Берілген өлең жолдарындағы орфографиялық және пунктуациялық қателерді сөздіктерге, емле ережелеріне сүйеніп түзет. Парталасыңмен салыстыр.

Көгінде күн нұрын төкен?!  
Жерінде гүл жұбар себкен  
Неткен сұлу – неткен көргем,  
Осы менім туған өлкем  
Ер ембегі шалқып-тасқан,  
Ел еркіндей бағыт табқан  
Неткен сулу, неткен көргем,  
Осы менім туған өлкем.

(Ө. Тұрманжанов)



**8-тапсырма.** Мәтінде айтылған ойларды топта талдаңдар.

Тіл – адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауының ең басты құралы. Сондықтан оны ұқыпты қолданып, ұқсата пайдалану аса қажет-ақ. Алайда бұл талаптан шыға бермейтін, сөз мәдениетіне салақ қарайтын адамдар аз емес. Мысалы, кейбір балалар сабақта немесе жиналыста сөйлеген кезінде «сөйтіп», «нетіп», «сондықтан», «жаңағы», «ендеше», «демек» сияқты сөздерді айтар ойға ешбір қатысы болмаса да, төпеп орынсыз қолдана береді. Тілге ұқыпты қарайтын адам мұндай «ешқандай қызмет атқармайтын» қыстырма сөздерді қолданбайды, таза сөйлейді. Ойын айқын, дәл жеткізеді.

(«Ұлан» газетінен)



**9-тапсырма.** Төмендегі сөйлемдерді қолданып, «Ұлттық құндылықтар» тақырыбына мәтін құра.

1. Отанға қызмет ету – біздің парызымыз.
2. Елін, жерін сүйетін адамды патриот деп атайды.
3. Ана тілін ардақтайық!
4. Туған тарих – өткеннің белгісі.
5. Салт-дәстүр – ұлттық құндылықтардың бірі.



**10-тапсырма.** Кестедегі мәліметтер бойынша тіл білімінің атасы Ахмет Байтұрсынұлының өмірбаянын құрастырып жаз. Энциклопедия, ғаламторды пайдалан.

1872 жылы 5 қыркүйек	1913– 1918 ж.	1937 ж.	1909 ж.	1926 ж.
-------------------------	------------------	---------	---------	---------



**Өмірбаян** – жеке адамның өмір дерегі қысқаша көрсетілген ресми құжат.



**11-тапсырма.** Сабақта алған әсеріңді, ойыңды төмендегі кестеге сәйкес жаз.

«✓»	«-»	«+»	«?»
Білемін.	Білмеймін.	Мен үшін жаңа ақпарат.	Мені таңғал- дырды.

## 5–6-сабақ

### ЕЛ ТАРИХЫ – ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ



1. Қазақ елінің тарихы туралы не білесің?
2. «Туған тарихты білу – әркімнің парызы» дегенді қалай түсінесің?



**1-тапсырма.** Мәтінді мұқият тыңда.



**2-тапсырма.** Тірек сөздерді қолданып, тыңдалым мәтініне жоспар құр.

Тәуелсіздік, ел егемендігі, бостандық, халық, қоғам.





**3-тапсырма.** Суреттерді салыстыр. Олардың қайда орналасқанын тап. Өр суретке сипаттама бер.



**4-тапсырма.** Тілдік бағдар айдарындағы ережелердің өзіне тән ерекшелігін, қызметін, маңызын талда.



**5-тапсырма.** Мына кестедегі сөздерді қолданып, сөйлем құрап жаз.

ғажа-а-ап	
кірі-і-ңіздер	
о-ой-пыр-ай	
ә-ә-демі	
с-сұмдық	
кет-т	
тоқта-т-т	
былай тұр-р	



**6-тапсырма.** Мәтінді көңіл бөліп оқы. Өрбір абзацтағы негізгі ақпараттарды белгілеп, маңыздылығына қарай бөліп жаз.

Қандай халық болсын, оның жер жағдайы мен тұрмыс-тіршілігі сол халықтың болмысына, мінез-құлық жаратылысына өз таңбасын салып, санасына сіңетіні белгілі. Алла тағала қазақ халқын бірін-бірі сағынысып жүрсін, бірінің қадіріне бірі жетсін деп әдейі ұлан-байтақ жер беріп, сол керіліп жатқан кең жерге ала бұлттан тамған тамшыдай қазақтарды сирек шашып жіберген секілді. Бәлкім, содан да болар, ата-бабаларымыз кісі көрсе, қуаныпты. Танысын-танымасын, ұшырасқан адамға сәлем беріп, жөн сұрасып, әп-сәтте кедергісіз шүйіркелесіп, ұршықтай үйіріліп кетеді екен ...

Қазақ халқы – өзінің қат-қабат тарихында небір нәубетті асулардан асып, басынан талай зобалаңды кешірген, мұңы қордаланған шерлі халық. Сонда да өзіне тән ұлттық қалпын шамасы жеткенше сақтап келеді. Соның бірі – адамға үйірсектігі.

(Б. Момышұлы)



**7-тапсырма.** Үлгіге сөйкес оқылым мәтіні бойынша өз пікіріңді дәлелдеп айт.

1. **Менің пікірім** – бір сөйлем.
2. **Дәлел** – екі сөйлем.
3. **Пікіріңді дәлелдейтін мысал** – екі-үш сөйлем.
4. **Өз пікіріңе қарсы ой топшылау** – бір сөйлем.
5. **Қарсы пікіріңді ақтап алатын пікір** – екі-үш сөйлем.
6. **Қорытынды сөз** – екі сөйлем.



**8-тапсырма.** Оқылым мәтініндегі ақпараттардың реттік санын мазмұнына сөйкес дұрыс жаз.

Бәлкім, содан да болар, ата-бабаларымыз кісі көрсе, қуанышты.	2
Қандай халық болсын, оның жер жағдайы мен тұрмыс-тіршілігі сол халықтың болмысына, мінез-құлық жаратылысына өз таңбасын салып, санасына сіңетіні белгілі.	3
Сонда да өзіне тән ұлттық қалпын шамасы жеткенше сақтап келеді.	1



**9-тапсырма.** Төменде берілген сөйлемдерді пайдаланып, Тәуелсіздік күніне арналған құттықтау жаз. Екпіннің түрлерін қолдан.

- 1) Егемен еліміздің тәуелсіздік күні құтты болсын!
- 2) Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнімен құттықтаймын. Еліміздің бірлігі нығая берсін! Ұрпақтарымыз бақытқа бөленіп, шаттықта өмір сүрсін!
- 3) Тәуелсіздік – ата-бабаларымыз аңсаған ұлы күн. Әр ұлт үшін, әр халық үшін тәуелсіздіктен асқан бақыт жоқ.



**10-тапсырма.** Төмендегі сөздер мен сөз тіркестерін қолданып, мәтін құрап жаз. Сөйлемдерде тіркес екпін және дыбыс екпін болуын ескер. Олардың астын сыз.

Ата-баба тарихы, біздің ел, тәуелсіздік, халық арманы, құндылық, тарихтың әр парағы, менің ойымша, бостандық, аманат, шежіре.



**11-тапсырма.** Кесте бойынша өз ойыңды қорытындылап жаз.

«✓»	«-»	«+»	«?»
Білемін.	Білмеймін.	Мен үшін жаңа ақпарат.	Мені таңғалдырды.

## 7–8-сабақ

### ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР



Суреттер бойынша тақырыпты болжа.



**1-тапсырма.** Мәтінді мұқият тыңдап, тақырыбын анықта.



Отбасында адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай көрініп, қалыптасады. Отанға деген ыстық сезім жақындарыңа, туған-туысқандарыңа деген сүйіспеншіліктен басталады.

(Н. Ә. Назарбаев)



**2-тапсырма.** «Кім жылдам?» ойыны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Балдан төтті? (...)
2. Қара шаңырақ иесі кім? (...)
3. Балаға кім сыншы? (...)
4. Әкеден балаға берілетін зат. (...)
5. Үйдегі алтын адам кім? (...)
6. Адам бойындағы ең асыл қасиет. (...)



**3-тапсырма.** Екпін түрлерін қолдана отырып, мәтінді оқы. Негізгі және қосымша ақпаратты анықта. Бірінші сөйлемді ой екпіні ережесіне сай бір-неше рет оқып, жұбыңмен талда.

### Дастарқан

Қазақ халқы асты өте жоғары бағалаған әрі қастерлей білген. Ел-жұрт жадында мәңгі жатталып қалған «ас – адамның арқауы» деген қағида осындай терең ұғымның қалтқысыз түсінігі болып қалыптасқан. Халқымыз адам өмірінде тамақтың орнын тіршілікке қажетті құндылықтардың бәрінен де жоғары қойған. Бұған «астан үлкен емессің» немесе «арпа, бидай ас екен, алтын, күміс тас екен» деген ескертпелер мен мақал-мәтелдер де куә бола алады. Қалай айтылса да, қай заманда айтса да, халық асты құрметтеу мен бағалаудың жолын да, жөн-жосығын да, оны дәмді етіп әзірлеудің де көзін, кезін, ретін таба білген. Ел мен елді татуластыру да, жақсылар мен жайсаңдарды құрметтеу де, өздерінің мырзалық, мәрттік, үлгілі, өнегелі қасиеттері мен артықшылықтарын білдіру де, ел дәулеті мен қарым-қабілетін, түсінігін танытуды да қазақ кең дастарқан арқылы, яғни ас, қонақасы арқылы көрсеткен. Осы жолда тұшымды сөз айтып, дәмді тағам берумен бірге оның таза, бүтін ыдыстарына дейін ерекше назарда болған. Сырттан келген кісілер де елді осы қонақасы берудің жолы мен жөні арқылы сынап, бағасын берген. Демек, ұлт мәдениетінде тамақ, дәм татыру – экономикалық, дипломатиялық және тәлім-тәрбиелік қызмет атқарған. Қазақ қонақасы беруде қонақ таңдауды, басқа ұлт, дін өкілдері деп бөлуді білмеген, төрге шығарып, ашық қабақ танытқан, достық көңілін көрсеткен. Шаршағандарына, мұқтаждарына ат, ас, көлік сыйлай да білген.

(«Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары» кітабынан)



**4-тапсырма.** Мәтін мазмұны бойынша өз ойыңмен бөліс.

+	Менің білгеніме сәйкес келеді.
-	Менің білгеніме қайшы келеді.
?	Түсініксіз, қосымша мәлімет алғым келеді.



**5-тапсырма.** Мәтіндегі ең қажетті ақпараттарды анықта. Сұрақтарға жауап бер.

- Халқымыз үшін дастарқанның маңызы қандай?
- «Ас – адамның арқауы» дегенді қалай түсінесің?
- Дефис арқылы жазылатын сөздер мәтінде қандай маңызға ие?



**6-тапсырма.** Жоғарыдағы мәтіндегі ақпараттарды өз пікіріңмен дәлелде.

**Бірінші сөйлем.** «Менің ойымша, ...»

**Екінші сөйлем.** «Себебі, мен оны ... түсіндіремін».

**Үшінші сөйлем.** «Оны мен ... деген деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын».

**Соңғы сөйлем.** «Осыған байланысты мен ... деген қорытынды шешімге келдім».



**7-тапсырма.** Берілген сөздерден мақал-мәтел құрастырып жазындар.

1. Ұя, ұшу.
2. Әке, ұл, ана, қыз, өсу.
3. Әке, тау, ана, бұлақ, бала, құрақ.



**8-тапсырма.** Төмендегі шағын мәтінге сүйене отырып, оқылым мәтінін құра. Сөйлемдерің ауызекі және көркем сөйлеудің стильдік ерекшеліктеріне сай болсын.

Отбасы – тек ошақ қасы ғана емес, ол ең алдымен, Отанның ошағы. Отан, отбасы деген сөздердің түбірі «от» деген киелі ұғымнан бастау алған. От бар жерде өмір бар. Өмір болған соң, отбасы құрылады. Мың, миллиондаған отбасы Отан деген ұғымды құрайды. Отаның болу үшін жерің, үйің, елің, мемлекетің, дінің, тілің болуы шарт. Мемлекет отбасынан құрылса, отбасы туыс адамдардан құрылады.

*(Балалар энциклопедиясынан)*



**9-тапсырма.** Мәтіндегі өзін таңдаған сөйлемді екпін түрлеріне сәйкес оқып бер.

Балаға жаратылыс сұлулығынан ләззат алғызу. Жаратылыста неше түрлі сұлулықтың бәрі бар. Бала бұлақтың былдырын, судың сылдырын, жапырақтың сыбдырын, орманның күңіренгенін, теңіздің гүрілдегенін естісін. Жымындаған жұлдыздар себілген көк шатыр көкті, түрлі түсті кемпірқосағын, буыны жоқ бұрандаған қайыңды көрсін. Жаратылыс сұлу. Бала сол сұлу жаратылыстың құшағында болсын. Балада сұлулық сезімдері еріксіз оянады. Тәрбиеші жаратылыстағы түрлі сұлулықтарға баланың іскерлігін аударып білу керек.

Баланың маңайындағы нәрсенің бәрі жинақы, ретті, таза болсын. Таза деген сөзді қымбат деп ұғу қате. Тегінде қымбаттың бәрі сұлу деп ұғу қате ғой.

Баланың маңайындағы нәрсе қымбат болмасын, таза, ретті, тәртіпті болсын. Үйдің іші, киім-кешек, ыдыс-аяқ – бәрі таза болуға тиіс.

*(М. Жұмабаев)*



**10-тапсырма.** Кестені сөйлет. Ережелерді айт. Үзілістегі оқиға бойынша ережеге сай мысал келтір.



**11-тапсырма.** Өз отбасында сақталып келе жатқан дәстүрлерді екпіннің түрлерін қолдана отырып баянда. Солардың ішінен өзіңе қандай отбасылық дәстүрлер ұнайтынын айт.



**12-тапсырма.** «Менің отбасымның мүшелері» тақырыбында ата-анаңа немесе іні-қарындасыңа құттықтау сөз жаз.



**13-тапсырма.** Сабақта алған әсеріңді, ойыңды «Төрт сөйлем» тәсілі арқылы жаз.

**Пікір.** Оқыған мәтін бойынша өз пікіріңді бір сөйлеммен жаз.

**Дәлел.** Өз пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.

**Мысал.** Пікіріңді өмірмен байланыстырып, бір мысал келтір.

**Қорытынды.** Тақырып бойынша қорытынды жаз.

## 9–10-сабақ

### ОТАН ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ



1. Отан туралы қандай өлең, мақал-мәтел білесің?
2. «Отан» сөзін қалай түсінесің?
3. Бұл ұғымды қандай сөзбен алмастыруға болады?



**1-тапсырма.** Мәтінді тыңда.



**2-тапсырма.** Мәтіннің мазмұнына сәйкес келетін жетекші сұрақты тауып, негізгі ойды анықта.

Мәтінде не туралы айтылады?

- қазақтың ұлан-байтақ кең даласы туралы;
- балалық шақ туралы;
- әркімнің өз Отаны болатыны туралы.



**3-тапсырма.** Мәтінді оқы. Мазмұнын түсіндіріп айт.

#### Отан сүйер ұлан бол!

Мен немере сүйіп отырған адаммын. Балаларды өте жақсы көремін. Сол балалардың, бүлдіршін-балдырғандардың бақытты болашағы үшін сұрапыл соғыста ер азабын мейлінше көрген адаммын.

Мен де адаммын жаралған сүйек, еттен,  
Арым бар, намысым бар жан тербеткен.  
Қазақтың қарапайым бір ұлымын,  
Жанымды арым үшін құрбан еткен.

Балаларыма, немере, шөберелеріме айтар жалғыз тілегім: Елді сүйер ұлан болыңдар! Өз халқыңа лайықты азамат болып өсіңдер!

(Б. Момышұлы)



**4-тапсырма.** Мәтіндегі өлең мазмұнының мағынасын түсіндір.

Өлең жолдары	Білдіретін мағынасы
адаммын жаралған сүйек, еттен	
арым бар, намысым бар	

бір ұлымын	
құрбан еткен	



**5-тапсырма.** Суретке қарап мәтін құра. Негізгі және қосымша ақпарат арқылы көтерілген мәселені нақтылау сұрақтарын дайында.



**6-тапсырма.** Мәтінді оқып, өз ойыңды дәйектеп айт.

### **Ынтымақты отбасы** (Өсиет әңгіме)

Өткен замандарда бір үлкен отбасы өмір сүріпті. Отбасындағы адамдар саны өте көп екен, олар бір қауым ел болып бірге тұрыпты. Бұл отбасының өзара татулықта өмір сүруі елді таңғалдырады. Оларда ұрыс-керіс, дау-жанжал деген атымен болмайды екен. Бірде бұл отбасы жайлы патшаның құлағына да жетеді. Патша естігенін анықтау үшін, сол ауылға келеді.

Ауыл тап-таза, барлығы да жеткілікті, тыныштық пен береке қонған. Патшаның көңілі толып, ерекше бір шаттыққа бөленеді. Сыйластығы жарасқан ынтымақты отбасында қариялардың орны төрде, уайым-қайғысыз, балалары бақытты, мөз-мейрам екен. Бұған патша таң-тамаша болады. Отбасының қалайша бақытты, тату-тәтті өмір сүруінің мәнісін білгісі келеді.

Ауыл ақсақалына келіп, отбасындағы татулық пен бірлікке қалай жеткендерін айтуын өтінеді. Қарт үнсіз ғана жүз рет «сүйіспен-



шілік», жүз рет «кешірім», жүз рет «бірлік» деп қағазға мұқият жазып шығады.

Үш сөзді оқыған патша таңғалып:

– Бәрі осы ғана ма?– деп сұрайды.

– Иә. Барлық ынтымақты отбасылар тек осы қасиеттерден құралады, – деді де, сәл ойланып «шыдамдылық» деген сөзді қосып қойды.



**7-тапсырма.** Сөйлемді екпін түрлеріне сай оқы. Жұбыңмен талқыла.

Әке – отбасының басшысы, оның мүшелерінің тірегі, асырап сақтаушысы, қамқоршысы.



**8-тапсырма.** Өз отбасындағы аға, әпке немесе өзіңнен кіші бауырыңа мінездеме жаз. Ол үшін оның бойындағы ең жақсы қасиеттерді тізіп шық. Содан кейін оның жетістіктерін қос.



**9-тапсырма.** Өзіңнің мектеп өміріндегі жетістіктерің немесе кейбір кемшіліктерің жайлы отбасы мүшелерімен бірге талқылауға дағдыланғансың ба? Білім, тәлім-тәрбие туралы мақал-мәтелдерді қолданып, топтық жұмыста ата-әже, ата-ана, аға-бауыр болып рөлдік ойынмен осы мәселені талқылаңдар.



**10-тапсырма.** Кестені пайдалана отырып, «Шығу парағын» толтыр.

Қызықты болды.	Бәрін түсіндім.	Қиын болды.

## 3-БӨЛІМ. ӘЛЕМНІҢ ЖЕТІ КЕРЕМЕТІ

### 1–2-сабақ

#### ӘЛЕМДІК МӘДЕНИ МҰРАЛАР



«Әлемнің жеті кереметі» туралы не білесің?



**1-тапсырма.** Мәтінді мұқият тыңда. Мәтіннің тақырыбын анықта.



**2-тапсырма.** Тыңдалым мәтіндегі жеті санына байланысты қосымша мәлімет жинап, өз бетіңше болжам жаса.



**3-тапсырма.** Өлеңде айтылған ойға сәйкес өз жеті атаңды кестеге жаз.

Жеті ұрпақты білмейміз,  
 Өлі күнге көбіміз.  
 Және бізге беймәлім  
 Біздің ататегіміз.  
 Ең алдымен сөз етем,  
 Бірінші ата – өз әкем.  
 Екіншісі – атамыз,  
 Үшіншісі – арғы ата,  
 Төртіншісі – бабамыз,  
 Бесіншісі – түп ата.  
 Қалай тыныш жатамыз,  
 Маған да, ата, бата бер!  
 Алтыншысы – тек ата,  
 Жетіншісі – ұлы ата.

Жеті ұрпақты сөз етсек,  
 Қателікті түзетсек,  
 Бірінші ұрпақ – ол бала,  
 Ұрпағыңды қорлама!  
 Екіншісі – немере,  
 Үшіншісі – шөбере,  
 Төртіншісі – шөпшегің,  
 Бесіншісі – немене.  
 Алтыншысы – жүрежат,  
 Жетіншісі – туажат.  
 Тұқым солай өседі,  
 Бірін-бірі қуалап.  
 Жеті атаның тілін ал,  
 Жеті ұрпақты біліп ал!

(Ө. Ақыпбекұлы)

Өз әкең –	Түп атаң –
Атаң –	Тек атаң –
Арғы атаң –	Ұлы атаң –
Бабаң –	



**4-тапсырма.** Мәтінді екпінді дұрыс қойып оқы. Негізгі ақпаратты анықта.

### Әлемнің жеті кереметі

Адамзат тарихында сәулет және мүсін өнері шеберлерінің қолымен жасалған асыл мұралар – әлем кереметтерінің саны жетеу.

Біздің заманымыздан бұрынғы VI ғасырда Вавилонда сәулет өнері жаңа дәрежеге көтеріледі. Вавилонның көшелері таңның атысы, күннің батысы жан-жақтан келген саяхатшыларға толады. Саяхатшылар әңгімесінің басты тақырыбы – патша сарайындағы таңғажайып тамаша аспалы бақ болған. Оны Вавилон патшасы Навуходоносор сүйікті әйелі Семирамидаға арнап салған деседі. Патша әмірімен отырғызылған бұл әсем бақ өз заманында талайдың таңдайын қақтырып, «Әлемдегі жеті кереметтің» бірі аталды.

Біздің дәуірімізге жеткен жеті кереметтің бірі – Мысыр (Египет) пирамидалары. Хеопс пирамидасын нағыз керемет десек қателеспейміз. Оның биіктігі – 147 метр. Әр қырының ұзындығы – 235 метр, пирамиданың алып жатқан алаңы – 55 мың шаршы метр. Көне тарихтың мызғымас куәсі болған пирамидалар уақыт сынынан өтіп, өлі де талай ұрпақтың тамашалап қарайтын сәулет ескерткіші ретінде қала береді.

Көне грек мүсіншісі Фидий биіктігі 17 м, көз тартатын Зевс мүсінін піл сүйегін алтынмен қиыстырып жасаған. Алтын тақта еркін отырған Зевстің қабағы қатулы, жүзі ызғарлы. Бірақ үңіліп қараған адамға көз жанарынан адамдарға деген мейірбандық ұшқындағандай ... Кейінірек Зевс мүсінін Грекиядан Константинопольге (қазіргі Стамбұлға) көшірген. Мүсін сонда өртеніп кеткен.

Артемида ғибадатханасы – Ежелгі Грекия сәулет өнеріндегі шоқтығы биік үлгілердің бірі. Оның атағы ел ішіне кең тарап, аңызға айнала бастайды. Грекияды осы ғибадатханаға ұқсас құрылыстар бой көтереді. Алайда Артемида ғибадатханасының ғұмыры ұзаққа бармаған. Қараңғы түндердің бірінде белгісіз біреу сәулетті сарайдың төрт бұрышынан от қояды.

Эгей теңізінің Родос аралында IV ғасырларда жүзге тарта ірі ескерткіштер салынады. Солардың ішінде ең көрнектісі – Родос алыбы. Родос тұрғындары күн құдайы Гелиосқа ерекше табынғандықтан, оның бейнесін күміс ақшалардың бетіне салып, дәріп-

теген. Қоладан құйылған алып мүсіннің биіктігі 35 метр болған. Алайда аралда болған қатты жер сілкінісінен кейін ескерткіштің күл-талқаны шыққан.

Әлемнің жеті кереметінің бірі – Галикарнас кесенесі. Оны грек еліне белгілі әйгілі қолөнерші, мүсіншілер тұрғызған. Кесене екі қабатты, бірақ айтарлықтай биік болған. Биіктігі 40–45 метрлік кесене көптеген мүсіндермен көркемделген.

Көне дәуірде Александрия маягынан (бағдаршырақ) ірі құрылыс ешбір жерде, ешбір елде бой көтермеген болатын. Тұтас мәрмәр тастан қашалған, қалыптан шыққандай қаланған маяқтың биіктігі 150 метр болған. Ол өлім мен өмір, от пен оқ арасында жанын шүберекке түйген теңізшілерге үміт шырағындай еді. Тастай қараңғы түндерде шексіз-шетсіз теңіз үстіндегілерге талай-талай жол сілттеп, бағыт берген.

(Б. Мекішов. «Әлемнің жеті кереметі»)

- Неліктен бұл мұралар «Әлемнің жеті кереметіне» жатады?
- Жеті саны киелі ұғым екенін қалай дәлелдеуге болады?
- Мүсіндердің атауында қандай сыр бар?
- Мысыр пирамидаларына ұқсас нысандар біздің елімізде бар ма?



**5-тапсырма.** Мәтін мазмұны бойынша өз ойыңмен бөліс.

+	Менің білгеніме сәйкес келеді.
–	Менің білгеніме қайшы келеді.
?	Түсініксіз, қосымша мәлімет алғым келеді.

## Тілдік бағдар

Екі, кейде үш сөзден құралған кісі аттары түбірі сақталып, бірге жазылады. Мысалы: *Досжан, Әбдіманап, Мергенбай, Қартбай.*

Ұлы, қызы сөздері фамилияны және әкесінің атын білдіретін сөздермен тіркескенде, жалқы есімге қосылып жазылады. Мысалы: *Бауыржан Момышұлы, Мұхтар Омарханұлы Әуезов, Сара Сәтбайқызы Есова.*

<p>а) Екі түбірден құралған бірқатар кісі аттары түбір тұлғалары өзгеріп, бірге жазылады. Мысалы: <i>Дәметкен, Торайғыр, Ұлбосын, Қожахмет.</i></p>	<p>ә) Екінші сыңары қ, к дыбыстарынан басталатын кейбір кісі аттары екі түбірдің үндесу ыңғайына қарай да жазылады. Алдыңғы түбір қатаң дыбысқа аяқталса, келесі сөз де қатаң қ, к әріптерімен жазылады. Мысалы: <i>Күсенқали, Қоскелді, Айткелді, Айтқожа, Сейітқұл, Аққыз</i>; алдыңғы түбір дауысты дыбыстар мен ұяң, үнді дыбыстарға аяқталғанда, келесі түбірдің басқы дыбыстары ұяңданып, <i>ғ, г</i> болып айтылса, <i>ғ, г</i> әріптері жазылады. Мысалы: <i>Амангелді, Нұргелді, Төрегелді, Нұрғиса, Нұрғожа, Есенғұл, Қарагөз, Ботагөз, Айғыз</i>. Ал қатаң түрде айтылса, <i>қ, к</i> әріптері жазылады. Мысалы: <i>Әбілқайыр, Әбдіқадыр, Әбілқасым, Қаламқас, Бибікамал.</i></p>
<p><b>Ескерту:</b></p>	
<p>б) Аттар жерлерді бір-бірінен ажырату үшін алдында қолданылатын анықтауыш есімдер бас әріптен басталып, бөлек жазылады. Мысалы: <i>Кіші Азия, Орта Азия, Үлкен Қараой, Кіші Қараой.</i></p>	<p>в) Қазақтың төл сөздері мен араб, парсы тілдерінен енген сөздерден жасалған кісі аттары қатарынан екі дауыссыз дыбыстан басталмайды, олардың не алдынан, не ортасынан <i>ы, і</i> әріптерінің бірі жазылады. Мысалы: <i>Ысқақ (Сқақ емес), Ысқақбай (Сқақбай емес), Сымахан (Смахан емес), Сыматай (Сматай емес), Ырза (Рза емес), Ырзабай (Рзабай емес), Ырысалды (Рсалды емес).</i></p>



**6-тапсырма.** Оқылым мәтінінен бірге, бөлек, дефис арқылы жазылатын сөздерді теріп жаз. Қойылу себебін түсіндір.



**7-тапсырма.** Сөздерді мәтін бойынша сәйкестендір.

1	Галикарнас	а. Мысыр
2	Зевс	ә. Кесене
3	Күн құдайы	б. Гелиос
4	Хеопс	в. Мүсін



**8-тапсырма.** Суреттердегі жеті кереметті салыну кезеңдерін ғаламтор мен энциклопедиядан тауып, сызбаға түсіріп жаз.



1.
2.
3.
4.
5.
6.
7.



**9-тапсырма.** Әлемнің жеті кереметінің біріне саяхат жаса. Шағын мәтін жаз. Мәтіндегі емле заңдылығы туралы парталасыңмен пікірлес.



**10-тапсырма.** Әлемнің жеті кереметінің үлгісін жасасаң, сен оны еліміздің қай мекеніне орналастырар едің? Жауабыңды төрт сөйлем арқылы жаз.



**11-тапсырма.** Сабақта алған әсеріңді, ойыңды төмендегі кестеге сәйкес жаз.

«✓»	«-»	«+»	«?»
Білемін.	Білмеймін.	Мен үшін жаңа ақпарат.	Мені таңғалдырды.

## 3–4-сабақ

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҒАЖАЙЫП МҰРАЛАРЫ



1. Қазақстанның ғажайып мұралары туралы не білесің?
2. Оларды кереметтер қатарына қосуға бола ма?



**1-тапсырма.** Мәтінді мұқият тыңдап, тақырыбын анықта.



**2-тапсырма.** Тыңдалған мәтін бойынша жалпы және нақты сұрақтарға жауап бер.


1. «Таңбалы тас» не себепті ғажайып мұралардың бірі болып саналады?
2. Ол туралы тағы не білесің?



**3-тапсырма.** Мәтінді оқып, түсіндіріп айт. Бөлек, дефис арқылы жазылған сөздерге мән бер.

## Алтын киімді адам

Тәуелсіз Қазақстан туралы айтқанда, басты ұлттық символдардың бірі – «Алтын киімді адамды» еске алмау мүмкін емес. «Алтын киімді адам» Есік обасының сақ қорғанынан табылған. Қорғанның қабірі қарағайдан салынған. Еденіне бір-бірімен қиюластырылып тақтай төселген. Тақтай еденге әр жеріне ұсақ алтын түймеше, қаптырмалар тігілген үлкен мата жайылған. Мата төсеніштің үстіне киімі басынан аяғына дейін алтын қаптырмалармен апталған сақ көсемі жатқызылған. Оған мерекелік, салтанатты киім кигізілген. Басына күн құдайының белгісіндей қанатты аттар бейнеленген, әшекеймен безендірілген биік үшкір бөрік кигізілген. Көсемнің қаруы ұзын қылыш пен қысқа қанжардан тұрады. Жанына алтынмен апталған қола тегенелер, ағаш табақтар, сабы жалпақ таспамен оралған қамшы, шағын жібек қоржын қойылған. «Алтын киімді адам» – сақ мәдениетінің бірегей үлгісі.



(К. А. Ақышев, Ә. К. Ақышев.  
«Қазақстандағы археологиялық зерттеу» кітабынан)



**4-тапсырма.** Мәтін мазмұнына қатысты жауапты тауып, ақпараттың дұрыс/ бұрыстығын жаз.

Мәтіндегі ақпарат	дұрыс	бұрыс
«Алтын киімді адам» Оңтүстік Қазақстаннан табылған.		
Қорғанның қабірі бөренелерден салынған.		
Алтын киімді адамның киімі күміс өшекейлермен безендірілген.		
Басына Күн құдайының символындай қанатты аттар бейнеленген, өшекеймен безендірілген биік үшкір бөрік кигізілген.		
Көсемнің қаруы ұзын қылыш пен қысқа қанжардан тұрған.		
Жанына қылыш пен қанжар қойылған.		



**5-тапсырма.** Жұмбақтың шешуін тап.

Әйгілі барша әлемге,  
Жалғыз-ақ ол бұл әлемде.  
Киімі түгел алтыннан,  
Біздің елден табылған.



**6-тапсырма.** Мәтінді оқы. Бірге және дефис арқылы жазылатын сөздерді теріп, дәптеріңе жаз.

Домбыра – қазақ халқының ұлттық аспабы. Ата-бабадан мұра болған қара домбыра – көшпелі елдің көнекөз шежіресі, аса құнды қолөнер туындысы. Халқымыз өмір, оқиға, күрес, сезім иірімдерін домбыра үніне қосып, күмбірлете күй төгіп, әсем ән айтып, жадырата жыр жырлаған.





Киіз үй – ата-бабаларымыздың негізгі баспанасы. Көшпелі халықтың барлық жағынан ыңғайлы баспана үлгісін жасап шығаруы – асқан шеберліктің көрінісі. Қазақ халқының барша қолөнері киіз үй құрылысынан көрініс тапқан. Текеметтегі оюлар, басқұрлардағы өрнектер, жиһаз бетіне салынған айшықты бедерлердегі Күн мен аспан денелері, өсімдіктер дүниесі мен жануарлар әлемі қазақтың қоршаған әлем мен табиғаттағы үйлесімді сұлулық туралы таным-түсінігін білдіреді.



Қожа Ахмет Ясауи кесенесі – сәулет өнерінің тамаша туындысы. Түркістандық ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің қабірінің басына Әмір Темірдің бұйрығымен тұрғызылған кесене – өзінің қайталанбас әсемдігімен, түрлі өрнектерімен ерекшеленеді.




Маңғыстау жерасты мешіті – рухани әрі тарихи орын. Мешіттің пішіні дөңгелек болып келеді. Ішкі көрінісі киіз үйге ұқсайды.



Ел аңызы бойынша ұшар басына Самұрық құс алатын жұмыртқа салатын тамырын тереңге жайып, көкке ұмтылған алып бәйтерек Елбасының эскиз-нобайы негізінде дүниеге келген. Бүгінде «Бәйтерек» өмір ағашын бейнелеп, ынтымақ пен бірліктің, келісім мен татулықтың белгісіне айналды. Астананың тұмарындай болып, көк аспанға бой созып тұрған «Бәйтерек» сұлу сымбатымен көз тартады.




Қыз, ер, сал, батыр, балуан, сұлу, би, қожа тәрізді сөздер өздеріне қатысты жалқы есімдерден бөлек жазылады. Мысалы: Қыз Жібек, Ер Тарғын, Балуан Шолақ.

 **7-тапсырма.** Сөйлемдерді мағынасына қарай толықтырып жаз.

Домбыра – қазақ халқының ... аспабы. Домбыра ... , ... , ... төрізді ағаштардан жасалады. Домбыраның құрылысына ... , ... , ... , ... , ... , ... жатады.

*Керекті сөздер:* ұлттық, үйеңкі, басы, құлағы, пернелері, мойын, шанақ, қарағай, тиек, емен, ішектері.

 **8-тапсырма.** Мәтіндегі ақпараттар бойынша өз пікіріңді дәлелде.

**Бірінші сөйлем.** «Менің ойымша, ...»

**Екінші сөйлем.** «Себебі мен оны ... деп түсіндіремін».

**Үшінші сөйлем.** «Оны мен ... деген деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын».


**Соңғы сөйлем.** «Осыған байланысты мен ... деген шешімге келдім».


## *Білгенге маржан*

### **Жеті жетекші**

Адамның басшысы – ақыл, жетекшісі – талап, жолаушысы – ой, жолдасы – кәсіп, қорғаны – сабыр, қорғаушысы – мінез, сынаушысы – халық.

*(Саққұлақ би)*

 **9-тапсырма.** Оқыған мәтіндеріңнің әр бөлігіндегі негізгі тірек сөздерді анықтап, шағын мәтін құра.

 **10-тапсырма.** «Қазақстанның ғажайып мұралары» тақырыбына эссе жазу үшін тезистік жоспар құр. Эссе тақырыбынан ауытқымай, абзац түрлерін жүйелі құрастырып, көтерілген мәселе бойынша келісу/келіспеу себептерін айқын көрсетіп жаз.

*Үлгі:*

а) Кіріспе бөлім: тезистік сөйлемнен тұрады (ойды дәлелді жазу).

ә) Негізгі бөлім: абзацтардан құралады (тақырыптан ауытқымау).

б) Қорытынды бөлім: айтылған ой қорытылып жазылады (мазмұндық жүйені сақтау).



**11-тапсырма.** Сабақта алған әсеріңді, ойыңды төмендегі кестеге сәйкес жаз.

«✓»	«-»	«+»	«?»
Білемін.	Білмеймін.	Мен үшін жаңа ақпарат.	Мені таңғалдырды.

### 5–6-сабақ

### ӘЛЕМНІҢ ЖАҢА ЖЕТІ КЕРЕМЕТІ



Мына суреттерде не бейнеленген? Олар туралы не білесіңдер?



**1-тапсырма.** Мәтінді мұқият тыңдап, тақырыбын анықта.



**2-тапсырма.** Тыңдалған мәтін бойынша сұраққа жауап беріп, тапсырманы орында.

1. Бұл жәдігерлер неліктен жаңа жеті керемет деп аталады?
2. Ғажайып ескерткіштер туралы қосымша мәліметтерді ізде.



**3-тапсырма.** Суреттерде көрсетілген жеті кереметтің біріне саяхатқа бару үшін өз маршрутыңды жобала. Саяхат жоспарын құрастырып, оны жаз. Бөлек, бірге жазылатын сөздерді қолдан.



**4-тапсырма.** Тыңдалым мәтініне сүйене отырып, төмендегі сұрақтарды пайдаланып, диалог құрыңдар.

– Ұлы Қытай қорғанының ұзындығы қанша километр екенін білесің бе?

- Еуропада орналасқан жалғыз керемет қайсы?
- Көне қала Петра саяхатшыларды несімен таңғалдыруда?
- Әйгілі Тәж-Махал кесенесі қайда орналасқан?
- Чичен-Ица қаласының басты нышаны не?



**5-тапсырма.** «Сөз-Бәйге!». Шарты: үш топқа бөлініңдер.

1. 3 минут ішінде еліміздегі бірге жазылатын қала, елді мекен атауларын айтыңдар.
2. 3 минут ішінде дефис арқылы жазылатын жеті керемет атауларын айтыңдар.
3. 3 минут ішінде екі түбірден құралған кісі аттарын айтыңдар.



**6-тапсырма.** Графикалық диктант жаз. Егер берілген пікірмен келіссең, үшбұрыш белгісін, ал келіспесең, төртбұрыш белгісін қой. Белгілерді жылдам әрі дұрыс қойған сыныптастарыңды анықта.


1. Адам – табиғаттың баласы, өйткені ол – табиғаттың бір бөлігі.
2. Адам – табиғатты билеп-төстеуші, бағындырушы.
3. Ежелгі адамдар табиғат құбылыстарынан қорқып, соларға табынған.
4. Тұрмыс заттары, құрылыстар, қолжазбалар, кітаптар, тиындар – тарихи ескерткіштер.
5. Тарих – адамдардың өткен өмірі туралы ғылым.



**7-тапсырма.** Қазіргі заманғы өлем кереметтері туралы тақырыпқа мәлімет іздестіріп, сұрақтар дайында. Сұрақтарды сыныптастарыңмен талқылап, дұрыс жауабын табыңдар.



**8-тапсырма.** Сөзжұмбақты шеш.



1. Үндістанның Агра қаласында орналасқан кесене.
2. Ежелгі Грекиядағы піл сүйегі мен алтыннан жасалған мүсін.
3. Еліміздегі тасқа жазып түсірілген суреттер.
4. Қазақ халқының дәстүрлі баспанасы.
5. Теңізшілерге жол көрсеткен мәрмәр тастан қашалған жеті кереметтің бірі.
6. Қазақ халқының өрлеуі мен түлеуінің, мемлекеттіліктің, кеңдік пен дарқандықтың символына айналған Астана қаласындағы монумент.
7. Биіктігі 40–45 метрлік ежелгі кесене.
8. Биік жартасқа орналасқан Иордания қаласы.
9. Ұлттық музыкалық аспап.
10. Өлемдегі ең үлкен амфитеатр.
11. Еліміздің бас қаласы.



**9-тапсырма.** Сабақта алған әсеріңді, ойыңды айтып бер.

1. Бүгінгі сабақтан жаңа өрі қызықты ақпарат ала алдым ба?
2. Топтық жұмыстарда мен өзімді көрсете алдым ба?
3. Бүгінгі сабақтан алған ақпараттар мен үшін маңызды.
4. Бүгінгі сабақ маған ұнады ма? Неліктен?

## 7–8-сабақ

### ТАҢАЛДЫРҒАН КЕРЕМЕТТЕР ӘЛЕМІ



Өзің тағы қандай кереметтерді білесің?

Барлық жәдігерлерді керемет деп атауға бола ма? Жауабыңды дәлелдеп айт.



**1-тапсырма.** Мәтінді тыңда. Ондағы негізгі ойды анықта.



**2-тапсырма.** Әлемдегі ең биік ғимарат туралы ойды төмендегі мәліметтермен сәйкестендіріп айтып бер.

Әлемдегі ең биік ғимарат, ән салатын субұрқақ, қонақүйлер мен кеңселер, жаттығу залдары.



**3-тапсырма.** Мәтінді оқы. Бірге, бөлек, дефис арқылы жазылған сөздерді тап.

### Айша бибі кесенесі

Ертеде Қарахан атты батыр өмір сүрген деседі. Ол Айша бибі деген қызға ғашық болыпты. Бірақ Айша бибінің әкесі мен Қарахан батыр бір-біріне қас екен. Сол себептен де қызды қолдан алуға үміт етпеген Қарахан бір күні Айша бибіні алып қашады. Сонда әкесі жендеттерін жіберіп, екеуін де өлтіруге бұйырады.

Қос ғашық қуғыннан қашып, ұзақ шабады. Шаба-шаба шаршаған Айша бала кезінен өскен жері Аса өзеніне шомылмақ болып, суға түседі. Осы кезде қыздың әкесі жіберген жендеттер Айшаның сәукелесіне улы жылан салып жібереді. Суға шомылып, көңілі шаттанған Айша сәукелесін киген кезде жылан шағып, есінен танып, әлсірей бастайды. Қарахан Айшаны көтеріп алып, жақын маңдағы ауылға апарып, молдаға некесін қидырады. Айша бибінің демі бітіп, батырдың қолында көз жұмады.


Кейін Айша бибінің қайтыс болған жеріне кесене тұрғызылады. Соның қасына батыр да өзіне кесене салғызып, орын қалдыртады.

Айша бибі кесенесі ХХ ғасырдың басында Әулиеата атанған қазіргі Тараз (бұрынғы Жамбыл) қаласының маңында тұр.

(«Ежелгі Қазақстан аңыздары» кітабынан)



**4-тапсырма.** Оқылым мәтінін пайдаланып, берілген кестені толтыр.



**5-тапсырма.** Мәтіннің соңғы сөйлемінен қандай тарихи атауларды байқадың? Ойыңды парталасыңмен бөліс және дәптеріңе жаз.



**6-тапсырма.** «Қазақстандағы көне жәдігерлер» тақырыбына мәтін дайында. Оларды шығу тарихына қарай ретімен диаграммаға салып көрсет.



**7-тапсырма.** «Жетісудың жеті өзені» туралы тарихи деректер жинастыр. Неліктен «Жетісу» деп аталатынын анықта. Оларды бір-бірімен салыстырып, өз ойыңды жаз. Бірге жазылатын сөздерді көрсет.



**8-тапсырма.** Айша бибі кесенесінің сәулет ескерткіші ретіндегі сән-салтанаты, құрылыстың даралығы жайлы зерттеу жүргізіп, таныстырылым жаса.



**9-тапсырма.** Сабақта алған әсеріңді төмендегі кестеге сәйкес айтып бер.

« ✓ »	« – »	« + »	« ? »
Бұрыннан білемін.	Менің ойлағаным қайшы, кереғар.	Мен үшін жаңа ақпарат.	Келісе алмаймын, білгім келеді.

## 9–10-сабақ

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ СӘУЛЕТ ӨНЕРІ



1. Сәулет өнері туралы не білесің?
2. Ғимарат деп нені айтады?



**1-тапсырма.** Мәтінді мұқият тыңда.



**2-тапсырма.** Мәтіндегі негізгі ойды анықтап, оны заманауи сәулет өнерімен байланыстырып айтып бер.



**3-тапсырма.** Мәтін мазмұны бойынша есте қалған ақпаратты жаз. Оған өз ойыңды қосып толықтыр. Мәтінді қайта тыңдап, салыстыр.



**4-тапсырма.** Мәтінді оқы. Бірге, бөлек, дефис арқылы жазылған сөздерді талда.

### Халқымыздай айбарлы, рухымыздай заңғар

Бүйір тұғыр тас үстіне қанатты барысқа мінген жас баһадүр Алатаудың ақ бас шындарынан көз айырмай одан да биікке самғап бара жатқандай.

Діңгек тас жалғыз емес, төмендегі тұғырда құлыншаққа мінген ұл мен қыз біздің зор болашағымыздың куәсіндей. Олардың артында «Ана–Жер-Ананың», «Жырау абыздың» мүсіндері тұр. Тас діңгекті домалана қоршаған он екі құлпытас бар (жылдың он екі айына сәйкес жасалған), арасында бедерлі-мүсінді қабырғалар.

Бұл панноларда қазақ халқының тағдырына өсер еткен оқиғалардың сүбелілері ғана өнер тілімен баяндалып, әлемге паш етілген. Негізгілері: сақ дәуірі, әл-Фараби дәуірі, Қазақ хандығының құрылуы, «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама», қалмақтармен соғыс, қазақ-орыс қарым-қатынастары, ұлт-азаттық қозғалысы, дүниежүзілік соғыс, аштық, репрессия, атомдық сынақ жылдары, Желтоқсан көтерілісі, Тәуелсіздіктің жариялануы тағы басқа тарихи көріністер.

Халық шежіресін ұрпағына жеткізген шеберлер еңбегінің қадірін білу, құрмет тұту – келешекке парыз!

(Шота-Аман Уәлихан)





**5-тапсырма.** Мәтіннің үшінші абзацын екпін түрлерін сақтай отырып оқы.



**6-тапсырма.** Тірек сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып, мәтіннен қажетті сөйлемдерді тауып, ретімен толықтырып жаз.

биікке, әлемге, тұғырда	мүсіндері тұр, халық шежіресін
-------------------------	--------------------------------



**7-тапсырма.** Сәулет өнері туындыларын салыстыр. «Кешегі және бүгінгі Тараз» тақырыбына сипаттама бер. Нақты және қосымша мәліметтер арқылы негізгі ойды анықтап айт.




**8-тапсырма.** Төмендегі жоспар бойынша Қазақстанның қазіргі сәулет өнері туралы мәтін құрап жаз.

1. Қазақстанның сәулет өнері – мәңгілік құндылықтар.
2. Сәулет өнеріндегі бүгінгі жетістіктер – халық қазынасы.
3. Қазақ сәулетшілерінің еңбектері – мәдени мұралар.



**9-тапсырма.** Алматы және Астана қалаларындағы ғимараттарды салыну жылдарына қарай диаграммаға түсіріп, сипатта.

Медеу мұзайдыны  
«Думан» ойын-сауық орталығы  
Бейбітшілік және келісім сарайы  
Алматы Арена





**10-тапсырма.** Белгілі қазақ мүсіншісі, ҚР еңбек сіңірген сәулетшісі Шота (Шот-Аман) Ыдырысұлы Уәлиханның өмірбаянын жаз. Ол үшін сәулетшінің туған жылы, айы, күні, жері, білім алған орындары, мемлекеттік марапаттары туралы ақпарат жина. Бірге жазылатын сөздердің астын сызып, жазылу ережесін түсіндір.



**11-тапсырма.** Аптаның жеті күні бойынша өз күн тәртібіңді жаз. Бөлек және бірге жазылатын сөздердің астын сызып, жазылу ережесін түсіндір.



**12-тапсырма.** «Қазақстанның сәулет өнері» тақырыбына келісу/келіспеу эссесін жаз.

*Үлгі:*

Бір сөйлемнен тұратын тезис құрастыр.

Ақпарат жина.

Жоспар құр.

Кіріспе (эссенің 30 % -ы).

Негізгі бөлім (эссенің 60 % -ы).

Қорытынды (эссенің 10 % -ы).



**13-тапсырма.** «Шығу парағын» пайдаланып, сұрақтарға жауап бер.

1. «Әлемнің жеті кереметі» бөлімі бойынша не білдің?
2. Сен үшін қандай мәліметтер маңызды болды?
3. Өзіңнің және сыныптастарыңның білімін бағала. (Өз жұмысыңа, сыныптастарыңның топ ішіндегі белсенділігіне көңілің тола ма?)
4. Осы бөлім бойынша тағы не білгің келеді?
5. Қосымша қандай ақпарат көздерін оқисың?
6. Бірге жазылатын күрделі атауларды қатыстыра отырып, жеті керемет жайлы ойыңды бір сөйлеммен түйінде.

## 4-БӨЛІМ. АСТАНА – МӘДЕНИЕТ ПЕН ӨНЕР ОРДАСЫ

### 1–2-сабақ

#### АСТАНА ҚАЛАСЫНА САЯХАТ



Ребусты дұрыс шеш. Жасырынған сөзге сипаттама бер.



**1-тапсырма.** Мәтінді тыңда.



**2-тапсырма.** Тыңдалым мәтіні бойынша сұрақтарға жауап беріп, жұп-жұбыңмен диалог құрыңдар.

**1. Сұрақ:** «Астана – Қазақстан халқының мерейі мен мәртебесі» дегенді қалай түсінесің?

**Жауап:**

**2. Сұрақ:** Автор «жаңа елорда», «жаңа бейнесі», «жарқын келбеті», «дүниенің сегізінші кереметі», «арман қала» деген тіркестерді не себепті қолданған?

**Жауап:**

**3. Сұрақ:** Астана әлем жұртын несімен таңдандырады?

**Жауап:**

**4. Сұрақ:** Астана қаласының басқа қалалардан ерекшелігі неде деп ойлайсың?

**Жауап:**



**3-тапсырма.** Ребусты құрауға негіз болған суретпен берілген сөздерді есіне түсір. Оларды қайтала. Қалай ойлайсың, бұл қандай сөздер? Тілімізде бұрын осы сөздер болды ма?

## Тілдік бағдар

### Неологизм

Ғылым мен техниканың, өндіріс пен шаруашылықтың, мәдениет пен тұрмыстың кеңінен дамыған тұсында тілге жаңа ұғымдарды білдіретін жаңа сөздер енеді. Осындай сөздерді **неологизмдер** деп атайды. Мысалы, *жағдаят, үнтаспа, жазылым, ландшафт, патент, фабула* т.б. сөздер. Бір кезеңде тіліміздегі *класс, глобус, электр, комбайн, партия* сөздері неологизмдер болып саналғанмен, қазір олар жалпыхалықтық сипат алып кеткен сөздер. Халыққа әбден танылып, түсінікті болғаннан кейін жаңа сөздер неологизмдердің қатарынан шығып қалады.

### Неологизмдердің жасалу жолдары

Шет тілінен енген неологизмдер	Күрделі сөздер арқылы жасалған неологизмдер	Жұрнақтар арқылы жасалған неологизмдер
ноутбук, офис, менеджер, планшет т.б.	ақшалай жарна, сыйақы, үнтаспа, айла-шарғы, әкімшіл-әміршіл, ЕҚЫҰ, БҰҰ	зияткерлік, айтылым, баспагер, реттегіш т.б.



**4-тапсырма.** Берілген сөздерге ұйытқы сөздерді қосып, жаңа сөз жаса.

Жол, өуе, баян, келіс, жаға, жарыс, сүндет, зейнет, мүшел, сая, мәлім, көсем, сый, ашық, мерей.




ақы



жай



хат



сөз



той

Үлгі: жолақы, келіссөз т.б.



5-тапсырма. Мәтінді оқы.

## Асқақтай бер, Астана!



1998 жылдың 10 маусымында Қазақстанның жаңа елордасы – Астана қаласының салтанатты тұсаукесері болды. Республикамыздың жаңа астанасының құрылысына итальян, түрік, швейцариялық құрылыс фирмалары қатысты. Астана Қазақстан Республикасының Еуразиялық мемлекет екендігін айқындай түсуде.

Астана қаласында алғашқы кезеңде Конгресс-холл, Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, ықшамаудандар, қонақүйлер мен мейрамханалар салынып, Абай мен Кенесары ханға ескерткіштер орнатылды. Қала ортасын қақ жарып өтетін Есіл өзенінің жағалауы көркейтіліп, Елбасының резиденциясы – Ақорда, «Нұр Астана» мешіті, Бейбітшілік және келісім сарайы, Бәйтерек монументі, океанариум, жаңа алаңдар мен саябақтар бой түзеді. Есілдің сол жағалауында тұтастай тұрған кварталдар, Үкімет пен парламентке арналған әкімшілік ғимараттары, министрлік үйі салынды.

Астана қаласы дамуының екінші кезеңінде Тәуелсіздік сарайы, «Қазақ елі» монументі, «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театры, Орталық концерт залы, Назарбаев университеті, «Ұлттық мұражай», «Ханшатыр» бірегей сауда ойын-сауық орталығы, дәл ортасында диаметрі 80 метрлік «Нұр Әлем» шар төріздес

сферасы орналасқан ЭКСПО орталығы және Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежай ғимараты салынды.

Астана – барша қазақстандықтардың ортақ мақтанышы, болашақтың қаласы. Онда жыл сайын халықаралық форумдар, фестивалдар, конгрестер, концерттер, тұсаукесерлер мен түрлі шаралар өткізіледі.

*(Балаларға арналған «Менің Отаным – тәуелсіз Қазақстан» энциклопедиясынан)*

- Астана қаласы қай жерде орналасқан? Географиялық картадан Астана қаласы қандай қалаларға жақын екенін көрсет.
- Астанадағы өзіңе таныс көрікті жер туралы әңгімеле.



**6-тапсырма.** Мәтіннен неологизмдерді анықтап, төмендегі кластерді толтыр.



**7-тапсырма.** Мәтінді оқып, өз пікірлеріңмен бөлісіндер.

Батырлар жырларында, ақын-жыраулар тілінде астана жұрт, астана халық деген тіркестер кездеседі. Мысалы, Махамбетте: «Айғайда белдік байланған, Астана жұртын айналған». Нұрым жырауда: «Азды-көпке теңгерген, Астана жұртын меңгерген».

1897 жылы Орынборда шыққан «Қазақша-орысша сөздікте» астана жұрт, астана халық дегендерді «көп, сансыз халық» деп аударыпты. Л. Будагов бұл сөз түркі тілдеріне парсының астан, астана «табалдырық, есік, сарай» деген сөзінен ауысқанын айта

келіп, қазақ тілінде астана жұрт тіркесі бар екенін көрсетеді де, оны «сансыз көп, зор халық» деп аударарды.

Сірә, қазіргі қазақ тіліндегі «астана» сөзінің «белгілі бір мемлекеттің, елдің орталық қаласы» деген ұғымы бұл сөздің парсының «сарай, әміршінің сарайы» мағынасынан алынған болуы керек, яғни «үкіметтің резиденциясы орналасқан қала» дегенді білдіреді. Ал өткен ғасырларда астана жұрт тіркесінде «сарай қызметіндегі адамдар» деген мән бар, яғни «сарайға (хан ордасына) қараған жұрт» деген мағынада айтылса керек.

(*Р. Сыздықова. «Сөздер сөйлейді»*)

- «Астана жұрт» сөз тіркесі бұрын қандай мағыналарда қолданылған?
- Қазіргі «Астана» сөзіне қандай анықтама берер едіңдер?



**8-тапсырма.** Төмендегі мәтіннен неологизмдерді анықтап, дәптеріңе көшіріп жаз.

«Ақылды үй» (*ағыл. digital home*) – автоматтандырылған үй. Ол адамдардың қолайлы өмір сүруі үшін жоғары деңгейлі технологиялармен жабдықталған. «Ақылды үйдегі» жарық, электр жүйесін, кондиционер, желдеткіш, климат-бақылау, аудио және видео жүйелерді, күзет, өрт дабылы, апатты жағдайларды бір ғана диспетчерлік пультпен смартфон немесе ғаламтор арқылы басқарып, бақылауға болады. «Ақылды үй» өрттен де қорғайды. Мысалы, ауада кішкене болса да иісті газ пайда болса, онда өртке қарсы жүйе іске қосылады және өртті үдетпес үшін ауаның келуін тоқтатады, газ жабылады, электр токтары өшіріледі. Бөлмедегі адамдар сирена және түрлі сигналдар арқылы хабарландырылады, ал егер өрт үйдің иелері жоқ кезде басталса, онда жүйе арқылы олардың ұялы телефондарына хабарлама жіберіледі. Параллельді түрде түтінді жою функциясы қосылады, ал қауіпсіздік қызметіне өрт туралы ақпарат келіп түседі.


(*М.Э. Конер*)



**9-тапсырма.** «Ақылды үй» өз қалаңда немесе ауылыңда болуы үшін өзің қандай үлес қосар едің? Мәтіндегі неологизмдерді қолданып, диалог құрыңдар.



**10-тапсырма.** Әр торға «Астана» сөзінің беретін мағынасын толтыр.



**11-тапсырма.** Блиц сұрақтарға жауап бер.

1. «Астана – бас қала» деп не себепті айтамыз?
2. «Астана» сөзінің бұрынғы мағынасы қандай?
3. Неологизмдерді неліктен жаңарып отыратын құбылыс деп ойлайсың?



**12-тапсырма.** «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жауап бер.

1. Бүгін не үйрендім?
2. Сабақ бойынша нені түсінбедім?
3. Келесі сабақта қандай мәселеге көңіл аудару керек?

### 3–4-сабақ

## АСТАНА – ТАРИХИ МЕКЕН



1. Суреттерге қарап сөйлем құра.
2. Не себепті үш қала бейнеленген деп ойлайсың? Бұл қандай қалалар?
3. Суреттерді өзара байланыстырып, ойыңды қорытындыла.



Орынбор қаласы  
(1920–1925)



Қызылорда қаласы  
(1925–1929)



Алматы қаласы  
(1929–1998)





**1-тапсырма.** Мәтінді тыңда. Пікір алмасып, топта талқылаңдар.



**2-тапсырма.** Тыңдалым мәтіні бойынша өз өлкең туралы айтып бер.



**3-тапсырма.** Тыңдалым мәтіні бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. «Қасиетті өлке, мекен» дегенді қалай түсінесің?

2. «Жаңа Астана – ежелгі Қазақ жерінің төрі» деп неліктен айтылған?

3. Өзің қай жерде тудың? Сол елді мекен туралы аңыз әңгіме білесің бе? Айтып бер.



**4-тапсырма.** Суреттегі заттарды атап, сәйкес себеттерге орналастыр. Бұл қандай сөздер? Ойлан.



## Тілдік бағдар

### Термин сөздер

Ғылым, техника, өндіріс, өнер және т.б. саладағы белгілі бір ұғымдар мен зат атауларын білдіретін сөздер **термин сөздер** деп аталады. Мысалы: *фонетика, меридиан, қосымша құн, айналым, нота, энергия* т.б. Ғылым тілінің халықаралық сипат алуына байланысты терминдер тілімізде кең тарады. Оларды игеру қазақ тілінде мынадай тәсілдер арқылы қалыптасқан:

1. Мағыналық аударма жасап, тілден балама табу арқылы. Мысалы: *тұрақ (стоянка), жарнама (реклама), ғаламшар (планета), баспагер (издатель), егемендік (суверенитет), кеден (таможня), тұлға (личность)*.

2. Терминдерге қазақ тілінде балама болмаған жағдайда халықаралық терминдерді пайдаланамыз. Мысалы: *биология, химия, атом, графика, климат, гектар, квартет, валюта* т.б.

Бұл термин сөздер бір тілдің аясында шектелмей, көптеген тілдерге ортақ болады.



**5-тапсырма.** Қазақ тілі, география, биология, математика пәндері бойынша өзің білетін терминдерді жаз.



**6-тапсырма.** Мәтіндегі қарамен берілген сөздерді іріктеп оқы. Оларды түсіндіріп айт.

Астана – қызықты тарихы бар көне қалалардың бірі. Қала тарихы 1830 жылдан басталады. Осы жылы Қараөткел жерінде Ақмола бекінісінің құрылысы салынады. Ақмола XIX ғасырда ірі **сауда-экономикалық орталығы** болған, түрлі **этностар** мен мәдениеттер тоғысқан қала арқылы Ұлы Жібек жолы өткен. Халық Ұлы даламен Сарыарқаға, қыстауға көшіп отырған. Бұл жер кейінірек төрт түлік мал сатылатын **сауда орталығына** айналады. Жәрмеңкелер қымыз, шұбат тәрізді сүт тағамдарының молдығымен ерекшеленді, сондықтан болар қала аты «Ақ мол» деген сөзден «Ақмола» деп

аталып кеткен. Қала тұрғындары малшаруашылығымен қатар, жер өңдеумен де айналысқан. Ақмола қаласының дамуында **тың жерлерді игеру** маңызды оқиға болды.

Қазақстанның солтүстік облыстарының барлығын қамтыған осы жер 1961 жылдан 1992 жылға дейін «Целиноград», ал 1992 жыл мен 1998 жылдар аралығында «Ақмола» деп аталды. Қазір Қазақстанның астанасына айналған бұл мекен Сарыарқаның солтүстігінде, Есіл өзенінің оң жағалауында орналасқан. Тарихи тұрғыдан Еуропа мен Азияны байланыстырып жатқан Астана қаласы – мәдениет пен өнер ордасы, республикалық **автомобиль жолы, теміржол, әуе жолдары** тоғысатын ірі орталық.

(М. Әбсеметов. «Мың жылдық тарихы бар қала» кітабынан)

- Мәтінді толық оқы.
- Мәтіндегі ақпаратты салыстыр.



**7-тапсырма.** Мәтін мазмұнына сәйкес келетін жауапты белгіле.

Мәтіндегі ақпарат	дұрыс	бұрыс
Қала тарихы 1830 жылдан басталады.		
Ақмола XIX ғасырда ірі сауда-экономикалық орталығы болған.		
Бұл жер кейінірек төрт түлік мал сатылатын сауда орталығына айналады.		
Жәрмеңкелер қымыз, шұбат тәрізді сүт тағамдарының молдығымен ерекшеленді.		
Қала тұрғындары мақта шаруашылығымен айналысқан.		
Осы жер 1961 жылдан 1992 жылға дейін «Ақмола» деп аталған.		



**8-тапсырма.** Оқылым мәтінінен термин сөздерді теріп жаз. Қандай термин екенін анықта.




**9-тапсырма.** Мәтіндегі орфографиялық қателерді тауып, тыныс белгілерін дұрыс қойып жаз.

Есіл өнірінде (Астананың қасында) «Қарабай дарасы» деген жер бар. Аңыз бойынша, бұл жерде Қарабай байдың қызы Баян сулу дүниеге келген. Бірде сексен жасқа келгенше перзент сүймеген байлар ұл мен қыз көретін болса құйрық-бауыр жесіскен құда болуға уәдаласаді. Содан Сарыбай – ұлды, Қарабай – қызды болады. Сарыбай ұлүн Қозы Көрпеш деп, Қарабай қызын Баян деп атайды.

(«Аңыздар мен хикаялар» кітабынан)



**10-тапсырма.** Тілдік бағдарға сәйкес кестені толтыр.



**11-тапсырма.** Сабақта алған әсеріңді, ойыңды төмендегі кестеге сәйкес жаз.

« ✓ »	« – »	« + »	« ? »
Бұрыннан білемін.	Менің ойлағанымға қайшы, кереғар.	Мен үшін жаңа ақпарат.	Келісе алмаймын, білгім келеді.

## 5–6-сабақ

### АСТАНА – ӘСЕМ ҚАЛА



Суреттерді өзара байланыстырып, әңгіме құра.



1-тапсырма. Өлеңді тыңда.



2-тапсырма. Тыңдалым мәтіні бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. «Жеті түрін ғаламаттың сипаттап...» деген өлең жолдарын қалай түсінесің? Геродот жайлы деректерді парталасыңмен бөліс.
2. Өлең жолдарындағы әлемді таңғалдыратын нелер? Олар несімен қызықты?
3. Астана «сегізінші ғаламат» бола ала ма? Себебін түсіндір.



3-тапсырма. Бұрын қазақ халқы қандай үйде тұрған? Оны қалай атаған?

?

қара үй

қазақ үй


ағаш үй

## Тілдік бағдар

### Диалект сөздер

**Диалект сөздер** – белгілі бір жердегі тұрғындар қолданылатын сөздер. Диалект сөздер жалпыхалықтық болып есептелмейді. Өйткені олардың әдеби тілде баламалары болады.

Мысалы:



Диалект сөздер түрліше болып келеді. Мысалы, *тыңла – тыңда, құдағай – құдағи, полат – болат, баралы – баралық, бережақ – берешек, келулі – келді* т.б.

Қазіргі әдеби тілімізге біраз диалект сөздер еніп, жалпыхалықтық тілге айналды. Мысалы: *арасан суы, жейде, ұжым, кеден, немелтай (шөберенің баласы), үшем, төртем* т.б. Тілдегі бұл құбылыс әдеби тілді байытудың бір жолы болып есептеледі.



**4-тапсырма.** Төмендегі диалект сөздерді тиіп алған жүк көліктерін өз тұрақтарына жеткіз.

Үлгі:

1 = в

1)



3)



а)



б)



2)



4)



ә)



в)





**5-тапсырма.** Мәтіндерді оқып, ауызекі және көркем сөйлеуге тән ерекшеліктерді ажырат.

### *1-мәтін*

«Астана–Бәйтерек» кешенінің биіктігі – 97 метр. Металл, өйнек және бетоннан тұрғызылған «бәйтерек ағашының» жалпы биіктігі – 105 метр, салмағы 1000 тоннадан асады. Кешеннің үстіңгі жағындағы алып шар «хамелеон» өйнектерінен жасалған. Күн сәулесінің түсуіне байланысты шар түсі ауысып тұрады. Бәйтерек негізгі үш әлемнен құрылған: жерасты, жер және аспан әлемі. Астыңғы қабатта кафе, аквариум және «Бәйтерек» мини-галереясы орналасқан. Алып шарға лифт арқылы көтеріліп, үлкен залға еніп, қаланың толық көрінісін көруге болады. Зал ортасында 17 жапырақты ағаш глобус және қазақ елінің бейбітшілік нышанына айналған «Аялы алақан» – Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің алақанының таңбасы орналасқан.

*(«Астана – мәңгі жүрегімізде»  
библиографиялық құралы)*

### *2-мәтін*

Аңызға сүйенсек, Бәйтеректің төменгі тұсында сұмырай, қара бөле аждаһа Айдаһар өмір сүреді. Ең биік шыңында Самұрық құс мекендейді. Жыл сайын Самұрық құс тұқым салып, азық іздеп кеткенде, Айдаһар шөжелерінің бірін қалдырмай жеп кетеді екен. Бір күні қаһарман Батыр Самұрық балапандарын жегісі кеп жатқан Айдаһарды ерлікпен өлтіріп, балапандарына көмектеседі. «Ойпырым-ай, қайтем енді, балапандарымды тағы да жеп кетті-ау», – деп Самұрық Бәйтерекке жақындағанда ғажайыпқа тап болады. Тірі қалған сарыауыз балапандар Батыр ерлігін жарыса, шуылдаса жеткізеді. Аңсап күткен арманы орындалған Самұрық: «Ей, Батырым, бұл көмегіңді ешқашан ұмытпаймын», – деп жақсылығын жақсылықпен қайтарады.



**6-тапсырма.** Оқылым мәтіні бойынша кестені толтыр.

Ауызекі сөйлеу тіліне тән сөздер	Көркем сөйлеу ерекшеліктері
Үлгі: <i>сұмырай</i>	



**7-тапсырма.** Диалект сөздерді қатыстырып, бірнеше сөйлем құра.



**8-тапсырма.** Аңыз желісі бойынша «Бәйтерек» оқиғасының суретін сал. Қазіргі «Астана–Бәйтерек» кешенімен салыстыр. Ұқсастықтары мен айырмашылықтарын айтып бер.



**9-тапсырма.** Төмендегі сөйлемдерден диалект сөздерді тауып, әдеби тілдегі нұсқасымен салыстыр. Қандай ерекшеліктері бар екендігін жұпта, топта талқылаңдар.

1. Құдағай, сізді ауқат ішсін деп төр тамға шақырып жатыр атамдар. 2. Нүсірлеп құйған жаңбыр суы жыра, сайларға сыймай ағып жатыр. 3. Балалар, пахтаның чатағымен жүріп, сабаққа қопалдау дайындалған боларсыңдар. 4. Дегенмен мынадай сұраққа жауап беріп көргін. Еш қысылмағын, саспағын.

(«Қазақ диалектологиясы» кітабынан)



**10-тапсырма.** Өлең жолдарынан ауызекі сөйлеу тіліне тән норманы анықтап, әдеби тілдегі үлгіде жаз.

### Аңсарым асқақ Астана

Әй, Астана, атың қандай нақ та әсем,  
 Аңыздақтан айналыпсың баққа сен.  
 Таңұзаққа таңдайымда түнеткен  
 Жырларымды айтармысың жатқа сен?!  
 Қиялыңда жапырақ құс самғаған,  
 Маң даламда  
 Жаңа туған сән қалам!  
 Байтағымның қаласына,  
 Орнатсам деп Елбасы еді таңдаған!  
 Тербетілсе, шөбі – жұпар, бидайы – өн,  
 Текті қоныс тапсам, неге мін қоям?!



Мақтаныңдар, Астанада тұрғандар!  
Шаттаныңдар, Астанада тұрғандар!  
Азаттықтың рухынан жаралған –  
Шаһар тойы – от шашулар, думандар!

(К. Ахметова)



**11-тапсырма.** «Төрт сөйлем» тәсілін пайдалана отырып, сабақ бойынша түсінгеніңді жаз.

**Пікір.** Оқыған мәтін бойынша өз пікіріңді бір сөйлеммен жаз.

**Дәлел.** Өз пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.

**Мысал.** Пікіріңді өмірмен байланыстырып бір мысал келтір.


**Қорытынды.** Тақырып бойынша қорытынды жаз.

## 7–8-сабақ

### АСТАНА ҚАЛАСЫ – МӘДЕНИЕТ ОРТАЛЫҒЫ



1. «Мәдениет» деген сөзді қалай түсінесің?
2. «Мәдениет» және «театр» деген ұғымдар байланысты ма?
3. Төмендегі кластерді толтыр.



**1-тапсырма.** Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

- Тыңдалған мәтіндегі ой не жайында?
- Автор театр мәдениетіне қатысты қандай мәселелерді өзіңмен бөлісіп отыр?



**2-тапсырма.** Суреттердегі іс-әрекетті өңгімеле. Кәсіп түрлеріне сипаттама бер.




## Тілдік бағдар

### Кәсіби сөздер

**Кәсіби сөздер** дегеніміз – жұрттың бәріне түсінікті бола бермейтін, белгілі бір кәсіппен я шаруашылық саласымен шұғылданатын адамдар қолданатын сөздер.

Кәсіби сөздерді екі үлкен салаға бөлуге болады.





**3-тапсырма.** Төмендегі кәсіби сөздерді топта талдап, кестені толтыр.

Торта (үлкен балық), балберік (қалтқы), зорат (тары үйіндісі), өптік (қармақтың тілі), күләсән (қауын), қас (зергерлік тас), шит, аттіс, созан, тарақ балта.

Кәсіби сөздер	
Қолөнерге қатысты	Ауылшаруашылығына қатысты



**4-тапсырма.** Мәтінді оқып, мазмұнын түсіндіріп айт. Мәтіннің алғашқы бөлігіне сұрақ қой. Екінші бөлікте не туралы айтылатынын болжа. Мәтіннің әр бөлігіндегі ойды өз болжамыңмен салыстыр.

### «Астана Опера» театры



Есілдің сол жағалауында орналасқан «Астана Опера» театры асқақ сән-салтанатымен көз тартады. Ғимараттың жалпы ауданы – 64 мың шаршы метр. Оның 3000 шаршы метрін сахна аумағы алып жатыр. «Астана Опера» өзінің көлемімен ғана емес, сонымен қатар әсем сәулетімен де таңғалдырады. Әлемдік сәулет өнерінің ең үздік классикалық дәстүрлері ескеріле салынған театр сәулетінде ұлттық нақыш айқын байқалады. Театр ғимараты палладиандық, неоклассикалық сәулет стильдерінде салынған. Ғимаратта барлық спектакль мен концертті жазып алуға мүмкіндік туғызатын студиялық жабдықтау орналасқан, театрдың жеке спутник стансасы бар.

Едендегі паркет, қабырғалардағы шие ағашынан жасалған панель, кресло мен айналардың барлығы акустикалық тұрғыдан ескеріліп орналасқан. Креслолардың еңкею және бұрылу бұрыштары миландық «Ла Скала» театрының үлгісімен жасалған. Театрдың Үлкен залы 1250 орынға есептелген, ал Камералық зал 250 адамға арналған.

2013 жылдың 21 маусымында театр өзінің алғашқы маусымын М. Төлебаевтың атақты туындысы – «Біржан–Сара» операсымен салтанатты түрде ашты. Сол жылдың күзінде театр әлемдік тұсаукесерін өткізіп, Пьер Луиджи Пицци қойылымындағы Дж. Вердидің «Аттила» операсымен халықаралық қауымдастыққа таныстырылды.

Қазір театр репертуарында А. Жұбанов пен Л. Хамидидің «Абай», Е. Брусиловскийдің «Қыз Жібек», Ж. Бизенің «Кармен», Дж. Пуччинидің «Тоска», «Богема», «Мадам Баттерфляй», Дж. Вердидің «Аида», «Травиата» опералары, С. Прокофьевтің «Ромео мен Джульетта», Б. Асафьевтің «Бақшасарай бұрқағы», Л. Минкустың «Баядерка», «Дон Кихот», М. Жаррдың «Париж Құдай Ана соборы», П. Чайковскийдің «Ұйқыдағы ару», «Аққу көлі», «Щелкунчик» балеттері бар.

Театр репертуары жыл сайын ұлттық және әлемдік опера мен балеттің үздік туындыларымен толығына түсуде.

(«Екпін» мәдени-танымдық журналынан)



**5-тапсырма.** Оқылым мәтіні бойынша өз ойыңмен бөліс.

«+»	«-»	«?»
Менің білгеніме сәйкес келеді.	Менің білгеніме қайшы келеді.	Түсініксіз, қосымша мәлімет алғым келеді.

### Білгенге маржан

Астана қаласындағы Қ. Қуанышбаев атындағы қазақ музыкалық драма театры, «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театры, М. Горький атындағы орыс драма театры мәдениет пен өнер ошағына айналды.



**6-тапсырма.** Оқылым мәтіні бойынша төмендегі сұрақтарға жауап бер.

1. «Астана Опера» театры қандай сәулетімен ерекшеленеді?
2. Театр қандай стильде жасалған?
3. Театрда қандай қойылымдар бар?
4. Опера театры мен драма театрының басты ерекшеліктері неде деп ойлайсың?



**7-тапсырма.** Мәтінді оқып шығып, кәсіби сөздерді теріп жаз. Қай салаға жататын кәсіби сөздер екендігіне көңіл бөліп, оларға түсінік бер. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігін пайдалан.

Ертеде бір балықшы суды жағалап келе жатса, алыста күнмен шағылысып, жалтырап дыраудай бір нәрсе көрінеді. Жақындап келсе, айналасындағы бір жымға денесінің көбін батырып, үлкендігі қайықтай бір нән балық жатыр екен. Балықшы оны қолындағы жарағымен аулап ала алмайды. Көршісі Иван деген балықшының жарағы, ау-жадырасы бар екен...



**8-тапсырма.** Театр мәдениетіне қатысты төмендегі кеңестерді оқып, сұрақтарға жауап бер.

- Театрда қойылым барысында көп сөйлемей, анда-мұнда шықпай, көп қозғалмаңыз. Актерге кері әсерін тигізуіңіз мүмкін.
- Ұялы телефоныңызды сөндіруді немесе дыбыссыз режимге қоюды ұмытпаңыз.
- Трагедия болса, өте қатты жыламаңыз.
- Комедия болса, өте қатты күлмеңіз; көрермендердің назарын өзіңізге аудартып аласыз...
- Әрине, күлуге, жылауға болады... Тек өз орнымен... Шектен тыс емес! Негізі театрда (барлық жерде) тәртіпті, тәрбиелі, мәдениетті болып жүру керек.

- Сен театрдан немесе теледидардан қандай қойылым көрдің?
- Қойылымда өзіңе жақсы әсер қалдырған қандай нәрселерді айтар едің?
- Театр мәдениетіне жатпайтын жағдаяттарды байқадың ба? (Ортаға сәйкес киім кимеу, қатты сөйлеу, ұялы телефон қолдану т.б.)



**9-тапсырма. Тапқырлар сайысы.** Төмендегі мақал-мәтелдердің құрамындағы диалект сөздерді анықтап, түсініп оқы.

1. Ел аузына елек қойып болмас.
2. Тозған елді там жияр.
3. Пұлсыз базарға барма.
4. Шөп жаманы – қоға, құс – жаманы шажа.
5. Әр кәллада бір қиял.



**10-тапсырма.** Сөздердің емлесін есіңе сақта. Парталасыңмен бірге қайталап айтып, дәптерге жазыңдар. Бір-біріңді тексеріңдер.

Неоклассикалық, палладиандық, акустика, хореограф, репертуар.



**11-тапсырма.** Кәсіби сөздерді тауып, дәптеріңе жаз және олардың қай кәсіпте қолданылатындығы бойынша шағын зерттеу жүргіз.

Шал енді қауындық жерінің басынан шықпайтын болды. Қарықтардың арасына шыққан отақтарды шабады. Болашақ шарттақ құратын жерді тегістеп, шаңы бұрқырап жатпасын деп су салады.

Қарекең пәлек аралап «жеуге жарайды-ау» деген екі қауынды үзіп, немерелеріне құшақтатып жіберді. Көп ұзамай қауыннан сарғайып әңгелектер шыға бастады.

*(Т. Нұрмағамбетов)*



**12-тапсырма.** Парталасыңмен бірге кестені толтыр.

	Ережесі	Мысалы
Неологизмдер		
Термин сөздер		
Диалект сөздер		
Кәсіби сөздер		



**13-тапсырма.** «Төрт сөйлем» тәсілін пайдалана отырып, сабақ бойынша түсінгеніңді жаз.

**Пікір.** Оқыған мәтін бойынша өз пікіріңді бір сөйлеммен жаз.

**Дәлел.** Өз пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.

**Мысал.** Пікіріңді өмірмен байланыстырып, бір мысал келтір.

**Қорытынды.** Тақырып бойынша қорытынды жаз.

## 9–10-сабақ

### ЭКСПО-2017 – АСТАНА ҚАЛАСЫНДА



1. «Көрме» деген сөзді естігенде ойыңа не келеді?
2. Көрменің қандай түрлерін білесің?
3. Негізгі бес сөзді жазып, пікіріңді ортаға сал.




**1-тапсырма.** Мәтінді тыңда.



**2-тапсырма.** Тыңдалым мәтінін төмендегі сұрақтарға жауап бере отырып әңгімеле.



**3-тапсырма.** Төмендегі сұрақтар бойынша өз ойыңды үш сөйлеммен қорытындыла.

**Көрме**  Қажет пе?  
Не үшін?  
Пайдасы қандай?



Кәсіби сөздердің термин сөздерден айырмашылығы бар. Термин сөздер ғылымның бір саласының әдеби тілдегі жалпы халыққа бірдей түсінікті, қалыптасқан атауы болса, кәсіби сөздер ұсақ мамандыққа, кәсіптің түріне ғана байланысты болып, сол мамандықпен айналысатын адамдарға түсінікті болады. Ал шаруашылықтың өзге түрінде жұмыс істейтін адамдарға түсініксіз болуы мүмкін.



**4-тапсырма.** Мәтінді оқы.

«ЭКСПО» атауы «экспонат» деген сөзден шыққан. Қазақша «жәдігер», яғни ол – жер жүзін мекендеген барша халықтың өмірдің түрлі саласында қол жеткізген жетістіктерін, жәдігерлерін көрсететін алаң. Онда ЭКСПО-ның кезекті таңдаған тақырыбына орай адам баласының бұрын-соңғы жеткен жетістіктері көпшілік назарына ұсынылады.

ЭКСПО 2017 жылы Қазақстанда – Астана қаласында өтті. Оның тақырыбы – «Болашақ энергиясы». Әлемнің барлық өнертапқыштары мен ғалымдары өздерінің «жасыл» технологиялардағы жетістіктерін көрсетті. Егер бұрын адамдарды жаңа мәшинелер мен пойыздар қызықтырған болса, қазір жылытуға энергия шығыны аз кететін үй салу қызығырақ болып отыр.

ЭКСПО – тек технологиялық жетістіктердің көрмесі мен болашақ технологияларды көруге деген талпыныс қана емес, сонымен қатар барлық қонақтарға арналған аумақты мәдени бағдарлама. Көрмедегі бірінші нысан – «Нұр өлем». Ол инженерлік ой мен архитектура тұрғысынан тартымды. Салмағы 13 мың тоннадан астам, 2824 әйнектен тұрады. Әрбір әйнектің салмағы 600-ден 800 кг дейін тартады. Бұл әйнектердің ерекшелігі – екі жазықтықта иіліп,





осылайша бұрышсыз сфералық пішінді келтіріп тұрады. Олар тегіс, үрленген шар сияқты. Бұл – диаметрі 80 метрді құрайтын, 20 метрлік павильонның үстінде шар орналасқан әлемдегі жалғыз ғимарат. Басты нысан – «Нұр әлем» деп аталып, болашақ мұражайға айналады. Себебі онда ғарыш, Күн, су, жер, кинетика энергиясына қатысты алуан түрлі жобалар ұсынылған. «Нұр әлем» сфералық ғимараты көрмеден қалған мұра болды.

(«Лондоннан Астанаға дейін» кітабынан)



**5-тапсырма.** Оқылым мәтіні бойынша төмендегі кестені толтыр. Бірінші бағанға жалпы сұрақтарды, екінші бағанға мәтіндегі негізгі сөздерді жаз. Ал үшінші бағанға термин сөздерді қолдана отырып, өз жауабыңды жаз.

Сұрақтар	Негізгі сөздер	Өзімнің жауабым
1.		
2.		
3.		
4.		
Не туралы? Аннотация, сипаттама.	Мәтін не туралы? Қысқаша мазмұнын айт.	Толық мазмұнын айт.



**6-тапсырма.** «Тапқырлар сандықшасы» сайысын өткізіңдер. Жұпта, топта талқылаңдар.

Сөздер	ӘКСПО – халық- аралық көрме.	Жаман туыстан жақсы қоңсы артық.	Ол қауашада мақтаны қалдыр- май терді.	Тауық құсқа ұшу жоқ, там үйлерге көшу жоқ.	Ыза суын төмендету үшін зауырларды тазалау қажет.
Неологизм					
Термин сөз					
Кәсіби сөз					
Диалект сөз					









**7-тапсырма.** Төмендегі блиц сұрақтарға «иә», «жоқ» деп жауап беру арқылы өзінді тексер.

1. 1998 жылдың 10 маусымында Қазақстанның жаңа астанасы – Астана қаласының салтанатты тұсаукесері болды.
2. Астана қаласы Ертіс өзенінің оң жағалауында орналасқан.
3. Бәйтерек – төрткүл дүниені құшағына сыйғызған өмір ағашы.
4. «Астана Опера» театры 2013 жылдың 21 маусымында ашылды.
5. «ӘЖСПО» атауы қазақша «тарих» деген ұғымды білдіреді.
6. «Нұр Әлем» 2012 жылы салынған.



**8-тапсырма.** Неологизм, термин, кәсіби сөздерді қолдана отырып, «Астана – мәдениет пен өнер ордасы» тақырыбы бойынша кестеге сәйкес өз ойыңды жаз.

Қалпақтар	Ойлар	Дәлел
	Біз бұл туралы не ойлаймыз? Біз нені болжай аламыз? Нені сезініп, елестете аламыз?	
	Біз бұл туралы не білеміз? Қандай ақпарат, дерек, зерттеулер бар? Бізге тағы қандай ақпарат жетіспейді?	
	Неден сақтануымыз керек? Не дұрыс болмауы мүмкін? Оны неге солай жасауға болмайды?	
	Қандай жағымды жақтары бар? Қандай артықшылықтары бар? Оны неге солай жасауға болады?	
	Бұл тақырып қандай жаңа идеялармен байланысты? Оны қалай жүзеге асыруға болады? Тағы не істеуге болды?	
	Қандай нәтижелер мен табыстарға қол жеткізілді? Тағы қандай мақсаттар қоюыңа болады?	



**9-тапсырма. «Оймоншақ».** Шарты: Топқа бөлініңдер. «Астана» атты диаграмманы толтырыңдар. Топтың әр мүшесі бір сөйлемнен айтсын. Талап: айтқан сөйлемдерің бір-бірімен байланысып, мәтін түрінде шықсын. Әр сөйлемде неологизм немесе термин сөздер болсын.



**10-тапсырма.** «Астана – болашақтың қаласы» тақырыбында келісу/келіспеу эссесін жаз.

*Эссе шарттары:*

- Өзің білетін, оқыған ақпаратты есіңе түсір.
- Эссені жоспарла.
- Кіріспе бөлімде «Бұл тақырып қазіргі кезде маңызды ма?» деген пікірді басшылыққа ал.
- Негізгі бөлімде өз мысалдарың мен талдауларыңды негізде.
- Қорытынды бөлімде «Эссенің басында айтылған мәселе бойынша не деуге болады?» деген сұраққа жауап ізде. Ойыңды жинақта, қорытындыла.



**11-тапсырма.** Кестені пайдалана отырып, «Шығу парағын» толтыр.

Қызықты болды.	Бүгін мынаны түсіндім.	Қиын болды.

## 5-бөлім. ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАР

### 1–2-сабақ

#### ТАРИХ ҚОЙНАУЫНДА



Қандай тарихи тұлғаларды білесің? Олардың ел тарихындағы рөлі қандай?



**1-тапсырма.** Мәтінді тыңдап, астарлы ойды анықта.



**2-тапсырма.** Тыңдалған мәтіннен ең қажетті ақпараттарды анықтап, сұрақтарға жауап бер.

• Елбасының «Бабаларын қалтқысыз қастерлей білген халық балаларының болашағын да қапысыз қамдай алмақ» деген сөзін қалай түсіндірер едің?

- Кімдерді ұлы тұлғалар дейміз?
- Ата-баба мұралары туралы не айтар едің?
- Біз үшін ең маңызды мұра деп нені бағалайсың?



**3-тапсырма.** Бірінші бағандағы сөйлемді өз сөзіңмен алмастырып жазып, көтерілген мәселені болжап айт.

Мәтін мазмұны	Өз ойы
<p>Демек, жас өскінді ұлан-байтақ жерімізді білектің күші, найзаның ұшы, ақылдың амалымен сақтап, бізге жеткізуге үлес қосқан ата-бабаларымыздың өміршең үлгі-өнегесін сіңіру арқылы тәрбиелеу ең абыройлы міндетіміз болып қала бермек.</p>	

## Тілдік бағдар

### КӨНЕРГЕН СӨЗДЕР

күнделікті қарым-қатынаста сирек қолданылатын, бірақ тілдің сөздік қорында сақталған, көпшілікке түсінікті сөздер

Көнеру  
дәрежесі бойынша:

Көнерген сөздер көнеру сипаты мен тілдегі қолданылу ерекшеліктеріне қарай екіге бөлінеді:

**Мағынасы  
түсініксіз  
сөздер**

(байыз – байыз  
табу, кежеге –  
кежегесі кейін  
тарту).

**Мағынасы  
түсінікті,  
бірақ сирек  
қолданылатын  
сөздер**

(бәйбіше,  
қатын, мыстан,  
алдаспан).

**Тарихи сөздер**

Тарихи сөздердің көнеруі лауазымдық атаулардың, қоғамдық құбылыстардың жойылуымен, сондай-ақ әскери қару-жарақ, өндірістік құрал-жабдықтардың қолданыстан шығып қалуымен байланысты  
(болыс, сұлтан, барымта, адырна, айбалта).

**Архаизмдер**

Халықтың күн-көріс тіршілігіне, салт-санасына, тұрмысына, әдет-ғұрпы, дүниетанымына қарай әр дәуірде өзгеріп, басқа сөздермен ауысып, ескіріп, пайдаланудан біржола шығып қалған сөздер  
(жаушы, дағара, ергенек, сапты-аяқ, тұмен, асадал, дүрия, патсайы т.б.).



**4-тапсырма.** Сөйлемдерді көшіріп жазып, көнерген сөздердің мағынасын түсіндір.

Аңшы Мүсіреп Есенеі байға жарамсақтанып, жігіттің арызын аяқтатпай, киіп кетті:

– Тоқта деген соң, сүйрендемей тоқта, бала! Ауылыңа сәлем айт, Есенеі аға сұлтанның ат тұмсығын тіреген жерге таласып өуре болмасын! – деді (*Ғ. Мүсірепов*). Аламандардың киім үлгісі, сауыт-сайман, қару-жарағы да ала-құла. Біреу көбе, біреу бадана, енді біреулері тот басқан ескі кіреуке киіп алыпты (*Қ. Жұмаділов*).



**5-тапсырма.** Суреттердегі тарихи тұлғалар туралы энциклопедия, газет-журналдардан ақпарат тауып, диалог құрыңдар. Алынған материалдың авторына сілтеме жасап, өз ойларыңмен жалғастырыңдар.



Абылай хан



Әбілқайыр хан



Қасым хан



**6-тапсырма.** Төмендегі сөйлемдерден көнерген сөздерді тауып жаз. Олардың тарихи сөз немесе архаизм екенін анықта.

Хан енді шетелдерден келген елшілерді қабылдайтын болды. Әр елшіні екі қарынан екі сарай төрешісі қолтықтап ханға қарай алып жүрді. Елшілер он шақты адым қалғанда оң тізелерін бүгіп, қол қусырып, бастарын иіп тағзым етті. Қапталда отырған уәзірлер орындарынан тұрып, шетелдік меймандарды қолтықтарынан демеп, ханға беттеді, төрт-бес аттаған соң, тағы да кідіріп, тағзым етті. Елшілер уәзірлер отырған сөкіге қарама-қарсы қойылған биік сөкіге барып жайғасты.

(Ә. Кекілбаев)



**7-тапсырма.** Мәтінді оқы. Жүсіп Баласағұн туралы қосымша мәлімет ізде.

### Жүсіп Баласағұн

Қазақ даласынан шыққан ойшылдардың көрнекті өкілі Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастаны қазақтың тарихы, мәдениетімен сабақтасып, өмір шындығын баяндауымен дараланады.

«Құтты білік» дастаны – өзінің тарихи мәнін еш уақытта жоймайтын рухани мұра. Әділетті басшы басқарған, ізгілік орнаған қоғамда өмір сүру қай кезеңде болмасын, адам баласының ізгі арман-мұраты болған. Әр халықтың өзге жұртқа ұқсамайтын бітім-болмысы, өзіндік тағдырын айқындайтын басты ерекшелігі болады.

Жүсіп Баласағұн өзінің құнды мұрасында адамгершілікті, адалдықты, адамды сүюді жырлайды. Дастандағы негізгі идея – ел мүддесін ойлайтын адал басшының бейнесін көрсету арқылы әділетті қоғам орнату, мемлекетті дұрыс басқару, білімді игеру, ақылды, қанағатшыл және ізгілік, кісілік қасиеті бар тұлға тәрбиелеу. Дастанға төн ерекшелік – адамгершілікті насихаттау.

Ұрпақтан ұрпаққа мұра боп қалған бұл дастанда қоғам туралы, адам баласының асыл қасиеті – ізгілік туралы айрықша жырланады. Ұлттық тәрбие құндылықтарын жас ұрпақ бойына сіңіруде Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастаны үлкен рөл атқарады. Өз заманынан озық туған ұлы тұлғаның «Құтты білік» дастаны – тәлім-тәрбиелік құндылықтың қайнар көзі. Бұл дастан адам баласын ізгілікке, имандылыққа үндейді, рухани тазалыққа шақырады.

(Н. Келімбетов)



**8-тапсырма.** «Құтты білік» дастаны – тарихи мұра» тақырыбына жоба дайында. Жоба мәтінінде көнерген сөздерді пайдаланып, олардың мағынасын түсіндір.

*Үлгі:*

- Жобаның мақсаты мен міндеттері
- Мәселенің өзектілігі
- Орындалу әдісі және нәтижесі



**9-тапсырма.** Қазақ халқынан шыққан бір тарихи тұлғаның өмірбаянын жаз. Сөйлем ішінде көнерген сөздердің орынды қолданылуын қадағала.



**10-тапсырма.** Көнерген сөздерді мағынасына қарай орналастыр. Ережеге сүйеніп дәлелде.

Хан, патша, дүрия, сауын айту, уәзір, би, аға сұлтан, болыс, торқа, биқасап, садақ, жебе, найза, адырна, бесік құда, сауыт, айбалта, барымта, патсайы, лашық, жаппа, шидем, күпі, сәукеле, саптыаяқ, кебеже.

Тарихи сөздер

Архаизмдер



**11-тапсырма.** Берілген сұрақтарға сәйкес «Тарих қойнауында» тақырыбына мәтін жаз, оған қарапайым жоспар құр.

1. Қазақ тарихындағы тарихи тұлғалар туралы қандай ақпарат білесің?
2. Қазақ халқының ұлы тұлғалары туралы қандай шығармаларды оқыдың?
3. Өз еліңді құрметтеу неден бастау алады?



**12-тапсырма.** «Семантикалық карта» стратегиясы бойынша тілдік бағдар айдарындағы ережелердің өзіне тән ерекшелігін, қызметін, маңызын талда.

Семантикалық карта		
Тілдік бағдар	Сұрақтар	Жауаптар, мысалдар
Көнерген сөздер		
Архаизмдер		
Тарихи сөздер		



**13-тапсырма.** Сабақта алған әсеріңді, ойыңды төмендегі кестеге сәйкес жаз.

« ✓ »	« – »	« + »	« ? »
Бұрыннан білемін.	Менің ойлағаным қайшы, кереғар.	Мен үшін жаңа ақпарат.	Келісе алмаймын, білгім келеді.

### 3–4-сабақ

## ҰЛЫ ДАЛА ҰЛАҒАТТАРЫ



1. «Ұлы Дала» дегенді қалай түсінесің?
2. «Ұлағат» сөзі қандай мағынаны білдіреді?



**1-тапсырма.** Мәтінді тыңда.



**2-тапсырма.** Тыңдалым мәтінінен ең қажетті ақпараттарды анықтап, тарихи тұлға туралы сұрақтар құрастыр.





**3-тапсырма.** «Ыбырай ұлағаты» тақырыбына энциклопедия, сөздік, газет-журналдардан ақпарат жинап, мәтін құра. Авторына сілтеме жаса.



**4-тапсырма.** Мәтінді оқы.

### Әлихан Бөкейхан

Әлихан Нұрмұхаммедұлы Бөкейхан – XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының қатарындағы ерекше тұлға.

Көрнекті қоғам қайраткері, халқымыздың тұңғыш саяси Алаш партиясының және ұлттық Алашорда үкіметінің төрағасы, ғалым, тарихшы, этнограф, әдебиеттанушы, аудармашы әрі публицист, ардақты азаматтың сан қилы қызметі ұрпағына өнеге.


1920–1922 жылдары оған «буржуазиялық ұлтшыл» деген айдар тағылып, айлап абақтыда отырған. Большевик көсемдері Әлихан Бөкейханды елінен кетуге мәжбүр етіп, 1922 жылдың күзінде ол Мәскеуге жер аударылған. Оны елінен тыс жерде – Мәскеуде өлім жазасына кесілсін деген үкім шығарылып, сол үкім 1937 жылдың 27 қыркүйегінде жүзеге асырылған.



*(М. Базарбаев)*



**5-тапсырма.** Оқылым мәтіні бойынша ұяшықтарды толтыр.



## Тілдік бағдар

### Эвфемизм және дисфемизм

Кейде бір нәрсенің атын тікелей айту дөрекілеу естіледі, көңілге жағымсыз тиетіні байқалады. Мұндай жағдайда олар басқа сыпайы, жағымды сөздермен ауыстырылып айтылады. Ойды сыпайы, әдепті, жағымды етіп жеткізу мақсатында қолданылатын сөздер **эвфемизмдер** деп аталады. Мысалы: «мылжың» деудің орнына «сөзуар», «ұрланды» деудің орнына «қолды болды» деген сөздер мен тұрақты тіркестер қолданылады. Эвфемизмдер – ойды бейнелеп, көркемдеп жеткізудің бір тәсілі.

Ауызекі сөйлеуде әдепті сөзді әдепсіз, дөрекі сөзге ауыстырып айту әдеті де кездеседі. Мұндай құбылысты тіл білімінде **дисфемизм** деп атайды. Дисфемизм – мағынасы жағынан эвфемизмге қарама-қарсы құбылыс. Дисфемизм кеміту, қорлау, іске жаратпау ұғымын тудырады. Мысалы: *боқмұрын, қортық*. Дисфемизм әдеби тілдің үлгісіне жатпайды. Дисфемизммен сөйлейтін адамдарды мәдениеті төмен адамдар деп есептейді. Бұлар көркем шығармада, көбінесе, ауызекі сөйлеу тілінің үлгісінде кейіпкерлердің тілінде ұшырасады.



**6-тапсырма.** Эвфемизм және дисфемизм сөздерді екі бағанға бөліп жаз. Сөздерді ауыстырып айтудың дұрыс және бұрыс жақтарын дәлелде.

Ақсаусақ, қолды болды, жүріп кетті, сөзуар, жылампаз, пысқырма, қағынды, жүгермек, шөпжелке, айдағаның бес ешкі, ысқырығың жер жарады, өсекші, сөз тасиды, о дүниелік болды, ақсақ, көз жұмды, қол салды, оңбаған, қағып кетті, қортық, аузымды аңқитып кетті, қаза болды, жылмағай, сужұқпас.



**7-тапсырма.** Оқылым мәтіні бойынша өз ойыңмен бөліс.

+	Менің білгеніме сөйкес келеді.
–	Менің білгеніме қайшы келеді.
?	Түсініксіз, қосымша мәлімет алғым келеді.




**8-тапсырма.** Сөйлемдерден дисфемизм сөздерді тап және қандай мағынада жұмсалып тұрғанын түсіндір.

Сумақай қоймашының ол сөзіне бұл күлген де қойған. Бірақ, байқады, осы жаман неменің жүріс-тұрысы әлгі ақсақтың айтқанының алдыңғысынан гөрі соңғысына көбірек келіңкірейді (Ө. Кекілбаев). – Ей, мынау кім? Қайдан ерттің? Түу, өзі сап-сары, – деп шайпу мінезбен Мысықты бір нұқып қалды. – Өй, жынды, есерсоқ неме! Өрі кет, мұнда нең бар? – деп Шоқан тұра ұмтылып еді, қашып үйге кіріп кетті (С. Бегалин).



**9-тапсырма.** Эвфемизм және дисфемизм сөздердің ортақ белгілерін, айырмашылықтарын мына сызбаға түсіріп жаз.

Үлгі: Эвфемизм: сыпайы.  
Ортақ белгі: ойды бейнелейді.  
Дисфемизм: әдепсіз.



**10-тапсырма.** «Өнегелі ғұмыр: тарихи тұлғалар» тақырыбына өздерің білетін тарихи тұлғалар туралы мәліметтерді жан-жақты, әр қырынан салыстырып, анықтаңдар, зерттеу жүргізіңдер.



**11-тапсырма.** Газет-журналдардан тарихи тұлғалар туралы мәлімет тауып, жұп болып сұхбаттасыңдар. Ең көп мәлімет білетін жұптарды анықтаңдар.



**12-тапсырма.** Өлеңде көтерілген мәселені анықта. Өз болжамыңды дәйектеп айт.

Заманда басқан аяқ кейін кеткен,  
Жасымай Алашына қызмет еткен.  
Болса да қалың тұман, қараңғы түн,  
Туатын бақ жұлдызына көзі жеткен.

Түймеге жарқылдаған алданбаған,  
Басқадай бір басы үшін жалданбаған.  
«Қайткенде Алаш көркейер» деген ойдан,  
Басқа ойды өмірінде малданбаған.

(С. Торайғыров)



**13-тапсырма.** «Абай – ұлы тұлға» тақырыбына эссе жаз. Оған қарапайым жоспар құр.



**14-тапсырма.** Берілген фигураларға сәйкес өзіңді-өзің бағала.

1-фигура. Не үйрендім?

2-фигура. Қанша мәлімет алдым?

3-фигура. Әлі де білгім келеді.

4-фигура. Нені түсінбедім?



## 5–6-сабақ

### ТАРИХИ ТҮЛҒАЛАР ӨМІРІ



1. Тарихи тұлғалардың өмірі сені несімен қызықтырады?
2. «Өшпестей із қалдырған» дегенді қалай түсінесің?



**1-тапсырма.** Мәтінді тыңда.



**2-тапсырма.** Тыңдалым мәтінін толықтыр. Сұрақтарға жауап бер.

1. Ұлылықтың мәні неде деп ойлайсың?

2. Отанды сүю деген не?

3. Туған елге пайда әкелу дегенді қалай түсінесің?

## Тілдік бағдар

Халықтың наным-сенімі мен салт-дәстүріне байланысты атын тура айтуға тыйым салынған сөздер **табу** деп аталады. Табу сөздер дүниежүзіндегі халықтардың көпшілігінде кездеседі. Әсіресе түркі халықтарының, оның ішінде қазақ халқының тұрмысында кең тараған.

Қазақтың ескі әдет-ғұрпы бойынша жаңа түскен келін күйеуінің туған-туыстарының атын атамаған. Солардың әрқайсысының жақындық жолына, жасының үлкен-кішілігіне қарай лайықты ат қоюға тиіс болған. Мысалы: қызға *шырайлым, еркежан, бикеш* деген.

Қазақ тіліндегі табудың ендігі бір түрі қатал табиғи құбылыстарға, жыртқыш аңдар мен қауіпті жәндіктерге, түрлі ауруларға байланысты қалыптасқан. Мысалы: шешек ауруының атын атаудан қорқып, оны «қорасан» деген. Қасқырдың атын тура атасақ, естіп қалып малымызға шабады деп сескеніп, оны «ұлыма» немесе «итқұс» деп атаған.



**3-тапсырма.** Сөйлемдерді жазып, табу сөздердің астын сыз.

Дәл осы кезде есіктен шығып жатқан қонақтарға қарсы жүріп, сығылыса кірген Қалиқа Абайға жақындап кеп:

– Телғара! Қалқам, сені апаң шақырады! – деді (*М. Әуезов*). Тентекжан-ау, мені тастап бара жатқаның ба? – деп Зәйкүл де тұра жөнелді (*Б. Майлин*). Смағұл – өкемнің інісі. Мұрт шыға бастағанына азғана жыл. Мен бұл кісіні төте деймін. Шешем қазақ әйелдерінің салты бойынша атын атамайды, тергеп «шырақ» дейді (*Б. Соқпақбаев*).



**4-тапсырма.** Тарихи тұлғалардың өмірбаяны мен еңбектері туралы диалог құрыңдар. Екпін түрлеріне мән беріңдер.



**5-тапсырма.** Мәтінді оқып, ат қой. Өзара сұхбат құрыңдар.

Үй ішінде өкесі Қанышты өзінше баулыды. Жасы онға толған баласын есі кірген адамға жорыды. Бұған баланың зеректігі мен ұғымталдығы да себеп болды. Сабағын әзірлеп бітіргеннен кейін өкесі Қанышты қасына отырғызып алады да, қисса-дастандар оқытады. Өзі тапжылмаған қалпы бас шұлғи тыңдайды. Бұдан басқа ұлы бабасы Бұхар жыраудың өзі жазып алып, қастерлей сақтап жүрген жыр-толғауларын да жатқа айтқызады. Осылайша Қаныштың көкейінде талай дастандардың сарыны сақталып қалды. Өсіресе өкесі үзбей оқытатын «Едіге» жырының оқиғасы жадында өшпестей жатталды.

Саналы бидің үзбей жыр-дастан айтқызуының мәнісі – баласының ана тілін меңгеруіне себін тигізудің тәсілі еді. Өке мұраты біртіндеп жүзеге асып та жатты. Қаныш туған халқының салт-дәстүріне, сөз өнеріне, мәдени мұраларына қаныға берді. Сү-

йіспеншілігі тасқындады. Әсіресе Жаяу Мұса атасының өуендеріне және сол кісінің ықпалымен халық өуендеріне өуестігі артты. Өндердің ырғақ-үйірімін бұзбай, бұрмаламай айтудың тәсілін үйренді. Қариялар сөзіне құлақ түре жүріп, қазақтың таралым шежіресінен де көп жайларды білді.

Сырғыған жылдар Қанышты ширатып, жаңа-жаңа белестерге өрмелетті...

Туған даласының құдіретін таныту үшін құлшынған Қаныш Имантайұлы өзінің де дарынын айшықтады, көксеген мұратын жүзеге асырды. Ол жерді халықтың ырысы деп біледі. Сол ырысты халықтың қажетіне жаратты. Қазақтың сары даласын қазаны сақырлап қайнап тұрған өндіріс ошағына айналдыруға бүкіл күш-жігерін сарп етті.

*(Қ. Толыбаев. «Қаныш Сәтбаевтың балалық шағы» кітабынан)*



**6-тапсырма.** Берілген мәтінді пайдаланып, Қ. Сәтбаев туралы өмірбаяндық мәтін құрап жаз.



**7-тапсырма.** Бұқаралық ақпарат құралдарынан, энциклопедия, ғаламтордан тарихи тұлғалар туралы мәлімет жина. Жинаған ақпараттарыңа сәйкес сұрақтар құрастыр. Оларды пайдаланып, ойбөліс өткізіңдер.

### Ойбөліске қойылатын талаптар:

- тақырыптан ауытқымау;
- берілген уақыттан асырмау;
- сөз өдебін сақтау;
- тіл сауаттылығына мән беру;
- фразеологиялық тіркестерді қолдану;
- өз көзқарасын дәлелді жеткізу;
- ақпараттардың шынайылығын тексеру.



**8-тапсырма.** Парталасыңмен бірге кестені толтыр.

	Ережесі	Мысалы
Эвфемизм		
Дисфемизм		
Табу		



**9-тапсырма.** Төмендегі деректерді пайдаланып, мемлекет қайраткері туралы интервью дайындаңдар. Диалог барысында екпіннің түрлеріне назар аударыңдар.

Мұстафа Шоқай (1890–1941) – Алаш қозғалысына қатысқан ірі қайраткер, Түркістан жерінің азаттық күресі топ бастаушыларының бірі, публицист-ғалым. Ол Қызылорда облысының Шиелі ауданы Сұлутөбе ауылында туған. Сұлутөбе ауылындағы орыс білім ордасында бастауыш білім алған ол 1902 жылы Ташкенттегі гимназияға түсіп, 1910 жылы үздік бітіріп шығады. Сол жылы Санкт-Петербург университетінің заң факультетіне оқуға түсіп, оны 1917 жылы бітіреді.

Мұстафа Шоқай 1917 жылы желтоқсанда Екінші жалпықазақ съезіне қатысып, Алашорда құрамына сайланды. Түркістан (Қоқан) автономиясының жойылуына байланысты Мұстафа Шоқай шетелге эмиграцияға кетуге мәжбүр болды. «Бірлік туы» газетінің негізін қалады. 1940 жылы Парижге неміс әскері кіргенде, тұтқынға алынып, бірнеше ай түрмеде отырып шығады. Ол Берлинде қайтыс болады. Алматы қаласында Мұстафа Шоқай есімімен аталатын көше бар. Қызылорда қаласындағы Экология университетіне Мұстафа Шоқай есімі берілген. Қайраткердің туған өлкесінде оған ескерткіш қойылған.



Табу сөздер – тура айтуға болмайтын, бірақ жақсы жағынан ғана суреттелетін әдептілік белгісі.



**10-тапсырма.** Табу сөздерді қатыстырып, шағын мәтін жаз.



**11-тапсырма.** Өзіңді-өзің бағала.

Барлығын түсіндім	
Енді түсініп келемін	
Түсінбедім	

## 7–8-сабақ

### ТАРИХИ ТҮЛҒАЛАР ТАҒЫЛЫМЫ



1. «Тарихта аты қалған тұлға» деп кімді айтады?
2. «Еліңе еңбек ет» дегенді қалай түсінесің?



**1-тапсырма.** Мәтінді тыңда.



**2-тапсырма.** Тыңдалым мәтініндегі негізгі ойды анықта. Мысалдармен дәлелдеп айтып бер.



**3-тапсырма.** Суреттегі тарихи тұлғалар туралы әңгімеле. Мәлімет жинап, мәтін құра. Жетекші сұрақтар арқылы мәтіннің құрылымына назар аудар.



**4-тапсырма.** Әр тұлғаны өзі өмір сүрген замандағы ең маңызды тарихи оқиғамен байланыстырып, сипаттап жаз. Тұлғаларды тарихи оқиғаға орай ретімен орналастыр. Сөйлемдерінде көнерген сөздер болса, астын сыз. Оларды түсіндір.

Тарихи тұлға	Өмір сүрген дәуіріндегі тарихи оқиға
Абай Құнанбайұлы	
Бауыржан Момышұлы	
Қайрат Рысқұлбеков	
Құрманғазы Сағырбайұлы	





**5-тапсырма.** Мәтінді оқы.

Иә, атам шексіз бай адам! Өзінің алып жүрегімен, қара қылды қақ жарған шыншылдығымен, ұрпақтан ұрпаққа мұра болып сақталатын інжу-меруерт сөздерімен, қайталанбас қайшылықты өмірімен бай болатын. Атамның әділет пен шындық жолындағы шайқасы әлі де жалғаса береді, ұрпақтан ұрпаққа жалғаса береді. Мансапқорлық, екіжүзділік, тоғышар көлгірліктерге қарсы ұстанар әділеттің алмас қылышы болып таныла береді.

Атам суретті жақсы салатын, өзінің автопортретінің бірнеше түрі бар, бәрі тамаша шыққан. Әр дәптерінің бетінен сурет кездестірмей қоймайсыз. Оны былай қойғанда эскиз, сюжетті суреттері де біршама, маман суретшілердің өздері көңіл бөлуге тұрарлық дүниелер.

Атамның ана тілі, домбыра жайында мынадай айтқаны бар: «Өзге тілді білу сенің артықшылығың, ана тілін білу – міндетің. Домбыра – қазақтың қасиетті дүниесі. Өздерің тарта алмасаңдар да, қадірлей біліңдер».

Атам өзгенің бойындағы жақсы қасиеттерді көре білетін, соны өзінің жетістігінен артық бағалайтын. Атам Ұлы Отан соғысының сұрапыл жылдарында ерліктің отты тұлпарымен даңқтың шыңына шықты. Кейін қаруын қаламға айырбастап, азаматтық өмірге ауысқанда, халық қорына қосылатын әдеби шығармаларымен өз биігіне тағы көтерілді.

Қазір арамызда атам жоқ, бірақ «артында баласы қалса, көзі қалады де, сөзі қалса, өзі қалады де» дегендей, атамның өзі де, сөзі де арамызда. Сондықтан болар өкеміздің бар кезіндегідей үйімізден кісі үзілмейді. Ырым әлі жалғасып жатыр.

*(З. Ахметова. «Шуақты күндер» кітабынан)*



**6-тапсырма.** Тарихи тұлғалар туралы көрген кинофильм, драмалық қойылым немесе әдеби шығармадан алған әсеріңді баяндап жаз.



**7-тапсырма.** Тарихи тұлғамен кездесуің жайлы қиялыңды ой елегінен өткізіп отырып, кестені толтыр.

Тұлғамен кездесу сұхбаты			
Кіммен сөйлесемін?	Не жайлы сөйлесемін?	Қандай сөз тіркестерін қолданамын?	Қандай нәтижеге жетемін?



**8-тапсырма.** Абайдың сегізінші қарасөзін оқы. Ондағы көнерген сөздерді тауып жаз. Мағынасына қарай тарихи сөздер мен архаизмдерге ажыратып, түсіндір.

Осы ақылды кім үйренеді, насихатты кім тыңдайды? Біреу – болыс, біреу – би. Олардың ақыл үйренейін, насихат тыңдайын деген ойы болса, ол орынға сайланып та жүрмес еді. Олар өздері де үздік кісіміз, өздеріміз біреуге үлгі беріп, ақыл айтарлықпыз деп сайланды. Өздері түзеліп жеткен, енді елді түзерлігі-ақ қалған. Ол не қылып тыңдасын және тыңдайын десе де, қолы тие ме? Басында өзіндік жұмысы бар: ұлығымызға жазалы болып қаламыз ба, елдегі бұзақыларымызды бүлдіріп аламыз ба немесе халқымызды бүлдіріп аламыз ба, яки өзіміз шығынданып, шығынымызды толтыра алмай қаламыз ба? – деген ебіне қарай біреуді жетілтейін деп, біреуді құтылтайын деген бейнетінің бәрі басында, қолы тимейді.

Байлар, олар өздері де бір күн болса да, дәулет қонып, дүниенің жарымы басында тұр. Өзінде жоқты малыменен сатып алады. Көңілдері көкте, көздері аспанда, адалдық, адамдық, ақыл, ғылым, білім – еш нәрсе малдан қымбат демейді. Мал болса, Құдай тағаланы да паралап алса болады дейді. Оның діні, Құдайы, халқы, жұрты, білімі, ұяты, ары, жақыны – бәрі мал. Сөзді қайтіп ұқсын, ұғайын десе де, қолы тие ме? Ол малды суармақ, тойғызбақ; саудасын жиғызбақ, күзеттірмек, бақтырмақ, ұры-бөрі, қыс, суық-сұғанақ – солардан сақтанбақ, солардан сақтарлық кісі таппақ. Оның бәрін жайғастырып, аяғын алып келіп мақтанға орналастырғанша қашан? Қолы тимейді. Енді ұры-залым, сұм-сұрқия өздері де тыңдамайды.

Онша-мұнша қой жүнді қоңыршалар күнін де көре алмай жүр. Аналар анадай болып тұрғанда, білім, ғылым, ақылды не қылсын? Және де білім, ғылым кедейге керегі жоқтай-ақ: «Бізді не қыласың, ана сөзді ұғарлықтарға айт!» – дейді. Оның өзгеменен ісі жоқ, ана алдындағы үшеуіндей болған жанның ойында ешбір қайғысы, мұңы болмаса керек.



**9-тапсырма.** Мәтін бойынша кестені толтыр.

Абайдың сегізінші қарасөзі		
Тарихи сөздер	Архаизмдер	Дисфемизмдер



**10-тапсырма.** Төмендегі белгілермен тыңдалым, оқылым мәтініндегі әр абзацты немесе сөйлемді белгіле. Өз ойыңды қорытындылап жаз.

«✓»	«-»	«+»	«?»
Бұрыннан білемін.	Менің ойлағаныма қайшы, кереғар.	Мен үшін жаңа ақпарат.	Келісе алмаймын, білгім келеді.

## 9–10-сабақ

### ҚАЗАҚТЫҢ ҮШ БИИ



1. Қазақтың үш биі деп кімдерді айтамыз?
2. Қазіргі заманның билері деп кімдерді атауға болады?



**1-тапсырма.** Мәтінді мұқият тыңда. Ақпаратты есте сақтауға тырыс.



**2-тапсырма.** Тыңдалған мәтін бойынша дұрыс жауабы бар үш сұрақ және дұрыс жауабы жоқ бір сұрақ дайында. Сұрақтарды сарала.



**3-тапсырма.** Сурет бойынша әңгіме құрап айтып бер.



#### 4-тапсырма. Мәтінді оқы.

Төле би – қазақ халқының мемлекет қайраткері, атақты шешен. Ол қазіргі Жамбыл облысы Шу ауданының Жайсаң жайлауында дүниеге келген. Он бес жасында билікке араласып, әділдігімен, шешендігімен елге танылады. Ол Қабанбай, Бөгенбай, Жәнібек батырлармен халық майданын құрып, қазақ жерін басқыншылардан азат етуге көп күш жұмсаған.

Төле би Орта жүздің биі Қазыбек, Кіші жүздің биі Әйтекемен бірге өз Тәуке ханның кеңесшісі болып, «Жеті жарғы» әділет заңын шығарды. Халық оны көзі тірісінде «Қарлығаш Әулие» деп атаған. Төле би өзі 12 жыл билеген Ташкент қаласында жерленген. Алматыда бидің атында көше бар. Ал Астанада оған ескерткіш орнатылған.

Қазыбек Келдібекұлы – XVII ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырдың алғашқы жартысындағы қазақтың атақты биі, қоғам және мемлекет қайраткері. Әділдігі мен алғырлығы үшін Тәуке хан Қазыбекті Орта жүздің бас биі етіп сайлаған. Жоңғар басқыншылығына қарсы халық күресін ұйымдастырушылардың бірі болған. Қазыбек ел арасында «Қаздауысты Қазыбек би» атанған. Ел аузындағы аңыз-әңгімелер, биден жеткен шешендік сөздер оның өз заманында білімді, жетелі, халықтың ауыз әдебиеті үлгілерін мол меңгерген озық ойлы, батыл адам болғанын көрсетеді.

Әйтеке би – қазақ халқының бірлігін нығайтуға үлес қосқан атақты үш бидің бірі, мемлекет қайраткері. Әйтеке бес жасында молдадан оқып, сауатын ашқан. Одан соң медреседе оқыған. Медресені аяқтаған соң, ел басқару ісіне араласа бастайды. Ол

21 жасында Бұхара мен Самарқан төңірегіндегі қазақ, өзбек, қарақалпақтардың бас биі болды. Ал 25 жасында оны Кіші жүз халқы бас би етіп сайлады. Әйтеке би орталықтандырылған біртұтас Қазақ хандығын құру ісіне белсене атсалысты. Қазақ елінің тату өмір сүруінің қамын ойлаған қамқоршысы болды.

(«Елтітқа» кітабынан)



**5-тапсырма.** Оқылым мәтінінің үш бөлігінен бір жинақы мәтін құрап жаз. Көнерген сөздерді тауып, оларға анықтама бер.



**6-тапсырма.** Мәтін мазмұнына сәйкес сөйлемдерді ретімен орналастыр.

Әйтеке би орталықтандырылған біртұтас Қазақ хандығын құру ісіне белсене атсалысты.	
Төле би он бес жасында билікке араласып, әділдігімен, шешендігімен елге танылады.	
Қазыбек ел арасында «Қаздауысты Қазыбек би» атанған.	
Қазақ елінің бірлікте тату өмір сүруінің қамын ойлаған қамқоршысы болды.	
Әділдігі мен алғырлығы үшін Тәуке хан Қазыбекті Орта жүздің бас биі етіп сайлаған.	



**7-тапсырма.** Өлеңді көшіріп жаз. Оны бірнеше бөлікке бөліп, араластырып, басқа топқа беріңдер. Мәтіннің бөліктерін мазмұнына қарай ретімен орналастырып, көтерілген мәселені болжаңдар.


Алтын ұяң – Отан қымбат,  
 Құт-берекең – атаң қымбат.  
 Аймалайтын анаң қымбат,  
 Асқар тауың – әкең қымбат.  
 Туып-өскен елің қымбат,  
 Кіндік кескен жерің қымбат.  
 Ұят пенен ар қымбат.

(Қазыбек би)



**8-тапсырма.** «Би» сөзіне қатысты қасиеттерді топтастырып, ассоциаграмма құрастыр.

### Бидің қасиеттері



**9-тапсырма.** Сөйлемдерді сөйкестендіріп жаз. Бұл кімнің сөзі екенін тап.

Біз қазақ деген	қашпасын деп,
Ешкімге соқтықпай,	ешбір жау баспасын деп,
Елімізден құт-береке	мал баққан елміз,
Жерімізді	үкі таққан елміз.
Найзаға	жай жатқан елміз.



**10-тапсырма.** Төмендегі нақыл сөздердің авторын тауып жаз.

1. Шешендіктен не пайда,  
Артында сөзі қалмаса,  
Батырлықтан не пайда,  
Халқына қайран қылмаса.
2. Би екеу болса, дау төртеу болады.
3. Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ.
4. Бірлік бар жерде тірлік бар.



**11-тапсырма.** Астана қаласында қазақтың үш биінің құрметіне ескерткіш орнатылған. Ескерткіш алдында тұрып, бабалар аманатына адал елдің ұрпағы екендігінді ой-қиялыңмен қалай жеткізер едің? Монолог құрастыр.



**12-тапсырма.** Төмендегі белгілермен тыңдалым, оқылым бөлігіндегі әр абзацты немесе сөйлемдерді белгіле. Өз ойыңды қорытындылап жаз.

«✓»	«-»	«+»	«?»
Бұрыннан білемін.	Менің ойлағаныма қайшы, кереғар.	Мен үшін жаңа ақпарат.	Келісе алмаймын, білгім келеді.

## 6-бөлім. СУ – ТІРШІЛІК КӨЗІ

### 1–2-сабақ

### СУ – ТАБИҒАТ ҚҰБЫЛЫСЫ



1. «Су» ұғымымен қандай сөздерді байланыстырасың?
2. Судың адам, жан-жануарлар, өсімдіктер тіршілігіндегі маңызы қандай?
3. Өз ойыңды бірнеше тірек сөздермен жинақта.



**1-тапсырма.** Мәтінді тыңда.



**2-тапсырма.** Өз пікіріңмен бөліс.

Судың *су – бу, су – бұлт, су – жаңбыр, су – қар, су – мұз* қалпына енуінің себебін және осы қалыптағы олардың тіршілік үшін маңызын түсіндір.



**3-тапсырма.** Суреттерге мұқият қара. Не байқадың?




## Тілдік бағдар

### Есімдік

Зат есім, сын есім, сан есім сөздерінің орнына жүретін сөздерді **есімдік** деп атайды. Есімдік қай сөз табының орнына қолданылып тұрса, сол сөз табының сұрағына жауап береді. Мысалы, **Мен** жазбаймын өлеңді ермек үшін (Абай) (Кім жазбайды? – Мен жазбаймын. Зат есім). **Бұл** ұрыста біз жеңеміз (Ә.Кекілбаев) (Қай ұрыста? – Бұл ұрыста. Сын есім). Хакім **біраз** ойланып отырды (Х.Ерғалиев) (Қанша ойланып отырды? – Біраз ойланып отырды. Сан есім).

Есім сөздердің орнына қолданылатын есімдіктердің мағыналары бірдей болмайды. Есімдіктер мағыналық ерекшеліктеріне қарай жеті топқа бөлінеді: 1) жіктеу есімдігі; 2) сілтеу есімдігі; 3) сұрау есімдігі; 4) өздік есімдігі; 5) белгісіздік есімдігі; 6) болымсыздық есімдігі; 7) жалпылау есімдігі.

Есімдіктер құрамына қарай **дара** және **күрделі** болып бөлінеді. Дара есімдік бір сөзден жасалады. Мысалы, *сен, ол, сол, не? барлық* т.б. Күрделі есімдік екі сөздің бірігуінен жасалады. Мысалы, *әркім, ешбір, бірнеше, кейбіреу* т.б.





## Жіктеу есімдігі

Белгілі бір заттық ұғыммен байланысты қолданылатын есімдіктің түрі **жіктеу есімдігі** деп аталады. Жіктеу есімдігі үш жақта қолданылады. Сөйлеуші адамды білдіретін сөз I жақ болады. Оған *мен, біз, біздер* деген сөздер жатады. Тыңдаушы адамды білдіретін сөз II жақ болады. Оған *сен, сендер, сіз, сіздер* деген сөздер жатады. Бөгде адамдарды не бөгде бір затты білдіретін сөз III жақ болады. Оған *ол, олар* деген сөздер жатады.

Жіктеу есімдігі жекеше түрде де, көпше түрде де қолданылады. Мысалы:

Жекеше		Көпше
I жақ	мен	біз, біздер
II жақ	сен (сіз)	сендер (сіздер)
III жақ	ол	олар

Жіктеу есімдігіне жіктік жалғау қосымшаларын жалғауға болады. Бұлардың жіктелуінің ерекшелігі бар. Жіктеу есімдігі қай жақта тұрса, сол жақтың ғана жіктік жалғау қосымшасы жалғанады. Мысалы, *Мен ән айттым. Сен ән айттың.*



**4-тапсырма.** Төмендегі есімдіктерді құрамына және жасалу жолына қарай талда.

Мен, біз, сол, қандай, әрқашан, әлдебіреу, қайсыбіреу, кейбір.



**5-тапсырма.** Жіктеу есімдігінің септелу үлгісімен таныс. Қысқаша ереже құрастырып жаз.

Септіктер	Мен	Сен	Сіз	Ол	н, л дыбысы түсіп қалады	-ған қосымшасы пайда болады
Атау	Мен	Сен	Сіз	Ол	–	–
Ілік	Менің	Сенің	Сіздің	Оның	Ме(н)-нің Се(н)-нің О(л)-ның	–
Барыс	Маған	Саған	Сізге	Оған	–	ма-ған са-ған о-ған

Табыс	Мені	Сені	Сізді	Оны	Ме(н)-ні Се(н)-ні О(л)-ны	–
Жатыс	Менде	Сенде	Сізде	Онда	Ол(л)н-да	–
Шығыс	Менен	Сенен	Сізден	Онан, одан	Ме(н)-нен Се(н)-нен О(л)-нан О(л)-дан	–
Көмектес	Менімен	Сенімен	Сізбен	Онымен	О(л)ны- мен	–



**6-тапсырма.** Диаграмманы пайдалана отырып, мәтінді оқы.

Су – адамзат баласының өмірі мен экожүйені сақтаудағы негізгі табиғи компонент. Су қоры тапшы өңірлердің экономикасы құлдырайтыны белгілі. Ал еліміздің жалпы су ресурстарына, Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына қолданыстағы су қорлары ықпал етеді.

Қазақстан қазіргі кезде су қорының тапшылығы аса байқала қоймаған елдер қатарына жатады. Әйтсе де, Арал–Сырдария және Нұра–Сарысу сушаруашылық алаптарындағы жағдай басқаша.

Еліміздің қалпына қайта келетін су қоры жылына орташа есеппен 100,5 км<sup>3</sup>-ді құрайды. Соның тек 56,5 км<sup>3</sup>-і ғана республика аумағында қалыптасады. Қалған 44,0 км<sup>3</sup> – шегаралас мемлекеттерден келетін су қоры. Мысалы, Қытай Халық Республикасынан – 18,9 км<sup>3</sup>, Өзбекстан Республикасынан – 14,6 км<sup>3</sup>, Қырғыз Республикасынан – 3,0 км<sup>3</sup>, Ресей Федерациясынан – 7,5 км<sup>3</sup>. Сондықтан Қазақстан көрші елдердің трансшегаралық өзендерінен келетін ағын суға өте тәуелді.

Табиғатты қорғау мақсатында өзендер мен көлдердің (экологиялық ағынды) экожүйелерін қорғау үшін жалпы 100,5 км<sup>3</sup> су қоры қалыптасуы қажет болса, бізге әр жыл сайын 38,6 км<sup>3</sup> қажет. Арналар мен өзендерде қажетті инфрақұрылымның жоқтығынан, булану, сүзгілеу және Қытай, Ресей сияқты шегаралас мемлекеттерден судың міндетті түрде келіп түсуі тиіс көлемінің жеткіліксіздігінен жылына 29 км<sup>3</sup> су жетпей отыр. Оның үстіне су қорының 12,8 км<sup>3</sup>-і өзеннің ағын суының табиғи өзгергіштігі себебінен толықпай қалуда. Сонымен Қазақстан Республикасын-

да қазіргі уақытта су қорының қолжетімді, тұрақты және сенімді көлемі жылына 23,2 км<sup>3</sup> құрайды.

(«Қазақстандағы су ресурстарының өзекті мәселелері» мақаласынан)

Еліміздегі су қоры	100,5 км <sup>3</sup>
Республикада ғана қалыптасатын су қоры	56,5 км <sup>3</sup>
Шегаралас мемлекеттерден келетін су қоры	44,0 км <sup>3</sup>
Қытайдан келетін су қоры	18,9 км <sup>3</sup>
Өзбекстаннан келетін су қоры	14,6 км <sup>3</sup>
Ресейден келетін су қоры	7,5 км <sup>3</sup>
Қырғызстаннан келетін су қоры	3,0 км <sup>3</sup>
Еліміздегі экожүйені қорғауға қажет су қоры	100,5 км <sup>3</sup>
Еліміздегі экожүйені қорғауға жетіспейтін су қоры	38,6 км <sup>3</sup>
Жалпы еліміздегі толықпайтын су қоры	29 км <sup>3</sup>
Өзеннің ағын суының табиғи өзгергіштігінен толықпайтын су қоры	12,8 км <sup>3</sup>




**7-тапсырма.** Дұрыс жауабын анықта.

1	Қайта қалпына келетін 100,5 км <sup>3</sup> -ді құрайтын су қоры	А) Қытайдан келеді Ә) Ресейден келеді Б) өз еліміздің су қоры
2	Шегаралас мемлекеттерден келетін су қоры	А) 56,5 км <sup>3</sup> Ә) 44,0 км <sup>3</sup> Б) 7,5 км <sup>3</sup>
3	Елімізге су қорын көп мөлшерде беретін шетел	А) Қырғызстан Ә) Ресей Б) Қытай
4	Су қорының 12,8 км <sup>3</sup> -і толықпайды, себебі ...	А) судың булануынан Ә) өзен суының табиғи өзгергіштігінен Б) сүзгілеуден өтпегендіктен
5	Жылына 29 км <sup>3</sup> су жетпейді, өйткені...	А) судың булануынан Ә) өзен суының табиғи өзгергіштігінен Б) сүзгілеуден өтпегендіктен


6	Елімізде 23,2 км су қоры	А) тапшы Ә) қолжетімді Б) қажет
---	--------------------------	---------------------------------------



**8-тапсырма.** Мәтіндегі ақпаратты пайдалана отырып, графиктік мәтін құрап жаз.



Су қорының көздері (км<sup>3</sup>)



Тапшы су қорлары (км<sup>3</sup>)



**9-тапсырма.** Монологті оқып, мәтіннің қай стильде жазылғанын анықта. Тілдік ерекшелігін көрсет. «Сен» жіктеу есімдігінің септелуін парталасыңмен талда.

Сенің дәмің де жоқ, түсің де жоқ, сенің не екеніңді білмегендіктен, сені суреттеп беру де мүмкін емес, сенен тек ләззат аласың. Сен өмірге өте қажетсің, сен – өмірдің өзісің. Сенімен барлық әлемдегі тіршілік рақат күйге енеді, оны біз бес сезім мүшемізбен де түсіндіріп бере алмаймыз. Сен бізге біз ұмытқан күш пен қасиетті бересің. Сенің қайырымдылығыңның арқасында жүректегі тартылып қалған бұлақтардың көзі қайта ашылады. Сен – өмірдегі ең қымбат байлықсың...

(А. Сент-Экзюпери)

- Монологтегі негізгі ой не туралы?
- Монологте әңгімеге қанша адам қатысады, ой нешінші жақта айтылған?
- Өмір сүру үшін аса маңызды емес нәрселерді тізіп жазып көр. Нәтижесі қандай? Неге солай болды?
  - Мына ойды жалғастырып жаз: «Мен үшін ең қымбат байлық – ..., өйткені ...»
  - Ал монолог авторы қандай байлық туралы айтып тұр?
  - Автордың «сен өмірге өте қажетсің, сен – өмірдің өзісің» деген тұжырымдарымен келісесің бе? Пікіріңді мәтіндегі ақпараттарды қолдана отырып дәлелде.



**10-тапсырма.** Суреттерге қарап, жіктеу есімдіктерін қолдана отырып сөйлем құра.



**11-тапсырма.** Сөйлемдердегі есімдіктердің қай сөз табымен байланысып тұрғанын анықта. Кестені үлгі бойынша толтыр.

Жүніс сегіз жаста еді, ол оқып та, жаза да білмеуші еді (*М. Дулатұлы*). – Түндегі бір даурыққан хабар екен ғой? – Естісең, сол (*Ж. Аймауытұлы*). – Кіммен күрес деп отырсындар? – Шәкіманмен (*Ж. Аймауытұлы*). Бір шалдың төрт ұлы болыпты. Бірде шал сол ұлдарын жинапты (*Ертегі*). Кімді айтса, сол келер (*Мәтел*). Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар, оның тәтті оралған мәні оятар (*Абай*).

Есім сөз	Есімдік	Дәлелдеме
Жүніс (зат есім)	Ол	«Ол» жіктеу есімдігі, сөйлемде «Жүніс» деген деректі зат есіммен мағыналық байланыста тұр.
Хабар (зат есім)		



**12-тапсырма.** Өз ойыңды қорытындыла.

«✓»	«-»	«+»	«?»
Бұрыннан білемін.	Менің ойлағанымға қайшы, кереғар.	Мен үшін жаңа ақпарат.	Келісе алмаймын, білгім келеді.

### 3–4-сабақ

## СУ – ҚАСИЕТТІ ҰҒЫМ



Суреттерге назар аудар. Сенде қандай ой туындады? Жұпта, топта талқылап, ойларыңды ортаға салыңдар.



**1-тапсырма.** Мәтінді тыңда.



**2-тапсырма.** Тыңдалған мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер, өз пікіріңді дәлелде.

- Сен топырақ, жел, от, су тегінің қайсысына жатасың?
- Сенің жұлдызың не?
- Шаян, сарышаян, балықтар су текті жұлдыздар екенін білесің бе?
- Шаян, сарышаян, балық жұлдыздары не себепті су тектілерге жатады? Оларда сумен ұқсас қандай белгілер бар?
- Табиғат, су, адам арасындағы байланысқа қалай сипаттама берер едің? Өз ойыңды айт.



**3-тапсырма.** «Мен жұлдызнама бойынша қандай адаммын?» тақырыбына шағын таныстырылым дайында. Төмендегі талаптарды орында. Екпін түрлеріне мән бер.

- ✓ Жұлдызыңды анықтап ал.
- ✓ Жақсы қасиеттеріңді көрсете біл.
- ✓ Мінез-құлқыңның нашар тұстарын да айт (мысалы, еріншектік т.б.).
- ✓ Қорытынды жаса.



**4-тапсырма.** Суреттердегі әрекетті сипатта.



## Шілдік бағдар

### Сілтеу есімдігі

Алыстағы не жақындағы нәрселерді сілтеп, нұсқап көрсету үшін қолданылатын сөздерді **сілтеу есімдігі** дейді.

Сілтеу есімдігіне *бұл, осы (осынау), ол, сол (сонау), мына (мынау), ана (анау), әне, міне* деген сөздер жатады. Сілтеу есімдіктері заттық ұғымға айналып айтылса, зат есімнің үлгісімен көптеледі (бұлар, осылар, олар), тәуелденеді (бұным, соным, бұныңыз, соныңыз), септеледі (бұған, соған).

### Сұрау есімдігі

Бір нәрсенің атын не оның түрі мен түсін, саны мен сапасын білу үшін қойылатын сұрақтар **сұрау есімдігі** деп аталады. Сұрау есімдіктері: *кім? не? қай? қайсы? қандай? қанша? неше? нешеу? нешінші? қайда? қайдан? қалай?* Сұрау есімдігінің бірқатары көптеліп, тәуелденіп, септеліп және жіктеліп, тұлғалық жағынан құбылып отырады.



**5-тапсырма.** Жіктеу есімдігінің септелу үлгісін есіңе түсір. Сөйлемдерді көшіріп жаз. Сілтеу есімдігінің өзгерісін түсіндір.

Оны атамай, Қайырбек Баршагүлді қалайды (*Ф. Сланов*). Соны іздеймін деп, түстен былайғы жұмысым қалды (*Ф. Мүсірепов*). Қазіргі шақта Базаралы келгелі бір жұмадай болса да, оны қала ішінде қарсы алған көңілдес ағайын күндіз-түн қонақ етеді (*М. Әуезов*). Бұны жақтыртпаған сыңай танытып Ақан далаға беттеді (*Ф. Мүсірепов*).



**6-тапсырма.** Мәтінді мәнерлеп оқы.

### Бабалар аманаты

Ата-бабаларымыздың ұғымында адамдардың жұлдыздары әр алуан, бірінікі біріне ұқсамайды. Кейбір жұлдыздар – топырақ, кейбірі – су, енді бірі – от, тағы бірі – ауа, жел сипаттас болып келеді. Бұл адамның мінезін, арадағы қарым-қатынасын белгілейді. Мысалы, жұлдызы су текті адам жұлдызы от текті адаммен жараса алмайды. Бір-бірімен тіл табыса алмайтындарды «жұлдызы жараспады» деп, өмірі өш болып жүретіндерді «бұлардың жұлдызы қарсы» дейтіні осы жұлдыздарға байланысты түсініктерден шыққан. Адам тағдырын жұлдызбен болжап айту, көріпкелдік жасау Шығыс әлемінде баяғыдан бар. Жерді анаға теңеген халқымыз суды да ертеде «Су-ана» деп қастерлеген. Анасыз адамның өмірге келмейтіні секілді, су жоқ болса, өмір сүру де жоқ. Қазақ ұғымында суға жуынды төгу күнә саналады. Су таза. Оның тазалығын сақтау өмір-тіршілікті сақтау екенін бұрынғы замандарда өткен ата-бабалар жақсы түсініп, бізге өсиет еткен. «Таза болсаң судай бол, бәрін жуып кетірген», «Сулы жер – нулы жер», «Бұлақты жер – құрақты жер», «Толысып аққан дария – мейірбанды қария», «Жылай-жылай құдық қазсаң, күле-күле су ішерсің» деген мақалдар бар. «Су ішкен құдығыңа түкірме» деп тыйым айтады. «Сумен ойнама, батарсың», – деп сақтандырады. «Тау мен тасты су бұзар», – деп судың ғаламат күшін ұқтырады. Шошынып ауырған адамды сумен ұшықтап емдейді. Бұл күні бүгінге дейін ел ішінде жалғасып, өз пайдасын көрсетіп келеді. «Сулы



жер құрақсыз болмас, таулы жер бұлақсыз болмас», – деп су бар жерде сұлулық, тіршілік бар екенін түсіндіреді. Суды қадірлеп, бағаламаған ел апатқа, азапқа ұшырайтынын тіршілік тәжірибелері адамға көрсетіп-ақ келеді. «Судың да сұрауы бар», «Аққан судың да тоқтауы бар» деп халық көрегенділікпен айтқан.

(З. Ахметова)



**7-тапсырма.** Мәтінді көшіріп, қарамен жазылған сөздерден кейін жақша ішіне тиісті сұрау есімдіктерін жаз.

Сусыз **тіршілік** жоқ, ол бүкіл тірі жан иесінің бойында бар. Тамақсыз **бірнеше** күн өмір сүруге болады, ал **сусыз** көп уақыт өмір сүру мүмкін емес. Алайда **ішуге жарамды таза су Жер бетінде** барған сайын азайып бара жатыр. Адамдар суды өнеркәсіп қажетіне **көп** пайдаланып, оны **өндіріс** қалдығымен ластауда. Біз су құнды байлығымыз екенін ұмытпауымыз керек. «Судың да сұрауы бар» дегендей, су сарқылмасын, тоқтамасын, азаймасын десек, еліміздегі су **қорын** көздің қарашығындай сақтағананымыз абзал.



**8-тапсырма.** Суға қатысты тыйым сөздердің мағынасына талдау жаса, пікіріңді дәлелде.

### Тыйым сөздер

Суды сапырма.

Суды ластама.

Құдыққа түкірме.

Суды төкпе.

Түнде суға барма.

Менің ойымша, ...



**9-тапсырма.** Өзіңе «Мен судың қадірін білемін бе?» деп сұрақ қой. Өз пікіріңді дәлелде. Дәлеліңде есімдіктерді қолдан.

**Бірінші сөйлем.** «Менің ойымша ...»

**Екінші сөйлем.** «Себебі мен оны ... деп түсіндіремін».

**Үшінші сөйлем.** «Оны мен ... деген деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын».

**Соңғы сөйлем.** «Осыған байланысты мен ... деген шешімге келдім».



**10-тапсырма.** «Ішуге жарамды таза су жер бетінде барған сайын азайып бара жатыр» деген тұжырыммен келісесің бе? Келісу/келіспеу әссесін жаз.

**Әссе шарттары:**

- ✓ Кіріспе бөлім: судың адам өміріндегі маңызы
- ✓ Негізгі бөлім: таза су мәселесі
- ✓ Қорытынды бөлім: өзіндік ұсыныс, пікір



**11-тапсырма.** «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жауап бер.

1. Бүгін не үйрендің?
2. Тақырып бойынша қандай сұрақтарың бар?
3. Келесі сабақта қандай мәселелерге көңіл аудару керек?

## 5–6-сабақ

### БҰЛАҚ КӨРСЕҢ, КӨЗІН АШ



Суреттерді өзара байланыстырып, әңгіме құра.



**1-тапсырма.** Мәтінді тыңда.



**2-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер.

1. Зәмзәм суының ерекшелігі неде? Қандай су ішуге жарамды? Ол жайында не білесің?
2. Бұлақтан, қайнардан су ішіп көрдің бе?

### *Білгенге маржан*

Кәдімгі арналы өзендер, үлкен-үлкен дариялар тұма, бұлақтардан бастау алады.

## Тілдік бағдар

### Болымсыздық есімдігі

Есім сөздерінің орнына жүріп, болымсыздық мағынаны білдіретін есімдіктің түрі **болымсыздық есімдігі** деп аталады. Оларға: *ештеңе (ештеме), дәнеңе (дәнеме), ешкім, ешқандай, ешбір, ешқайсысы, ешқашан, ешқайда* деген сөздер жатады.

### Өздік есімдігі

Өздік есімдігіне бір ғана **өз** сөзі жатады. Бұл есімдік көбінесе *өзім, өзің, өзіңіз, өзі, өзіміз, өздеріңіз* деген сияқты оңаша және ортақ тәуелдеулі түрде қолданылады. Мысалы: *өз (өзімнің) үйім, өз (өзіңнің) үйің, өз (өзінің) үйі*. Бұдан өзге жағдайдың бәрінде жекеше не көпше түрде тәуелдік жалғауының үш жағының бірінде тұрып септеледі және жіктеледі. Мысалы, *өзімнің кітабым, өзіңізге келдік, өзім барамын*.



**3-тапсырма.** Олеңді жаттап ал. Өздік есімдігінің түрлену себебін түсіндір. Өздік есімдігін қай сөзбен ауыстыруға болатынын/болмайтынын дәлелде.

Күннен туған баламын,  
Жарқыраймын, жанамын,  
Күнге ғана бағынам.

Өзім – күнмін, өзім – от,  
Сөзім, қысық көзім де от,  
Өзіме өзім табынам.

(М. Жұмабаев)



**4-тапсырма.** Диалогті оқы. Ауызекі сөйлеу тілінің ерекшелігін анықта.

Қара шал не заматта көк шалғынды құйқалы өңірге ат басын бұрған. Төбе бауырындағы шоқ жидеге жетіп аттан түскен. Шөбі қалыңдау тұсқа еңкейе үңілген.

– Обал-ай, бітеліп қапты, – деді басын шайқап.

– Ата, ол не?

– Тұма ғой, балам. Соңыра көзін аршиық. Ақсын сылдырап.

Адамдардан аялы алақан күтіп жатыр-ау!

– Тұма деген не, ата?

– Балам, тұма – судың көзі. Бұлақ пен өзеннің басы. «Бұлақ көрсең, көзін аш» деген сөз бар қазақта. Бес-алты жылдай бұ жаққа ат ізін салмап едім, көрдің бе, шөп-шалам басып қалғанын. Сусырап отырған жоқпыз. Бірақ тұщы, мөлдір бұлақ суына жете ме?! Даланың аң-құстары да ішіп, рақаттансын! (Т. Әбдірайым)



**5-тапсырма.** Мәтінді салыстыра оқы. Ауызекі сөйлеу тілінің ерекшеліктерін анықта.

### 1-мәтін

#### Таза бұлақ

Үш жолаушы бір бұлақтың басында бір-біріне кез бопты. Бұлақ бір тастақ жерден шыққан, айнала-сы қалың біткен ағаш жапырақтары бұлақтың үстіне төгіліп, суы мұздай, салқын, шыныдай жылтылдап тұрған сонша әдемі, таза бұлақ екен. Су шыққан жеріне бір қазандай тасты біреу ойып қорғаныш қылып, тастың суағар жеріне жазу жазыпты:

– Әй, жолаушы, болсаң осы бұлақтай бол, – деп. Манағы үш жолаушы бұлақтан ішіп қанған соң жазуды оқып, біреуі саудагер екен, ол айтты:

– Бұл жазылған ақыл сөз екен, бұлақ күн-түн тынбай ағып, алыс жерлерге барады, бара-бара кеңейіп, үлкейеді, бұған бөтен бұлақтар құйып, сөйте бара үлкен өзен болып кетеді. Мұнан мұрат сол: сен де, адам, тынбай қызмет қыл, еш уақытта жалқауланып тоқтап қалма, сөйтсең, ақырында, сен де зорайып мұратыңа жетесің дегені ме деп білемін, – деді...

Жігіт айтты: – Менің ойыма бөтен бір нәрсе келеді: бұл бұлақтың суы бір орында тынып тұрып, шөп-шалам түсіп, лай-қоқым болса, бұған адам мен айуан мұнша ынтық болмас еді; бұлақ күні-түні тынбай ағып тазаланып тұрғаны үшін ынтық болады. Олай болса, жазудың мағынасы: көңіліңді, өз бойыңды осы бұлақтай таза сақта дегені ме деймін, – деді.

(БІ. Алтынсарин)

### 2-мәтін

#### Бұлақ

Бұлақ, бастау – жер бетіне шығып жатқан табиғи жерасты су көзі. Бұлақтар әртүрлі белгілері бойынша тұма, қайнар, термалды бұлақ, жалғасты бұлақ және т.б. бірнеше топқа бөлінеді. Суы тұщы, әсіресе, мол өнімді бұлақтар елді мекендерді ауыз сумен, шаруа қожалықтарын керекті сумен қамтамасыз етуге, жер суаруға кеңінен пайдаланылады.

Бұлақтың арынсыз және арынды түрлері бар. Арынсыз бұлақ ылғалды жылдарда, көктемде қар ерігеннен кейінгі және жауын-шашынды кезеңдерде жер бетіне таяу жатқан су деңгейінің көтерілуінен пайда болады. Оны әдетте «тұма» деп атайды. Арынды су көзі артезиан (арынды) суынан бастау алып, тау-тастардың терең жарықтарынан шығады, оны қайнар деп атайды. Мұндай су көзінің өнімі, температурасы минералдық тұмаға қарағанда тұрақты келеді.

(«Атамекен» кітабынан)



**6-тапсырма.** Оқылым мәтіні бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Бұлақ қалай пайда болады?
2. Тұма және қайнар, бұлақтардың бір-бірінен айырмашылығы неде?
3. Бұлақтың қандай пайдасы бар деп ойлайсың?
4. Мәтін не себепті «Таза бұлақ» деп аталған? Өз пікіріңді айт.
5. Өзің қай жолаушының жауабын дұрыс деп шештің? Себебін дәлелде.
6. Екі мәтіннің тілдік ерекшеліктерін салыстыр. Не байқадың?



**7-тапсырма.** Мәтіннен болымсыздық есімдіктері қолданылған сөйлемдерді көшіріп жаз.



**8-тапсырма.** Сөйлемдерді көшіріп жазып, болымсыздық есімдігінің түрлену себебін түсіндір.

1. Ештеңе естілмейді.
2. Ешқайсысының бізге керегі жоқ.
3. Мен мектепте ешкімді де кездестіре алмадым.
4. Олардың ешқайсысынан әлі хабар жоқ.
5. Үнемі ешқандай өзгеріссіз бір қалыпта тұратын нәрсе болмайды.
6. Айнала тып-тыныш, ешбір дыбыс естілмейді.
7. Бұл сөзді бұдан бұрын ешқашан естіген емен.



**9-тапсырма.** Болымсыздық және өздік есімдіктерін төмендегі сөздермен байланыстырып, кестені бес минутта толтыр.

Бұлақ	Көл	Өзен	Теңіз



**10-тапсырма.** Мәтіндегі есімдіктерді дәптеріңе теріп жаз.



**11-тапсырма.** Сабақта алған әсеріңді төмендегі кестеге сәйкес айтып бер.

«✓»	«-»	«+»	«?»
Білемін.	Білмеймін.	Мен үшін жаңа ақпарат.	Мені таңғалдырды.

## 7–8-сабақ

### ЖЕР-СУДЫҢ АТЫ – ТАРИХТЫҢ ХАТЫ



1. Сен өз туған жеріңдегі өзен атауларын білесің бе?
2. Олар не себепті сондай атауға ие болған?
3. Жер-су атаулары туралы қандай аңыз, әңгімелерді, өлең-жырларды білесің?



**1-тапсырма.** Мәтінді тыңда.



**2-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер.

1. Мәтінге ат қой. Не себепті олай атадың? Дәлелде.
2. Балқияның әкесі қандай адам деп ойлайсың?
3. Қазіргі Балқаш көлі туралы тағы қандай аңыздар білесің?



**3-тапсырма.** Суретке қарап ой толға. Қарамен берілген сөздерге назар аудар.




Бөлмеде кім бар? Бұл заттардың **барлығы** осы бөлмеде неге тұр? **Кейбір** заттар неге олай орналасқан? **Әлдебіреулер** оны шашып кеткен бе? Бөлмеде бүлініп қалған заттар бар ма?

## Тілдік бағдар

### Белгісіздік есімдігі

Есім сөздерінің орнына жүріп, олардың белгісіздігін білдіретін есімдіктерді **белгісіздік есімдігі** деп атайды. Белгісіздік есімдігіне *біреу, кейбіреу, бірдеме, әркім, әрне, әлдекім, әлдене, қайсыбір, кейбір, қайсыбіреу, әрбір, бірнеше, әлденеше, біраз, әрқалай, әлдеқашан* және т.б. сөздер жатады.



### Жалпылау есімдігі

Есім сөздерінің орнына жүріп, жалпылау, жинақтау мағыналарын беретін есімдіктің түрі **жалпылау есімдігі** деп аталады. Оларға: *бәрі, барлық, барша, бүкіл (бүтін, бүткіл), күллі, тегіс* деген сөздер жатады. Жалпылау есімдігі зат есімнің алдында келіп, *қанша?* деген сұраққа жауап береді. *Бәрі, барлық, барша* сөздері тәуелдік жалғауының III жағында септеліп, орнына қарай сөйлемнің барлық мүшелерінің қызметінде қолданыла береді. Мысалы: *бәрі, бәрінің, бәріне, бәрін, бәрінде, бәрінен, бәрімен.*



**4-тапсырма.** *Бәрі, барлық, барша, бүкіл, күллі* деген жалпылау есімдіктерін қолданып, өзен-көлдерге қатысты 5 сөйлем құрап жаз.



**5-тапсырма.** Мәтінді оқы.

Алакөл – Қазақстанның ғажайып, қайталанбас көрікті көлдерінің бірі. Ол республикамыздың Қытаймен шегаралас жатқан оңтүстік-шығыс аймағында орналасқан. Бұл – «Алакөлдер» тізбегіндегі ең үлкен айдын. Күн батар сәтте оның беті ақ түстен көгілдірге, жақұтты бояуынан құбыла ойнап, күңгірт-көк реңкке немесе сұр бояуларға ауысады. Кейде тіпті көл айдынының жартысы көгілдір түске, екінші беті сүттей аппақ бояуға малынып та тұруы мүмкін. Көл суының түсін бір қарағанда анықтау қиын. Ұсақ көлдердің түсі алуан түрлі болады. Айталық, Сасықкөл көгілдір түсті, Қоржынкөл сұрғылт, Қылытүз сары. Жергілікті тұрғындар көлді пішінінің, түсінің, көлемінің әртүрлі болғаны үшін «Алакөл» деп атап кеткен. Алакөл Ұялы, Жалаңашкөл, Сасықкөл және т.б. ұсақ көлдерден тұрады.

Алакөл – емдік қасиеті өте мол ағынсыз суқоймасы. Мұндағы Арқаның қуаң даласындағы құрғақ ауа теңіз бетіндегі дымқыл ауамен араласып, жағасындағы адамға жағымды әсер береді. Көл суы да минералды ресурстарға, йодқа, тұзға, химиялық элементтерге бай болғандықтан, судың денсаулыққа пайдасы медицинада дәлелденген. Алакөлдің суы тұзды және Бұқтырма суқоймасымен салыстырғанда, әлдеқайда жылы. Адамдар Алакөлге оның емдік қасиеті үшін көптеп келеді. Халық сөзіне сүйенетін болсақ, оның қасиетті суы әртүрлі тері аурулары, жүйке-жүйе мен демікпе дерттеріне шипа көрінеді. Бұл өлкеде емдік қасиеті мол сазбалшық пен таза ауа үйлесім тапқан.

*(«Қазақстанның қорықтары мен ұлттық парктері» кітабынан)*



**6-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер.

1. Алакөлді не себепті ғажайып көл деп атаймыз?
2. Көлдің емдік қасиеті неден байқалады?
3. Бүгінде Алакөл қандай орталыққа айналды?





**7-тапсырма.** Мәтінге сүйеніп, төмендегі сөздер мен сөз тіркестерін сызбаға сәйкес бөліп жаз.

**Үлгі:** Негізгі ақпарат беретін сөздер: көрікті көл

Ақ, күңгірт, сұр, көк, Алакөл, ұсақ көл, емдік қасиеті, құрғақ ауа, дымқыл ауа, химиялық элементтер, суы тұзды, суы жылы, үлкен айдын.

Негізгі ақпарат беретін сөздер:	
Детальді ақпарат беретін сөздер:	
Қосымша ақпарат беретін сөздер:	



**8-тапсырма.** Оқылым мәтіні бойынша Алакөлге анықтама жаз.

Р/с	Алакөл	Деректер
1	Орналасқан жері	
2	Құрамындағы көлдер жүйесі	
3	«Алакөл» аталу себебі	
4	Көл суының түсі	
5	Суының құрамы	
6	Емдік қасиеті	



**9-тапсырма.** «Алакөл – демалыс орны» тақырыбында туристерді шақыру мақсатында жәрмеңке жаса. Өз сөзінде белгісіздік, жалпылау есімдіктерін қолдан. Төмендегі талаптарды орында.

1. Алакөл туралы жалпы мәлімет бер.
2. Көлдің артықшылықтарын айт.
3. Неліктен Алакөлде демалу керек? Өз ойыңды айт.
4. Өз сөзінде мақал-мәтелдер, қанатты сөздер мен қызықты деректерді қолдан.



**10-тапсырма.** Есімдіктерді түрлеріне қарай топтастыр, парталасыңмен бірге кестені толтыр.

Кейбіреу, нешеу? күллі, қалай? біреу, әрбір, тегіс, қай? кімдер? барша, әлдене, бірнеше, қайсыбір, қалайша? бірдеме.

Белгісіздік есімдіктері	
Жалпылау есімдіктері	
Сұрау есімдіктері	



**11-тапсырма.** Сын есімнің орнына қолданылып тұрған белгісіздік есімдіктерін сұрақ қоя отырып анықта. Сөйлемдерді көшіріп жаз.

1. – Қазақстан! – деймін ішімнен әрбір қарпіне көңіл құлағын тосып. 2. Ол қайсыбір сәттерде көңілі құлазып, жүрегі сыздап, ауылды аңсап отыратын еді. 3. Кейбір құрбы бүгін тату, ертең бату. 4. Жанынан әлдебір сұлба көлбеңдеп өткендей болды. 5. Әрбір адамның өз пешенесіне жазылған тағдыры бар, кейбірі өзінің өмір жолында бұйырған адамына жолығады. 6. Оның осы әрекетіне кейбір адамдар налыды.



**12-тапсырма.** «Төрт сөйлем» тәсілін пайдалана отырып, сабақ бойынша түсінгеніңді жаз.

**Пікір.** Оқыған мәтін бойынша өз пікіріңді бір сөйлеммен жаз.

**Дәлел.** Өз пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.

**Мысал.** Пікіріңді өмірмен байланыстырып, бір мысал келтір.

**Қорытынды.** Тақырып бойынша қорытынды жаз.

## 9–10-сабақ

### СУЛЫ ЖЕР – НУЛЫ ЖЕР



Дүниежүзіндегі ең үлкен, ең кішкентай көлдер мен өзендер туралы не білесің?



**1-тапсырма.** Мәтінді тыңда.



**2-тапсырма.** Тыңдалым мәтіні бойынша негізгі ақпаратты анықта. Төмендегі тірек сөздерді қолдан.

1. Балқаш → балық → тайдай → құстары → қойдай
2. Нұра → алты күн → ат семіру
3. Өлеңті → суы → шөбі → май
4. Торғай → суы бал → ақ шабағы май
5. Жайық → суы бал → жағасы тал



**3-тапсырма.** Мәтін мазмұны бойынша сөздерді сәйкестендір.

Суы бал	өте үлкен
Ақ шабағы май татыған	суы тәтті, тұщы
Ат семіретін жер	суы құнарлы
Балығы тайдай	балықтары семіз
Суы май	шөбі мол, құнарлы



**4-тапсырма.** Тыңдалым мәтіні бойынша есте қалған ақпараттарды қағаз бетіне түсіріп жаз. Кезекпен дауыстап оқып, ақпараттар қатарын толтырыңдар. Мәтінді қайта тыңдап, мәліметтерді салыстыр.



**5-тапсырма.** Мәтінді оқы.

Қазақстандағы ең ұзын өзен – Ертіс. Оның ұзындығы төрт мың шақырымнан да көп, соның ішінде 1400 километр бойы Қазақстан аумағымен ағады. Тарбағатайдың солтүстік баурайын, Сарыарқаның солтүстік шығысын, Ресей жерінде Батыс Сібір жазығы мен Шығыс Орал етегін қамтиды. Бұл өзен Алтайдың батыс беткейінен бастап Қара Ертіс деген атаумен басталып, Зайсан көліне құяды.

Ұзындығы жағынан екінші орында тұрған өзен – Жайық. Оны орыстар «Орал» өзені деп атайды. Ол Оңтүстік Орал баурайынан басталып, Каспий теңізіне құяды. Бұл өзенде кеме жүзеді. Онда балықтың ішіндегі бекіре сынды аса құнды балық түрі бар. Ертістен екі есе кіші өзен – Сырдария. Жолы Қызылқұм үстінен өтеді. Бір кездері бұл өзеннің жағасында ежелгі қалалар мен қоныстар болған. Іле өзені ұзындығы жағынан Сырдариядан сәл-ақ кіші. Іле



өзені Тянь-Шянь тауларынан бастау алатын Текес және Күнгес (Күнес) өзендерінің қосылуынан пайда болып, Балқаш көліне құяды. Осы өзендермен аса күрделі бағыттар өтеді.

Балқаш көлі – бір ғажайып көл. Оның батыс бөлігі тұщы, шығысындағы бөлік тұзды судан тұрады. Жіңішке жылғалармен өзара жымдасып жатады, осы жылғаның кеңдігі сегіз метр. Зайсан көлі өзінің әдемі көркімен ғана атақты емес, бұл жерде оның даңқын реликт деп аталатын, қадім заманнан қаз-қалпында сақталып қалған тіршілік түрлері арттырып тұр. Шөл, шөлейт жерлерде, сортаң, құмды аймақтарда болатын тораңғылар осында. Олар ерте замандарда, бұдан миллион жыл бұрын Қазақстан аумағында өскен, содан сақталып келеді. Басқа еш жерде жоқ.

(«Қазақстан еліне сиқырлы саяхат» кітабынан)



**6-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер.

1. Ертіс өзені қай көлге құяды және Қазақстанның қай жерлерімен ағып өтеді екен?
2. Аса құнды балық түрі бар өзенге сипаттама бер.
3. Сырдария мен Іле өзенінің ерекшеліктері неде деп ойлайсың?
4. Балқаш көлі неліктен ғажайып көл деп айтылады? Ойыңды дәлелде.

## Білгенге маржан


Өзендер – табиғи су ағындары. Олар өздері салып алған арналар бойынша ағады және басқа су арналарына қосылып отырады. Өзендер – көптеген тірі ағзаның тіршілік ететін ортасы.

Көлдер – жер қабығындағы суға толған ойпаттар. Көл суы баяу жылжиды немесе мүлдем жылжымайды. Көлдер – жауын-шашын кезінде ернеуіне дейін толатын, ал қуаңшылық кезде келіп қалатын уақытша суқоймасы.

(«Табиғат» балалар энциклопедиясы)



**7-тапсырма.** Оқылым мәтіні бойынша өзен-көлдерді көлемі мен маңызына қарай төмендегі диаграммаға сал.



**8-тапсырма.** Әр жұп мәтіннің әрбір абзацы бойынша есімдік түрлерін анықтасын. Жылдам әрі нақты жауап берген жұптарды бағалаңдар.



**9-тапсырма.** Өзен-көлдердің әрқайсысының тұсына бір сөйлеммен есімдіктерді қолдана отырып, анықтама жаз.

Ертіс	
Жайық	
Сырдария	
Іле	
Балқаш	



**10-тапсырма.** Мақал-мәтелдерді жаттап ал. Кестені толтыр. Есімдіктердің түрлерін ажыратып, мағынасын түсіндір.

Мақал-мәтелдер	Қолданылған есімдік түрі	Менің ойымша, бұл мақалда ...
Не ексең, соны орасың.		
Қазақтың осы жер дегені – көш жер.		
Өз елімнің басы болмасам да, Сайының тасы болайын.		
Киіз кімдікі болса, білек соныкі.		
Өркімнің өз қолы өзіне қарай бүкір.		
Сен салар да мен салар, атқа жемді кім салар.		
Біреу тойып секіреді, біреу тоңып секіреді.		
Бір түлікке бай болғанша, әр түлікке сай бол.		



**11-тапсырма.** Жұмбақтардың жауабын тап. Көшіріп жазып, есімдіктердің астын сыз. Есімдіктің түрлерін, құрамын ажырат.

Көреді бөрін өзгенің,  
Көре алмайды өздерін.

\*\*\*

Дегендей ешкім тимесін  
Алыпты қадап инесін.

\*\*\*

Біреуге найза түйреді,  
Өзі де содан күйреді.

\*\*\*

Ана ауылдың бурасы,  
Мына ауылдың бурасы,  
Желкілдейді шудасы.



**12-тапсырма.** «Ертеде Есімдік деген қария болыпты. Қарияның жеті ұлы бар екен...» деп басталатын ертегі құрастыр. Ертегіде есімдіктің мағыналық түрлерін қария ұлдарының атымен байланыстырып жаз.



**13-тапсырма.** «Шығу парағын» пайдаланып, сұрақтарға жазбаша жауап бер.

1. «Су – тіршілік көзі» тақырыбы бойынша не үйрендің?
2. Сен үшін тақырыптардың құнды жақтары қандай болды?
3. Өзіңнің және сыныптастарыңның білімін бағала. Өз жұмысыңа, сыныптастарыңның топ ішіндегі белсенділігіне көңілің тола ма?
4. Осы тақырып бойынша тағы не білгің келеді?
5. Берілген тақырыпта тағы қандай ақпарат көздерін оқисың?

## 7-бөлім. СПОРТ. БЕЛГІЛІ СПОРТ ЖҰЛДЫЗДАРЫ

### 1–2-сабақ

### ОЛИМПИАДА ОЙЫНДАРЫ



Суреттегі бейнелер бойынша ой толғандар. Ойларыңмен бөлісіңдер.



**1-тапсырма.** Мәтінді мұқият тыңда.



**2-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер.

- Автордың спортқа қатысты ойларымен келісесің бе? Неліктен? Өз пікіріңді дәлелде.
- Спортпен шұғылданатын адамдарда қандай қасиеттер болады? Спорттың денсаулыққа зиян келтіретін тұстары бар ма?



**3-тапсырма.** Суреттегі оқиғаларды өзара байланыстырып сөйлем құра. «Не істеді?», «Қайтті?» деген сұрақтарға жауап ізде, іс-қимылды, әрекетті сипатта.







## Тілдік бағдар

### Етістік

Етістік – заттың қимылын, іс-әрекетін білдіретін сөз табы. Етістік *не істеді? не істеп? не қылды? қайтті? қайтін?* деген сұрақтарға жауап береді. Мысалы: *Бала ойнады* (не істеді?). *Жастар форумы сағат екіде басталады* (не істейді?). *Олар ертең Есік көліне жорыққа аттанбақ* (не қылмақ?).

#### Етістіктің жасалу жолына қарай түрлері

**Негізгі етістік** – етістік сөздің негізгі түбірі. Мысалы, *бер, ал, жаз, оқы, секір, жина* т.б.

**Туынды түбір етістік** басқа сөз таптарынан сөз тудырушы жұрнақ арқылы жасалады. Мысалы, *бас-та, ойн-а, көб-ей, ағ-ар, бас-қар, кеш-ік, жарқ-ыра* т.б.

### Етістіктердің құрамына қарай бөлінуі

**Дара етістік** – бір ғана сөзден тұратын етістік. Мысалы, *бар, қара, кел, айт, сал, жүгір, көр* т.б.

**Күрделі етістік** екі не одан да көп сөзден құралып, бір мағынаны білдіреді. Бір сұраққа жауап береді, сөйлемнің бір ғана мүшесі қызметін атқарады. Мысалы: *Сурет салып отыр екен* (не істеп отыр екен?). *Әлгі қыз кемсеңдеп жылай бастады* (не істеді?).

Күрделі етістіктің құрамындағы бірінші етістік негізгі етістік болады, негізгі мағынаны білдіреді, кейінгісі оған көмекші етістік болады. Кейде көмекші етістік біреу емес, бірнешеу болуы мүмкін. Мысалы, *Сәтбай үйден асығыс-үсігіс шығып жатыр екен*. Осы сөйлемде *шығып* сөзі негізгі етістік болса, ал *жатыр екен* екі сөзден тұратын көмекші етістік. Негізгі етістік көбінесе көсемше, есімше тұлғасында (қарап тұрды, кетер емес) келсе, көмекші етістік етістіктің барлық түрлерімен тұлғаланып қолданыла береді.



**4-тапсырма.** Берілген сөздердің қайсысы негізгі етістік, қайсысы туынды етістік екендігін анықта.

Үйрен, отыр, төсе, қоюланып, ағарды, жеткіз, аула, қара, жүгір, баратын, кел, ал, көмектес, таран, жаз.



**5-тапсырма.** Мәтінді оқы.

Қазіргі заманғы Олимпиада ойындары – 2000 жылдан астам уақыт бұрын Ежелгі Грекияда өткен дәстүрлі спорт жарыстарының жалғасы. Сондықтан Ежелгі Грекия Олимпиада ойындарының отаны деп саналады.

Олимпиада ұраны үш латын сөзінен құралып, «тезірек, биігірек, күштірек» деген мәнде жұмсалады. Олимпиада ойындарының ажырамас символы – олимпиада оты. Қазірге дейін қасиетті Кронос тауының етегінде, Алфей өзенінен алыстау жерде Гера шіркеуінің жанында қазіргі олимпиада ойындарының оты ойын басталғанға дейін бірнеше ай бұрын жағылады. Бұл рәсімді 11 әйел адам жүргізіп, таң ата Олимп отын жағады. Олимпиада оты эстафета арқылы атлеттен атлетке жетіп, бірнеше айда ойын басталатын жерге келіп жетеді. Отты өшіру ойынның аяқталғанын

білдіреді. Ежелгі Грекияда от қасиетті деп саналған, Прометейдің құдайлардан ұрлап алып халыққа сыйға берген оты Грекияның қасиетті жерлерінде үнемі жанып тұрады.

Олимпиада ойындарының ресми эмблемасы бір-біріне шырмала бекітілген бес сақина – бес құрлықтың халқы дегенді білдіреді. Сақинаның көк түсі – Еуропаны, қара түс – Африканы, қызыл түс – Американы, сары түс – Азияны, жасыл түс Австралияны бейнелейді. Бұл символды қазіргі олимпиада ойындарының негізін салушы, француз ақсүйегі барон Пьер де Кубертен енгізді.

(«Әлемдік және ұлттық спорт түрлері» кітабынан)

- «Олимпиада» деген сөзді қандай ұғымдармен байланыстырар едің?
- Олимпиада ойындарының маңызы неде деп ойлайсың?
- Олимпиада ойындарына спорттың қандай түрлерінен қатысуға болады?
- Ұлттық ойындарымыздың қайсысын олимпиада ойындарына қосуды ұсынар едің?



**6-тапсырма.** Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап бер.



**7-тапсырма.** Мәтіннің екінші абзацындағы бірінші сөйлемде қанша етістік бар екендігін және оның құрамын анықта.



**8-тапсырма.** Мәтін мазмұнына сәйкес жауаптарды белгіле. Жауабыңды дәлелде.

Мәтіндегі ақпарат	дұрыс	бұрыс
Ежелгі Африка Олимпиада ойындарының отаны деп саналады.		
Қазіргі заманғы Олимпиада ойындары 2000 жыл бұрын пайда болған.		
Олимпиада ойындарының оты ойын басталғанға дейін бірнеше ай бұрын жағылады.		
Олимпиада ойындарының ажырамас символы – бес сақина.		
Ежелгі Грекияда от қасиетті деп саналған.		



**9-тапсырма.** Мәтін мазмұны бойынша сөздерді қандай ақпарат беретіндігіне сәйкес белгіле.

Негізгі ақпарат		Прометей, Пьер де Кубертен, көк түс, Австралия, бес сақина
Қосымша ақпарат		қасиетті Кронос тауы, 11 әйел адам, «тезірек, биігірек, күштірек», Гера шіркеуі
Детальді ақпарат		олимпиада ойындары, олимпиада оты, олимпиада ұраны, отты өшіру, жағу



**10-тапсырма.** Оқылым мәтіні бойынша етістіктерді теріп жаз.

Негізгі	Туынды	Дара	Күрделі



2012 жылғы Лондон Олимпиадасында біздің еліміздің спортшылары он үш медаль – екі алтын, төрт күміс, жеті қола медальді жеңіп алып, 12-орынға ие болды!



**11-тапсырма.** Олимпиада ойындарына сипаттама бер. Өз сөзіңде етістік түрлерін қолдан.

Бадминтон, биатлон, бокс, күрес, велоспорт, су добы, гимнастика, теннис, футбол, найзаласу, тау шаңғысы.

**Үлгі:** Биатлон – шаңғы тебу арқылы мылтықтан оқ ату.



**12-тапсырма.** Сабақта алған әсеріңді түстерге сәйкес айт.

**Жасыл:** Түсіндім.

**Сары:** Сұрағым бар.

**Қызыл:** Түсініксіз.

### 3–4-сабақ

## КҮШ АТАСЫ – ҚАЖЫМУҚАН



1. «Қазақ балуандары» деген сөз тіркесін қалай түсінесің?
2. «Балуан» деген атау кімдерге беріледі?
3. Балуан Шолақ, Жақсылық Үшкемпіров туралы не айтар едің?



**1-тапсырма.** Мәтінді тыңда.



**2-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер.

- Автор спорт түріне қатысты қандай маңызды мәселелерді өзіңмен бөлісіп отыр?
- Күресте «күші барға ақылдың керегі жоқ» деген нақыл неліктен теріске шығады деп ойлайсың?



**3-тапсырма.** Тыңдалым мәтіні бойынша деректерді нақтыла.



**4-тапсырма.** Қазақ күресіне тән ережелерді анықта. Етістіктің мағынасына көңіл аудар.

Сөйлемдер	болады	болмайды
Қолмен аяқтан ұстауға ...		
Аяқтан шалуға, тобықтан қағуға ...		

Жұлқуға, тізеден қағуға ...		
Кеудеден асыра лақтыруға ....		
Қарсыласының жауырынын толық жерге тигізу таза жеңіс ...		

## Мілдік бағдар

### Болымды және болымсыз етістіктер

Етістік түбір күйінде де, әртүрлі грамматикалық тұлғаларында да қимылдың, іс-әрекеттің, амалдың болуын білдіреді. Мысалы, *Бала ойнады. Бала ойнап отыр. Баланың ойнағысы келді.* Істің болғанын, болып жатқанын не болатынын білдіретін етістіктің түрі **болымды етістік** деп аталады. Ал іс-әрекеттің, яғни етістік білдіретін мағынаның іске аспауы, болмауы арнайы грамматикалық амал-тәсілдер арқылы беріледі. Қимыл, іс-әрекеттің іске аспауы, болмауы етістік түбірлеріне *-ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе* қосымшасының жалғануы арқылы жасалады. Мысалы, *ойла-ма, сыз-ба, жат-па.* Демек, қимылдың, іс-әрекеттің болмауын, іске аспауын білдіретін етістікті **болымсыз етістік** дейді. Мысалы, *Тіліңмен жүгірме, біліміңмен жүгір* деген мәтелдегі *жүгірме* етістігі *-ме* жұрнағы арқылы *жүгір* деген болымды етістіктен жасалған. *Сенбе досқа, тұрса да қанша мақтап...* деген жолдағы *сенбе* болымсыз етістігі, оның *сен* деген болымды түріне *-бе* жұрнағының жалғануы арқылы жасалып тұр. Күрделі етістікте болымсыз форма бірде негізгі етістікке жалғанса, бірде көмекші етістікке жалғанады. Мысалы, *айт-па-й жүр, сөй-ле-ме-й қалды, бер-ме-п еді* және *айтып жүр-ме, сөйлеп қой-ма, беріп жібер-ме.* Белгілі бір шақ тұлғасындағы болымды етістікке жоқ, емес сөздерінің тіркесуі де болымсыздық мағына береді. Мысалы: *көрген жоқ, келген емес, ұстаған жоқ, қояр емес* т.б.

### Сабақты етістік пен салт етістік

Етістіктер мағынасына қарай сабақты және салт етістік болып бөлінеді. Мағынасына қарай тура нысанды, табыс септіктегі сөзді қажет етіп тұратын етістік **сабақты етістік** деп аталады. Сабақты етістіктер *кімді? нені?* (кейде табыс септіктің жасырын түрі – *не?*) деген сұрақтарға жауап беретін табыс септіктегі сөзбен байланысады. Мысалы, *Есікті жұлқа ашты. Ұлпанды қатты көргісі келді.* Кейде табыс септіктің жалғауы жасырын тұруы мүмкін. Ондай жағдайда сұрақ қою арқылы анықтауға бо-

лады. Мысалы, *Гүл сатып алды. Нені сатып алды? – Гүлді сатып алды. Су ішті. Нені ішті? – Суды ішті.*

Мағынасына қарай тура нысанды – табыс септіктегі сөзді қажет етпейтін етістіктер **салт етістік** деп аталады. Салт етістіктер барыс, шығыс, көмектес септіктегі сөздермен тіркеседі. Мысалы, *Әжесінің әңгімесінен (неден?) көп нәрсені ұғынды. Салт аттылар ауылға (қайда?) қарай бет бұрды.*



**5-тапсырма.** Етістікті түрлеріне қарай ажыратып жаз.

Тоқы, көрсетпе, тазала, қайна, сайра, озба, көшірме, суғар, жарқыра, күркіре, сіркіре, жұмыл, түңілме, шап, кеспе, жаз, шеш, қашпа, ұш.

Болымды етістік	Болымсыз етістік	Сабақты етістік	Салт етістік



**6-тапсырма.** Мәтінді оқы.

### Қажымұқан Мұңайтпасов

Қазақта «Күш атасы – Қажымұқан» деген сөз кең тарап кеткен. Оның себебі де жоқ емес. 1883 жылы Ақмола облысы Қараөткел ауылында Мұқан (Қажымұқан) атты сәби дүниеге келеді. Ол жасынан-ақ ерен күшімен әр мезет ауылдастарын таңғалдырып жүреді. Мұқан 18 жасында алғаш рет Омбы қаласында ашылған циркте орыс балуаны И. Злобинмен белдеседі. И. Злобин оған Петербургтегі күрес мектебінде оқуға кеңес береді. Бұл ақылды құп алған Мұқан осы мектепте екі жыл оқып, үлкен күрес өнеріне жолдама алады. Сөйтіп, Мұқан Германияның Кельн қаласында неміс балуаны Генрих Веберді жеңеді, Рига қаласында да бас бөйгеге ие болады. 1910 жылы Варшава қаласында өткен халықаралық жарыста кіші алтын медальді, Аргентинаның астанасы Буэнос-Айрес қаласында еркін күрестен үлкен алтын медальді жеңіп алады.

1911 жылы Мұқан Стамбұлда түріктің атақты балуаны Нұрлыны жығады, сол үшін «қажы» атағына ие болып, Қажымұқан ата-нады. Саратов қаласында ашылған ағайынды Никитиндер циркінде қазақ батыры бірінші рет осы «Қажымұқан» деген атпен күреске шықты. Бұдан әрі балуан Тегеран мен Кабулда, Мекке мен Меди-неде өткен жарыстарда жеңістерге жетті.

Қажымұқанмын қазақта күшім асқан,  
Достарым алып балуан орыстардан.  
«Черный Иван» атанып он екі жыл,  
Жиырма төрт патшаның жерін басқам, –

деп жырлаған екен балуанның өзі.

1927 жылы ҚазАКСР Орталық Комитетінің Президиумы Қ. Мұңайтпасовқа «Қазақ даласының батыры» деген атақ берді. Ұлы Отан соғысы жылдарында жасы қартаң тартып қалған балуан күш өнерін көрсетіп жүріп жинаған 100 мың сом ақшасына ұшақ жасатты да, оған Амангелді Имановтың атын беріп, майданға жіберді. Осы ұшақпен қазақ ұшқышы Қажытай Шалабаев 120 рет жауынгерлік тапсырма орындады.

Спорт өнері жолында Қажымұқан 148 алтын, күміс, қола медаль алған екен. Алып күш иесі Қажымұқан 1948 жылы 12 тамызда қайтыс болды. Темірланда Қажымұқанға ескерткіш орнатылған. Астана, Шымкент қалаларындағы стадиондарға балуанның аты берілген және бірнеше қалаларда Қажымұқан атындағы көше бар.

(«Әлемдік және ұлттық спорт ойындары» кітабынан)

- Қажымұқанның үлкен күрес өнеріне келуіне кім себеп болды?
- Мұқанның «Қажымұқан» аталуының себебі неде? Ойыңды дәйекте.
- Күш атасы Қажымұқанның күрес ойынында алатын орнын қалай бағалар едің? Өз пікіріңді дәлелде.



**7-тапсырма.** Мәтіннен сабақты және салт етістіктерді тауып, дәптеріңе жаз. Бес минутта орындалған тапсырмада кім зеректік танытқанын анықта.



**8-тапсырма.** Оқылым мәтіні бойынша кейіпкерге төмендегідей үлгіде сипаттама бер. Пікіріңді дәлелде.

Қажымұқан – күш атасы, өйткені ...

Қажымұқан – балуан, себебі ...



Қажымұқанды «Черный Иван» деп атады, себебі ...  
 Қажымұқан – жомарт адам, өйткені ...



**Мінездеме** – белгілі бір адамды өмірбаяндық, біліктілік, кәсіптік тұрғыдан жазбаша сипаттау.



**9-тапсырма.** Оқылым мәтіндегі деректерді пайдалана отырып, Қажымұқан Мұңайтпасовқа мінездеме жаз.

*Мінездеме шарты:*

- ✓ Кіріспе бөлім. Қысқаша өмірбаян.
- ✓ Негізгі бөлім. Кәсіби біліктілігі, жағымды қасиеттері.
- ✓ Қорытынды. Күрес өнеріндегі табыстары, нәтижесі.



**10-тапсырма.** Мәтін мазмұны бойынша 5 етістікті анықтап, мағынасына қарай ажырат.

*Үлгі:* дүниеге келді – күрделі, болымды, салт етістік



**11-тапсырма.** Туынды, болымды, сабақты етістіктер тұрған қатарды анықта.

- А. есік ашылды, әкесімен сөйлесті, көліктен түсті
- Ә. тапсырманы орындады, қуыршақ сыйлады, тақтайды шегеледі
- Б. ән салды, тұтқаны тартты, терезеге қарады
- В. хабарлама жіберді, үйіне қайтты, шанамен сырғанады



**12-тапсырма.** «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жауап бер.

1. Бүгін не үйрендім?
2. Сабақ бойынша нені түсінбедім?
3. Келесі сабақта қандай мәселеге көңіл аудару керек?

## 5–6-сабақ

### ЖИЫРМА ЖЫЛ КҮТКЕН ЖЕҢІС



«Бокс» деген сөзді естігенде ойыңа қандай ұғымдар келеді? Бұл спорт түрінің ерекшелігі неде? Әлемдік, қазақстандық боксшылар туралы айтып бере аласың ба?



**1-тапсырма.** Мәтінді тыңда. Атақты боксшының өміріндегі ерекше оқиғаларды сипаттап, пікір алмасындар.

## Тілдік бағдар

### Етіс. Етіс түрлері

Қимылдың, іс-әрекеттің орындаушыға немесе іспен байланысты затқа қатысын білдіретін етістіктің түрі **етіс** деп аталады.

Етістер мағынасына, морфологиялық тұлғасына қарай төрт түрлі болады. Олар: өздік етіс, өзгелік етіс, ырықсыз етіс, ортақ етіс.

### Өздік етіс

Іс, қимыл, амал-әрекеттің сол істі істеушінің өзіне жұмсалуды білдіретін етістіктің түрін **өздік етіс** дейді. Өздік етіс сабақты етістіктің түбіріне *-ын, -ін, -н* жұрнақтары жалғану арқылы жасалады. Бұл жұрнақтар дауысты дыбыстан кейін *-н* түрінде жалғанады да, дауыссыз дыбыстардан соң *-ын, -ін* түрінде жалғанады. Мысалы: *Мен тарандым. Сен жуындың. Ол киінді. Болат шешінді* деген сөйлемдерде *тарау, жуу, кию, шешу* қимылын бірінші, екінші, үшінші жақтағы адамдардың өздеріне жұмсағандығы айтылады.

### Өзгелік етіс

Қимыл-амалды істі істеушінің өзі емес, басқа біреу арқылы жасағандығын білдіретін етістіктің түрін **өзгелік етіс** дейді. Мысалы: *Біржан ән айтты. – Біржан Әйгерімге ән айтқызды. Біз шығарма жаздық. – Біз жоғары сынып оқушыларына шығарма жазғыздық.* Өзгелік етістер етістіктің түбіріне *-дыр, -дір, -тыр, -тір, -ыр, -ір, -ғыз, -гіз, -қыз, -кіз, -т, -ыр, -ір* жұрнақтары жалғану арқылы жасалады.



**2-тапсырма.** Берілген етістіктерден өздік етіс жасап, спорт тақырыбына қатысты сөйлем құрап жаз.

Ора, сұра, ойла, сұрт, лақтыр.

### Білгенге маржан

Серік Қонақбаев – боксшы. Бокстан Мәскеу Олимпиадасының күміс жүлдегері, екі дүркін әлем Кубогінің иегері, екі дүркін Еуропа чемпионы, КСРО-ның еңбек сіңірген спорт шебері.



### 3-тапсырма. Мәтіндерді салыстыра оқы.

Бекзат Саттарханов 1980 жылы 4 сәуірде Түркістан қаласында қарапайым отбасында дүниеге келген. 1995 жылы алғаш рет бокс үйірмесіне жазылады. Осы жылы он бес жасында Түркістан қаласында өткен З. Сейітбековті еске алу турнирінде тұңғыш рет топ жарады. 1996 жылы Қостанай қаласында өткен бокстан жастар арасындағы Қазақстан Республикасының ішкі біріншілігінде чемпион атанады. 1998 жыл Бекзат үшін табысты болды. Сол жылы Аргентинада өткен жастар арасындағы әлем чемпионатында күміс жүлдегер атанды. 1999 жылы Венгрия және Болгарияда өткен халықаралық турнирлерде жеңіске жетіп, Ташкентте өткен бүкіл Азия біріншілігінде күміс жүлдеге қол жеткізеді. Дәл осы күміс жүлдесімен бірге Сидней Олимпиадасының жолдамасына да ие болады. Бекзат үшін 2000 жылғы Сидней Олимпиадасының алатын орны ерекше болды.

Сидней финалындағы Бекзаттың қарсыласы әлем чемпионы, америкалық Рикардо Хуарес еді. Қарсыласын Бекзат Саттарханов 22–14 есебімен жеңіп, Сидней Олимпиадасының чемпионы атанды.

Сиднейдің шаршы алаңы шаттықтан тербеліп тұр. Шіркін-ай! Жер түбінен барған ат төбеліндей қазақ жанкүйерлері көк байрақты армансыз желпиді. Сан мың жанардан «Ойпырым-ай, мұндай жауынгер халық аяқ астынан қайдан пайда болды?» деген таңданыс үшқынын аңғарғандаймыз. «Міне, Қазақ деген біз боламыз!» дейміз көк байрақты кере түсіп. Пай! Пай! «Азияның ұлы даласын еркін жайлаған ұлы бабалардың ұрпағымыз!» деген мақтаныш сезімі көкіректі кернеп, тұла бойды дуылдатып әкетіп барады. Төрткүл дүние қазақтың жеңісіне қол соғып тұр!.. Өлгінде ғана Американың аруағын асырамын деп, ринг төсін майдан қылған әлем чемпионы Рикардо Хуарес күміс белесті олқысынып, көз жасын тыя алмай тұр. Айналайын, Рикардо! Жылама! Сенің елің «алтынға» кенде емес. Дәл бүгін құдіреті күшті жаратушы иеміз бізді, алаш жұртын қолдады. Бекзат – алаштың арманынан туған ұл. Ондай ұлдан ұтылдым деп, қамықпа. Жылама!

(«Спорт саңлақтары» кітабынан)

- Бекзат Саттархановтың спорттағы басты жетістіктері туралы айтып бер.
- Оның бокс өнеріне қосқан үлесі қандай деп ойлайсың?



**4-тапсырма.** Мәтіндердің стилін анықта. Ойыңды дәлелде.



**5-тапсырма.** Мәтіннен ауызекі сөйлеу тілінің элементтері қолданылған сөйлемдерді көшіріп жаз.



**6-тапсырма.** Қажетті етістіктерді мағынасына қарай сәйкестендіріп, сөйлемді аяқтап жаз. Етіс түрлерін анықта.

Жарыстарда әйгілі мықтылармен ...

Ринг алаңында қалуын ...

Жастарға арнап ауылда спорт мектебін ...

Сидней Олимпиадасының чемпионы ...

Бокста дүниежүзін ...

Еліміздің көк туын әлемдік жарыстарда ...

Жеңіс туын олжалағанына ...

Алтын жүлде қанжығасына ...

*Қажетті етістіктер:* байланды, желбіретті, жұдырықтастырды, атанды, қуанды, бағындырды, салдырды, өтінді.



**7-тапсырма.** «Қазақстандық боксшылар – олимпиада жеңімпаздары» тақырыбында таныстырылым жаса. Ойыңды екпін түрлерін қолданып тұжырымды, сенімді жеткіз. Өз сөзінде етістіктің мағыналық түрлерін тиімді қолдан.



Ермахан  
Ыбрайымов  
2000 ж.  
Сидней



Бақтияр  
Артаев  
2004 ж.  
Афины



Бақыт  
Сәрсекбаев  
2008 ж.  
Бейжің



Серік  
Сәпиев  
2012 ж.  
Лондон



**8-тапсырма.** Өлеңді мәнерлеп оқы. Өзгелік етіс қосымшасы жалғанған етістікті тап. Өлең жолдарында қолданылған басқа етістіктердің де түбірін анықтап, өзгелік етіс қосымшасын жалғап жаз.

Денсаулыққа пайдалы  
Секірген әрі жүгірген.  
Жаттықтырған адамды  
Хоккей менен волейбол.  
Допты теуіп қақпаға,

Ойнаймыз біз футбол.  
Шаңғы, коньки, шанамен  
Биік таудан асамыз.  
Бокс пенен күресте  
Алтын, күміс аламыз.

(«Айгөлек» журналынан)



**9-тапсырма.** Өз ойыңды екі жұлдыз, бір тілекпен білдір.



## 7–8-сабақ


### ТҰҢҒЫШ ҚАЗАҚ КОНЬКИШІСІ



Мәнерлеп сырғанау өнері туралы не айтасың? Өлемдік, қазақстандық коньки спортының шеберлері кімдер? Олар туралы не білесің?



**1-тапсырма.** Тыңдалым мәтіні бойынша төмендегі жылдарда жасырылған оқиғаларды айтып бер.





**2-тапсырма.** Мәтін құрылымына талдау жаса.

Сөз тіркестері	Оқиғалар	Нәтижесінде не болды?
<i>Үлгі: Ресми мойындалды</i>	<i>Үлгі: Мәнерлеп сырғанау</i>	<i>Үлгі: Алғашқы жарыс ұйымдастырылды.</i>
Көпшілік біле бермейтін сырғанау түрі		
Ерлер айналысқан		
Нөзік жандылар айналысқан		



**3-тапсырма.** «Мәнерлеп сырғанау өнерінің шебері» тақырыбында диалог құрыңдар. Диалогте етіс жұрнақтарын және төмендегі сөз тіркестерін қолданыңдар.

Денис Тен 1993 жылы туған, теннис, акробатика, таэквондо, каратэ және жүзумен айналысқан, музыка мектебі, ән салған, 2014 жыл, Сочи Олимпиадасы, қола жүлдегер, 2013 жыл, әлем чемпионаты, күміс медаль, 19 жас.

## Тілдік бағдар

### Ырықсыз етіс

**Ырықсыз етіс** сабақты етістікке *-ыл, -іл, -л* жұрнақтары жалғану арқылы жасалады. Ал ол етістіктердің соңы *л* дыбысына аяқталса немесе етістіктің негізінде *л* дыбысы болса, ырықсыз етіс жұрнағы *-н, -ын, -ін* түрінде жалғанады. Мысалы: *қаз+ыл+ды, тоқы+л+ды, сана+л+ды, ал+ын+ды, бөл+ін+ді, қала+н+ды, тала+н+ды, сөйле+н+ді*. Етістіктің түбіріне өздік етіс, ырықсыз етіс категориясын тудыратын *-л, -ыл, -іл, -н* жұрнақтары жалғанса, сабақты етістік салт етістікке айналады. Мысалы: *жу – жуын(ды), ал – алын(ды), аш – ашыл(ды), жаз – жазыл(ды), көр – көрін(ді), тазала – тазалан(ды), шеш – шешіл(ді), жина – жинал(ды)*.



**4-тапсырма.** Суреттегі оқиғаларды айтып бер. Іс-әрекетті сипаттауда етістіктің ырықсыз етіс түрін қолдан.

**Үлгі:** еден жу-ыл-ды



**5-тапсырма.** Мәтінді оқы.

### **Қос олимпиадаға қатысқан тұңғыш қазақ конькишісі**

Қазақ топырағы қашанда дарындарға кенде болған емес. Солардың ішінде қаракөз қазақ қыздарының орны бөлек. Коньки спортынан еліміздің намысын қорғаған Кенжеш Сәрсекенова 1992–1999 жылдар аралығында ұлттық құрама команда сапындағы жалғыз қазақ қызы болды. Кенжеш Сәрсекенова – Қазақстанның 5 дүркін чемпионы.

Атам қазақ жылқы және аң терісінен шаңғы жасап, қатынас құралы ретінде пайдаланған. Ал аяғына коньки байлап, мұзайдынында додаға түскен адамдарды қазақ тарихынан оқыған жоқпыз. Кеңес өкіметі тұсында да қазақ конькишілерінің аты шыға қойған жоқ. Кенжеш Сәрсекенова туған жері Шығыс Қазақстан өңірінен 1985 жылы Алматыға келіп, өркім бағындыра алмайтын конькиге құрық тастап, асау спорттың жалына қол салыпты. Аз жылдың ішінде айдын төсіне бауырын төсей қалықтап, жұлдыздай аққан аруымыз қазақ қыздарының да коньки теуіп, ел намысын байрақты бәсекелерде қорғай алатындығын дәлелдеді. Ол – коньки тебу спортынан қазақ қыздарынан шыққан тұңғыш спорт шебері,

Қазақстанның бірнеше дүркін жеңімпазы, жұмыр жердің небір жүйріктерімен сынға түскен саңлақ, конькиден екі бірдей Олимпиадада бақ сынаған тұңғыш қазақ қызы.

(«Қазақ олимпиадашылары» кітабынан)

- Қазақстанда мәнерлеп сырғанау спорты қаншалықты дамыған деп ойлайсың?
- Мәнерлеп сырғанау өнеріне қазақ қыздарының қосқан үлесі қандай?
- «Атам қазақ жылқы және аң терісінен шаңғы жасап, қатынас құралы ретінде пайдаланған» деген сөйлемдегі ойды дамыт.
- Коньки спортын дамыту үшін не қажет деп есептейсің? Өз пікіріңді дәлелде.



**6-тапсырма.** Төмендегі К. Сәрсекеновамен болған сұхбатты оқып, мәтіннің стильдік ерекшеліктерін талда. Кейіпкердің жетістіктерін дәптеріңе жаз.

– **Сізді қазіргі жастардың бірі білсе, бірі біле бермейді. Әңгімені өзіңізді таныстырудан бастасаңыз?**

– Мен Шығыс Қазақстан облысы Аягөз қаласының тумасымын. Көпбалалы отбасында дүниеге келдім.

– **Сіз Алматыға барғанда бірден коньки спортын таңдадыңыз ба?**

– Жоқ, мен ол кезде жеңіл атлетика түрлерінің біріне қабылдансам деп ойлаған болатынмын. Аяғыма коньки байлап көрмеген кезім. Тіпті конькиді қолыма ұстап көрмеппін. Не де болса, көрейін деп тіркеліп, барлық тексерулерден өтіп, интернатқа оқуға түстім.

– **13 жылда қандай жетістіктерге қол жеткіздіңіз?**

– 1989–1990 жылдары Қазақстанның жастар чемпионатының бірнеше дүркін жеңімпазы атандым. 1992 жылы коньки спортынан спорт шебері дәрежесіне жеттім. 1992–1994 жылдары Әлем кубогының кезеңіне және әлем чемпионаттарына қатысып, 1994 жылы Қазақстан құрама командасының үздік спортшылары қатарында Лиллехаммерде өткен XVII қысқы Олимпиада ойындарына және 1998 жылы Наганода болған XVIII қысқы Олимпиада ойындарына қатыстым.

(«Спорт» журналынан)





**7-тапсырма.** Оқылым мәтіні бойынша қарапайым жоспар құр. Үлгіні пайдалан.

Мәтін құрылымы	Оқиға	Бөлімге ат қой
Кіріспе		
Негізгі бөлім		
Қорытынды		



**8-тапсырма.** Ырықсыз етіс жұрнағын жалғап, етістіктерді дұрыс жаз.

Ел намысы ... (қорғау), аң терісінен шаңғы ... (жасау), аяғына коньки ... (байлау), олимпиадада бақ ... (сынау), жеңіл атлетикаға ... (қабылдау), бірнеше дүркін жеңімпаз ... (аталу).



**9-тапсырма.** Өлеңдегі ырықсыз етістің жұрнағын түбірден және өзінен кейінгі қосымшадан дефис арқылы бөліп жаз.

Құм Нарын қабат-қабат қатарланған,  
 Қоңында қарағайы қалқаланған.  
 Гүрілдеп бір жағында Каспий жатыр  
 Айдынды, аспанды орай алқаланған ...  
 Теңізге теңбіл аспан төңкеріліп,  
 Толқында жұлдыз жүзіп жөңкеріліп,  
 Керілген кең Каспийдің жарын керней,  
 Көпірген күміс көбік көмкеріліп.  
 Жарына соғып толқын толқынданып,  
 Толқында көлеңкесі алтынданып,  
 Аймалап аспан көктің дариясында,  
 Алтын ай бейне жүзген алтын қайық.

(Т. Жароков)

### *Білгенге маржан*

2012 жылы спортшы Жазира Жаппарқұл қазақ қыздары арасында ауыр атлетикадан тұңғыш Әлем чемпионы атанды.



**10-тапсырма.** «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жауап бер.

1. Бүгін не үйрендім?
2. Сабақ бойынша нені түсінбедім?
3. Келесі сабақта қандай мәселеге көңіл аудару керек?

## 9–10-сабақ

### ҚАЗАҚСТАНДЫҚ КӘСІБИ ВЕЛОШАБАНДОЗ



«Спорт кумирлері» деген сөзді қалай түсінесің? Балуан Қажымұқан, боксшы Серік Сәпиев, шаңғышы Владимир Смирнов, суға жүзгіш Дмитрий Баландин жанкүйерлеріне неліктен қымбат деп ойлайсың? Сенің спорттағы кумирлерің бар ма? Не себепті оларды құрметтейсің?



**1-тапсырма.** Мәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап бер.

- Өлең кімге арналған деп ойлайсың?
- Автордың «Алғашқым!», «Алтыным!», «Біріншім!», «Тұңғышым!» деген сөздерді қолдануының себебі неде?
- Өлең жолдарын қара сөзге айналдырып, мазмұнын айт.



**2-тапсырма.** Қойылған сұрақтарға жауап беріп, етістік түрлерін қатыстыра отырып, жұп-жұппен диалог құрыңдар.

1. Қазақстанда қандай спорт түрлері дамыған және дамуда?
2. Спорттың қандай түрімен айналысқыларың келеді? Неліктен?
3. Спортпен шұғылданған адамда қандай қасиеттер қалыптасады?
4. «Спорт – денсаулық кепілі» деген нақыл сөзді қалай түсінесіңдер?
5. Спортшылардың жеңімпаз болуына қандай жағдайлар әсер етеді?

## Тілдік бағдар

### Ортақ етіс

Іс-әрекетті орындаушының біреу емес, әлденешеу екенін білдіретін етістің түрі **ортақ етіс** деп аталады. Мысалы: *Ол сөйледі.* – *Ол Алматыдағы*

ағасымен сөйлесті. Мен қар күредім. – Мен қар күрестім. Ортақ етіс етістіктің түбіріне *-ыс, -іс, -с* жұрнақтары жалғану арқылы жасалады. Дауысты дыбыстардан соң *-с* түрінде, дауыссыз дыбыстардан соң *-ыс, -іс* түрінде жалғанады. Мысалы: *ақта+с* (Ол үй ақтасты), *суғар+ыс* (Мен бақша суғарыстым).



**3-тапсырма.** Сөйлемдерді көшіріп жазып, ортақ етіс жұрнақтарын тап. Егер ортақ етіс жұрнағы жалғанбаса, сөйлемдердің мағынасы қалай өзгеретінін парталасыңа дәлелде.

1. Енді өзге жердегі жұмысшылар мен мәшине-саймандарды, мүліктерді жинауға кірістік (*С. Мұқанов*). 2. Менің қысылғанымды байқамаған болып, басқа жолдастармен әңгімелесіп кетеді (*Ғ. Мүсірепов*). 3. Ойындарын қоя салып, бәрі жапырлап Мұхитқа қарай жүгірісті (*Ғ. Сланов*). 4. Қолына мылтық алып соғысты (*Т. Ахтанов*). 5. Жарқын ағай бұдан кейін де ұзақ әңгімелесті (*Ғ. Сланов*). 8. Оны үстелге қоя салып, көптен көрмегендей құшақтасып амандасты (*Ғ. Мүсірепов*).



**4-тапсырма.** Мәтінді мәнерлеп оқып, сұрақтарға жауап бер және «велошабандоз» сөзінің жасалу жолын жұбыңмен талда.

Александр Николаевич Винокуров 1973 жылдың 16 қыркүйегінде Солтүстік Қазақстан облысының Бескөл кеңшарында дүниеге келген. Бала кезінде велоспортқа ерекше ықыласты болған Александр 10 жасында осы ұмтылысы өмір бойғы таңдауы екенін анық түсінді. Кішкентай кезінде біршама әлжуаз болғанымен, оның бойындағы күш-жігері, қайсар мінезі бірден байқалып тұратын.



Винокуров француз, неміс әріптестерімен бірге «Вуельта», «Тур де Франс», «Джиро д'Италия» веложарыстарында жеңіске жетіп, есімі бүкіл әлемге танымал велошабандоз атанды.

Александр 2000 жылғы Сидней Олимпиадасында күміс, ал 2012 жылғы Лондон Олимпиадасында алтын медальға ие болып, Қазақстанның даңқын шығарды.

Ол 2012 жылдан бері «Астана» велокомандасын басқарып, көптеген ірі жеңістерге қол жеткізді. А.Н. Винокуров – Қазақстан тарихындағы ең әйгілі велошабандоз.

(А. Винокуров. «Менің алтын мансабым» кітабынан)

- Александр Николаевич Винокуровтың танымал велошабандоз болуына не әсер етті деп ойлайсың?
- Спортшы туралы тағы не білесің?



**5-тапсырма.** Сұрақтарға жауап беріп, пікір алмасындар.

1. Күнделікті өмірде сендер велосипедті қолданасыңдар ма? Қандай жолмен жүресіңдер?
2. Велосипедті жүргізудің адам денсаулығына қандай пайдасы бар деп ойлайсыңдар?
3. Алматы қаласында велосипедке арналған жолдар бар екенін білесіңдер ме? Бұл жолдар не себепті жасалған?
4. Велоспорттың өркендеп дамуы үшін не қажет деп ойлайсыңдар?



**6-тапсырма.** Оқылым мәтініндегі мәліметтерді және қосымша дерек-көздерді пайдалана отырып, хронологиялық тәртіпте басты кейіпкердің өмірбаянын жаз. Өмірбаянда төмендегідей ақпараттарды көрсет:

- ✓ Аты-жөні, туған жылы, күні, айы және туған жері, ұлты, отбасы жағдайы туралы мәлімет.
- ✓ Білімі, бітірген оқу орындары, қызметі мен жұмыс тәжірибесі туралы мәліметтер.



**7-тапсырма.** Нақыл сөздерді оқып, мағынасын түсіндір.

Денсаулық – зор байлық.

\*\*\*

Спорт – сенің серігің.

\*\*\*

Дені саудың – жаны сау.

\*\*\*

Шынықсаң шымыр боласың.



**8-тапсырма.** «Спорт түрлерін дамыту үшін не қажет?» тақырыбында пікір алмасыңдар. Төмендегі сөйлемдерді пайдаланыңдар.

- Спорт секцияларын ұйымдастыру (баскетбол, волейбол, футбол т.б.).
- Қазақтың ұлттық ойындарын насихаттау (аударыспақ, тоғызқұмалақ, батпан көтеру).
- Спорт мектептерін салу. Табиғи нысандарды тиімді пайдалану.



**9-тапсырма.** Етістерді түрлеріне қарай топтастырып, жұбыңмен бірге кестені толтыр.

Көмектес, жинатқыз, аударыс, сөйленді, шешілді, тасыс, өкелдіргіз, суарт, таранды, алдыртты, ашылды, тазаласты, айналдырды, ұйымдастырылды, жазғызды, сүртін, ілінді.

<b>Етіс түрлері</b>	
Өздік етіс	
Өзгелік етіс	
Ырықсыз етіс	
Ортақ етіс	



**10-тапсырма.** Мәтінде кездесетін етіс жұрнақтарын ажыратып, дәптеріңе жаз.

Байқалып тұратын, орындала бастайды, бөлісті.



**11-тапсырма.** Кестені пайдалана отырып, «Шығу парағын» толтыр.

<b>Қызықты болды.</b>	<b>Бүгін мынаны түсіндім.</b>	<b>Қиын болды.</b>

## 8-бөлім. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАРЫ МЕН САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІ. НАУРЫЗ

### 1–2-сабақ

#### ҚОНАҚЖАЙЛЫЛЫҚ – АТА ДӘСТҮР



1. Әлемде қандай ұлттар бар екенін білесің бе?
2. Олар бір-бірінен несімен ерекшеленеді? Қалай ойлайсың?
3. Әлемнің бар халқына ортақ қандай салт-дәстүрлер бар?



**1-тапсырма.** Тыңдалым мәтінінің тақырыбына көңіл аудар. Мәтін не туралы болуы мүмкін? Болжап, ой бөлісіңдер.



**2-тапсырма.** Мәтіннің алғашқы бөлігін тыңда.



**3-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер.

1. Автордың қазақ халқы туралы айтқан пікірі сен үшін бағалы ма? Неліктен?

2. Мәтін авторы қазақ халқына тән қандай ерекшеліктерге көңіл аудартады? Өз пікіріңді дәлелде.

3. Мәтіндегі ақпараттарды есіңе түсіре отырып, оның қалай жалғасатындығын болжа. Ғалымдар қазақ халқына тән тағы қандай мінез-құлықтарды сипаттауы мүмкін. Пікіріңді айт.

4. Мәтінді толық тыңда. Өз пікіріңмен салыстыр. Не байқадың?



**4-тапсырма.** Мәтін не туралы? Бір нұсқаны таңдап, ойыңды дәлелде.

1. Қымыз туралы
2. Салт-дәстүр жөнінде
3. Қару-жарақтар туралы
4. Қазақ халқының өмір салты жөнінде

## Тілдік бағдар

### Үстеу

Қимылдың, іс-әрекеттің түрлі белгісін: жай-күйін, амалын, тәсілін, мезгілін, мекенін, себебін, мақсатын білдіретін сөз табы **үстеу** деп аталады. Үстеу: *мезгіл үстеуі, мекен үстеуі, мөлшер үстеуі, сын-қимыл (бейнелік) үстеуі, күшейткіш (ұлғайту) үстеуі, мақсат үстеуі, себеп-салдар үстеуі* болып бөлінеді.

Үстеулер *қалай? қанша? қашан? қайда? қайдан?* деген сұрақтардың біріне жауап береді. Мысалы: **қашан?** – *кеше, күндіз, баяғыда, оқта-текте*; **қайда?** – *төменде, жоғарыда, артта, әрмен, бермен*; **қайдан?** – *алдан, әріден*; **қалай?** – *жалма-жан, қолма-қол, бетпе-бет*; **қанша?** – *сонша, талай, бірталай*.

#### Үстеудің құрамына қарай бөлінуі

<p><b>Негізгі үстеу</b> – морфологиялық құрамына қарай бөлшектеуге келмейтін, қимылдық, сындық белгіні көрсететін сөздер. Мысалы: <i>кеше, бұрын, қазір, ақырын</i> т.б.</p>	<p><b>Туынды үстеу</b> – қосымшалар арқылы жасалған сөздер. Мысалы: <i>қазақша, орысша, қыстай, жаздай</i> т.б.</p>	<p><b>Күрделі үстеу.</b> Екі не одан да көп сөздің бірігіп, тіркесіп немесе қосарланып тұрақтануы арқылы жасалады. Мысалы: <i>қыстыгүні, жаздыгүні, бірте-бірте, әлсін-әлсін</i> т.б.</p>
--	---	---

#### Үстеудің жасалу жолдары

<p><b>Негізгі үстеудің</b> көпшілігіне сын есімнің <i>-рақ, -рек, -ырақ, -ірек, -лау, -леу, -дау, -деу, -тау, -теу</i> сияқты шырай жұрнақтарын жалғап,</p>	<p><b>Туынды үстеулер</b> түбірге <i>-ша, -ше, -лай, -лей, -дай, -дей, -тай, -тей, -шалық, (-ша, -лық), -шама, (-ша, -ма), -шылап, -шілеп, -дайын, -дейін, -тайын, -тейін, -ын, -ін</i></p>	<p><b>Күрделі үстеулер</b> – сөзді біріктіру арқылы жасалған үстеулер: <i>бүгін, биыл, таңертең, қыстыгүні</i> т.б.; – сөзді қосарлау арқылы жасалған</p>
---	---	---

мағыналарын күшейтуге болады.	жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады.	үстеулер: <i>бетпе-бет, ауызба-ауыз, бостан-босқа</i> т.б.;
Ілгері – ілгерірек – ілгерілеу, бұрын – бұрынырақ – бұрындау.	Қазақша, ақшалай, соншама, соншалық, итшілеп, қасқырдайын, түлкідейін, астыртын, үстіртін т.б.	– сөздердің тіркесуі арқылы жасалған үстеулер: <i>күні ертең, демнің арасында, таң ата</i> т.б.



**5-тапсырма.** Сөйлемдерден үстеу сөздерді тап.

1. Біз жұмысқа таңертеңгі сағат 11-де асығыс барсақ, ол күннің нормасы түгел орындалып, еңбек екінші норманың есебіне атқарылып жатыр екен (*С. Мұқанов*). 2. Биыл мұз қатарда қатты дауыл соғып, өзенде сең жүріп, балықшылар үлкен апатқа ұшыраған (*Ғ. Сланов*). 3. Денем қатты соққыдан ауырып, жер тартып, көзім қарауытып, бұлдырай түсті (*Д. Т.*). 4. Мұрнының ұшы тершіп, алдынан, басынан күн өтіп, Бақанастың ыстығына наразы боп, асығып келеді (*М. Әуезов*).



**6-тапсырма.** Мәтінді оқы.

### Қонақжайлылық – ата дәстүр

Халқымызда әр адамға кең дастарқан жайып, танысын-танымасын қонақжайлылық танытатын әдет-ғұрып қалыптасқан. Демек, бұл қасиет біздің халыққа ертеден ұлы бабамыздан қалған ізгі жол екен, – дейді бұрынғы қариялар. Аталарымыздың осы ұлағаты күні бүгінге дейін бұлжымастан сақталып келеді. Қонақжайлылық танытып, дәм-тұз ұсынғанда, туыс-туған, бай-кедей, әйел-еркек, жарлы-жақыбай деп бөлмей, бірдей дәм ұсынады, төріне отырғызып, үйіне қондырып, қолынан келгенше риза етіп аттандыруға күш салады. Қазақ үйлері дәмді, жақсы тағамдарын өздері жемей, қонаққа деп әдейі сақтап отырады. Ел ішінде «кісі түсетін үй» деген жақсы сөз бар. Бұл дастарқаны кең, берекелі, қонақжай, тәлім-тәрбиелі үй деген сөз.





Қонақты қазақтар арнайы қонақ, құдайы қонақ, қыдырма қонақ деп үшке бөледі. Арнайы қонақ – әдейі сәлем беруге келген немесе арнайы шақырылған; құдайы қонақ – алыстан келе жатқан, танымаса да демалып, ат шалдыруға тоқтаған; қыдырма қонақ – сол үйдің семіз соғымын, дәмді тамағын аңдып келген қонақ.

Бұрынырақта қонақасы беру мен қонақ күтудің айтарлықтай үлгілері болған. XVIII ғасырдың орта кезінде Қытайдан келе жатқан Абылайды Саңқай төре қонақ етіп, 115 тай сойған. Қазір ол жер Тайсойған деп аталады. Қонағына жалғыз атын сойған Атымтай жомарт қонақасы берудің үлгісі ретінде қазір аңыз өңгіме арқауына айналған.

(«Тал бесіктен жер бесікке дейін» кітабынан)

- Мәтін бойынша топқа немесе парталасыңа сұрақ қой.
- Мәтін бөліктерін төмендегі кестеге салып талқыла.

+	-	?
Түсіндім	Түсінбедім	Талқылау қажет

- Жұпта/топта талқыландар.
- Мәтіндегі деректер мәтінді оқымай тұрып өзің ойлаған мазмұнмен сәйкес келді ме? Пікірлеріңмен бөлісіңдер.
- Мәтін бөліктеріне өздерің тағы қандай мәлімет қосар едіңдер?
- «Төр», «төрге отырғызу» ұғымдарында қандай мән бар?



**7-тапсырма.** Оқылым мәтінінен үстеу сөздерді теріп жаз.



**8-тапсырма.** Оқылым мәтінінде қолданылған төмендегі сөздер мен сөз тіркестеріне сөздікті пайдалана отырып, анықтама жаз.

жарлы-жақыбай	
кісі түсетін үй	
Атымтай жомарт	
қонақасы беру	



**9-тапсырма.** Тыныс белгілерін дұрыс қойып, сөйлемдерді көшіріп жаз.

Қазақ халқында үйге қонақ келсе қонақ шақырса, төрге келген адамдардың жолы үлкені және алыстан келгені отырады. Оларға жасы үлкен болса да, ауыл адамдары үй иелері жол береді. Егер қонақтар ауыл ақсақалдарына жол беріп төрге шығарып алса, ол әбестік болмайды. Адамдардың жолы жасы білімі және ақыл-парасатына қарамай, барған жердің барлығында төрден түспей немесе өз төріне өзі отырып алуы тексіздік, тәрбиесіздік деп есептеледі.

*(«Қазақтың салт-дәстүрлері» кітабынан)*



**10-тапсырма.** Мәтінді оқып, өзге халықтар мен қазақ халқының қонақ күту дәстүрін салыстыр. Ұқсастықтарын анықта.

Егер сізді Жапонияда қонаққа шақыратын болса, сіз үлкен құрметке ие болдым деп есептеңіз, өйткені жапондықтар өз үйлеріне қонақ шақыра бермейді. Дегенмен сіз қонаққа келсеңіз, дәл кіреберісте сізге «гэта» деп аталатын ағаш аяқкиім ұсынады: өз аяқкиіміңізді шешіп, бас жағын есікке қаратып қоюыңыз қажет. Егер сырткиіммен келсеңіз, сізге қожайын есікті ашқанға дейін оны шешіп алыңыз. Киіміңізді үйден шығып бара жатқанда ғана ала аласыз. Қонаққа келгенде, міндетті түрде сыйлық алып

барыңыз. Жапондықтардың жазылмаған заңы бойынша адамдарға қол сыйлық беру үшін берілген деп есептеледі. Сыйлық өте жақсы және әдемі оралып, дұрыс таңдалуы қажет. Сыйлықты: «Бұл сізге азырақ сый, сонда да...» – деп ұсыныңыз. Жапондықтар қонақ ретінде сізге де сыйлық беруі мүмкін. Сіз сыпайы бас тартыңыз, бұл – қонақ күту этикетіндегі маңызды нәрсе. Егер қожайын сыйлықты алуыңызды өтінсе, онда одан бас тартпаңыз.

(«Ақпараттық қала» журналынан)



**11-тапсырма.** «Біздің отбасымыздағы қонақ күту дәстүрі» тақырыбына ойтолғау жаз. Өз сөзінде тыңдалым және оқылым мәтініндегі мәліметтерді пайдалан.



**12-тапсырма.** «Шығу парағын» пайдаланып, сұрақтарға жазбаша жауап бер.

1. «Қонақжайлылық – ата дәстүр» тақырыбы бойынша не үйрендің?
2. Сен үшін тақырыптардың құнды жақтары қандай болды?
3. Өзіңнің және сыныптастарыңның білімін бағала. Өз жұмысыңа, сыныптастарыңның топ ішіндегі белсенділігіне көңілің тола ма?
4. Осы тақырып бойынша тағы не білгің келеді?

### 3–4-сабақ

#### АДАМНЫҢ БІР ҚЫЗЫҒЫ БАЛА ДЕГЕН...



Сурет бойынша өз пікірлеріңді айтып, ой бөлісіңдер.





**1-тапсырма.** Мәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап бер.

1. Неліктен көрістер балаларды «төзімділікке», қытайлар «қанағатшыл болуға», американдықтар «өз бетінше өмір сүруге», еврейлер «көп шағым айтуға жол бермеуге» баулиды деп ойлайсың?

2. «Бұзықтық жасаған балаларды жазалайды» деген пікірмен келісесің бе? Өз ойларыңды ортаға салыңдар.

3. Ата-анаң сенің қандай адам болуыңды қалайды? Ал сен өзіңді қандай баламын деп ойлайсың?



**2-тапсырма.** Тыңдалым мәтіні бойынша 5 сұрақ қойып, жұпта/топта диалог құрыңдар.

## Мізгік бағдар

### Мезгіл үстеуі

Қимылдың, іс-әрекеттің мезгілін, мерзімін және дәл уақытын білдіретін үстеудің түрі **мезгіл үстеуі** деп аталады. Мезгіл үстеулері қашан? қашаннан? сұрақтарының біріне жауап береді. Оларға *кеше, бүгін, ертең, күздігүні, жуырда, әуелде, жаздай, қыстай* т.б. үстеу сөздер жатады. Мысалы: *Ерте ояндым, ойландым, жете алмадым (Абай). Бүгінгі жастар шетінен сауатты (Ғ. Мұстафин). Мен бүгін сонша шаршадым (Ғ. Мұстафин). Ертең олардың жатақханасына барып, өз алдына аңгімелесерміз («Қазақ әдебиеті»).*



**3-тапсырма.** Сөйлемдерден мезгіл үстеулерді тауып жаз.

1. Ол Дәуленді шығарып салғаннан кейін ертең болатын сабағына ұзақ өзірленіп, кеш жатты (*С. Мәуленов*). 2. Күздігүні жерді жырттып тастауға қол босамады (*Ғ. Мұстафин*). 3. Әуелде ұзын бойлы, ашаң жүзді аққұба әйел еді (*М. Әуезов*). 4. Ертеңіне Бораш Москва консерваториясына жүріп кетті де, мен баяғы шаштаразға келдім (*Ғ. Мұсірепов*). 5. Жуырда болып өткен ақындар айтысында бірнеше жас талапкер есімі белгілі болды. 6. Ерте барсам, жерімді жеп қоям деп, ықтырмамен күзеуде отырар бай (*Абай*).



**4-тапсырма.** Мәтінді мәнерлеп оқы.

Шілдехана – жаңа туған нәрестенің құрметіне арналған той. Оған көбінесе жастар жиналады. Бұл тойда «Балаңыздың бауы берік болсын!» деген құттықтау айтылады. Қонақтар таң атқанша домбыра тартып, өн салады. Түрлі ойын-сауық ұйымдастырады. Жаңылтпаш, жұмбақтар айтады. Жеңгендері отбасының сыйына бөленеді.

Шілдехана өткеннен кейін баланың әке-шешесі бесіктой жасайды. Ағаштан жасалған бесікті нағашылары немесе жасы үлкен, қадірлі аналардың бірі әкеп, сыйға береді. Бесіктің үстіне алдымен көрпе жабылады. Бала халықшыл болсын деп тон, шапан жабылады, ат жалын тартып мінсін деп қамшы іледі, көз тимесін деп тұмар тағады. Тойға келгендер шашу шашып, балаға батасын береді.

Туғанына қырық күн толғанда баланы қырқынан шығарады. Қазақ халқының ұғымында қырық саны – қасиетті сандардың бірі. Қырқынан шығаруға жиналған әйелдер баланы теңге, сақиналар салынған тегешке шомылдырады. Әйелдердің үлкені «Отыз омыртқаң жылдам бекісін, қырық қабырғаң жылдам қатсын» деп, баланың үстіне қырық қасық су құяды. Келесі кезекте баланың шашын, тырнағын алады.

Тұсау кесу – сәби қаз тұрғаннан кейін тез, жығылмай, сүрінбей жүріп кетсін, болашағы жарқын болсын деген тілекпен жасалатын дәстүр. Арнайы дайындалған ала жіппен баланың аяғын тұсап байлайды. Ала жіппен тұсаудың негізінде «Болашақта бала ешкімнің ала жібін аттамасын!» деген тілек бар. Жіпті қадірлі, ісі алға басып тұрған әрі жылдам, сүрінбей жүретін адам кеседі. Бұл – бала осы адамға тартсын деген тілектен туған рәсім.

*(«Сен білесің бе?» энциклопедиясынан)*

- Қазақ халқының балаға қатысты салт-дәстүрлерінің маңызы неде?
- Балаға қатысты осы салт-дәстүрлер қазір қалай сақталған?
- Өзің көрген немесе естіген бала өміріне қатысты салттарды әңгімелеп бер.



**5-тапсырма.** Төмендегі құттықтау хатты салыстырып оқы, стилін ажырат. Жауабыңды дәлелде. Кімге жазылған? Кім жазған?

### Құттықтау

Сіздерді Халықаралық балаларды қорғау күнімен құттықтаймын! Бала – өміріміздің мәні мен сәні, әрбір адамның ең қымбат қазынасы. Біздің ұрпағымыздың балалық бал дәурені қандай болатыны тек өзімізге байланысты. Оларға ең керегі – бақытты отбасы. Жергілікті билік өз тарапынан отбасы мен отбасылық құндылықтарды сақтап, нығайту үшін, ана мен баланы қорғау үшін, балалардың құқықтарын сақтау бағытында тиісті жұмыстар атқаруда. Ал әрбір ата-анаға «Бала бақыты үшін!» деген ұран өмірлік ұстанымға айналуы тиіс. Балаларымызға ашық аспан, тату-тәтті отбасы мен ұзақ та бақытты ғұмыр тілеймін!

Сені туған күніңмен шын жүректен құттықтаймыз, ойлаған арманыңа жетуіңе тілектеспіз. Сені тек биіктерден көрейік. Қадамыңа – гүл, келбетіңе – нұр, қиялыңа қанат бітсін, жасыңа – жас, басыңа бас қосылсын! Шаңырағыңа құт-береке, бейбіт күннің арайлы шуағы мейлінше төгіле түссін, отбасыңа амандық, деніңе саулық, ұзақ ғұмыр тілейміз, арманың асқақ, шығар биігің асқаралы болсын!  
Әрдайым құшағың гүлге, қадамың нұрға тола берсін!  
Бақытты өмір сүруіңе шын жүректен тілектеспіз!



Құттықтау мерейтойларда, үкімет наградасымен марапатталғанда, әр алуан мейрамдарға байланысты түрлі деңгейдегі (отбасылық, құрбы-достар т.б.) адамдарға жазылады, айтылады.



**6-тапсырма.** Кестедегі құттықтау сөздер қандай дәстүрде қолданылатынын жаз.

Құттықтау сөз	Шілде-хана	Бесіктой	Қырқынан шығару	Тұсау кесу
Ешкімнің ала жібін аттамасын!				
Отыз омыртқаң жылдам бекісін!				
Ат жалын тартып мінсін!				
Халықшыл болсын!				
Балаңыздың бауы берік болсын!				
Қырандай көреген болсын!				



**7-тапсырма.** Оқылым мәтіндегі деректерді қолдана отырып, «Тұсау кесу» рәсіміне арналған құттықтау жаз. Құттықтау сөзде есімдіктер мен мезгіл үстеулерін ұтымды қолдан.



**8-тапсырма.** Төмендегі суреттер бойынша мезгіл үстеулерін қолдана отырып, сөйлем құра.

бүгінгі



жаздай

жаздыгүні

ілгеріде

қыстай



бұрында

қысқы  
суық

күзгі жаңбыр



күздігүні

өуелде



**9-тапсырма.** Сөйлемдерді оқып, үстеулердің мағыналық түрлерін ажырат.

Ертеректе Ә.С. Вульсон деген саяхатшы қазақ балалары жөнінде былай деп жазады: «Қазақ балалары кең-байтақ дала төсінде емін-еркін өседі. Атқа мінуге жастайынан үйренеді. Емшектегі бала көп кезінде түйе үстінде тербелсе, аяғымен нық тұруға жараған соң-ақ атқа мінеді. Қазақтарда жас бала құламайтындай етіп жасалған арнайы ер-тоқым (ашамай) болады. Олар қалған өмірінің көбін ат үстінде өткізеді».

(«Қазақтың салт-дәстүрлері» кітабынан)



**10-тапсырма.** «Тұсау кесу» жырын мәнерлеп оқып, ауызекі сөйлеу тіліне тән етістіктердің түрін ажыратып жаз.

Қаз-қаз, балам, қаз балам,  
Қадам бассаң, мәз болам.  
Күрмеуіңді шешейін,  
Тұсауыңды кесейін.

Қаз-қаз, балам, қаз балам.  
Тақымыңды жаз балам.  
Қадамыңа қарайық,  
Басқаныңды санайық.

Қаз-қаз, балам, жүре ғой...  
Балтырыңды түре ғой.  
Тай-құлын боп шаба ғой,  
Озып, бөйге ала ғой.

Қаз баса ғой, қарағым,  
Құтты болсын қадамың.  
Өмірге аяқ баса бер,  
Асулардан аса бер.



**11-тапсырма.** Қазақ халқының бала тәрбиесіне қатысты қалыптасқан «сүндет той», «тілашар» салт-дәстүрлері бойынша пікір алмасындар. Неліктен осы дәстүр қалыптасқан, қаншалықты оның маңызы бар деген ой тұрғысында сұхбат құрындар.





**12-тапсырма.** Төмендегі белгілермен тыңдалым, оқылым мәтіндегі әр абзацты немесе сөйлемді белгіле. Өз ойыңды қорытындылап жаз.

«✓»	«-»	«+»	«?»
Бұрыннан білемін.	Менің ойлағаныма қайшы, кереғар.	Мен үшін жаңа ақпарат.	Келісе алмаймын, білгім келеді.

## 5–6-сабақ

### САЛТ-ДӘСТҮР ЖӘНЕ ТӘРБИЕ



1. Ата-анаң, ата-әжең саған қандай ақыл-кеңес береді?
2. Сен олардың тілін алмай, ренжітсең не болады?
3. Егер сен бір қате іс жасап қойсаң, қалай ақталар едің?
4. Саған олар үнемі кешіріммен қарайды деп ойлайсың ба? Неліктен?
5. «Тәрбие тал бесіктен» деген ұғымға қалай қарайсың?



**1-тапсырма.** Мәтінді мұқият тыңда.



**2-тапсырма.** Сұрақтарға жауап беріп, диалог құрыңдар.

- Анасымен сөйлескеннен кейінгі баласының іс-әрекеті қандай болады деп ойлайсыңдар?
- Ана мен бала екеуінің қайсысын жақтар едіңдер? Неліктен солай ойлайсыңдар?
- Анасы дұрыс жасады ма? Неліктен?
- Баласы дұрыс жасады ма? Неліктен?
- Мәтіндегі негізгі ой неде деп ойлайсыңдар?

## Тілдік бағдар

### Мекен үстеуі

Қимылдың, іс-әрекеттің болу орнын, бағытын білдіретін үстеудің түрі **мекен үстеуі** деп аталады. Мекен үстеулері *қайда? қайдан?* деген сұрақтардың біріне жауап береді. Оларға *жоғары, төмен, әрі, бері, алда, тұс-тұстан, асты-үстінен, әлдеқайдан, осылай* т.б. үстеу сөздер жатады.



**3-тапсырма.** Мекен үстеулерді қолдана отырып, сурет бойынша сөйлем құра.



**4-тапсырма.** Мәтінді мәнерлеп оқып, ат қой.

Қазақ салтында өздеріне қойдың басын тартқан ақсақалдар мен үлкен кісілер балаларға игі мақсатпен құлақ, көз, таңдай, тіл береді.

*Құлақ беру.* Бата жасап, бас ұстаған қариялар, алдымен, бастың езуінен бір кесіп алып өзі ауыз тиген соң, бастың оң жақ құлағын кесіп, үйдегі жасы ең кіші балалардың біріне: «Мә, балам, құйма-құлақ бол, сөз тыңда, үлкендердің лебізін жерге тастамайтын азамат бол», – деп береді. Міне, бұл «құлақ беру» деп аталады.

*Көз жегізу.* Әдетте білікті, тәрбиелі үлкен кісілер «көреген болсын, әділ болсын» деген ниетпен, бастың екі көзін алып, өзі қалаған балалардың біріне: «Көреген бол, қара қылды қақ жарар әділ бол, халқыңа алаламай тең қара» деп ұсынады. Қазақ халқы екі көзді бір адамға береді. Екі көзді екі адамға берсе, алакөз болады немесе әділдіктен тайып, бұра тартады деп қарайды.

*Тіл жегізу.* Әдетте көреген қариялар мен тәлімгер әжелер көмекейін тілден бөліп алып, тілді-жақты болсын деген бір балаға: «Мә, балам, үлкендердің тілін ал, жезтаңдай шешен бол!» деп тілді беріп жегізеді. Міне, бұл «тіл жегізу» деп аталады. Тіл жеген

бала ата-ана мен үлкендерге, халыққа жағуға, жақындауға тырысады. Өзгелермен оңай тіл табысып, қоғамдық қарым-қатынасын нығайтып, досын көбейтіп, өрісін кеңейтеді.

*Таңдай беру.* Қазақ салтында қойдың басын мұжып отырған үлкен кісілер бастың таңдайын алып, қатты қабыршағын аршып, оны өзі қалаған бір баланың алақанын аштырып қойып: «Шешен бол! Бұлбұл көмей, жезтаңдай әнші бол!» деп таңдайды алақанына ұрып береді. Таңдай берудің өзіндік мән-мағынасы бар. Ол балалардың тіл өнері – ән-жырға деген ынта-ықыластарын арттырып, олардың көкіректеріне жастайынан «әнші болсам, жыршы болсам, ақын болсам екен» дейтін арман-тілектерін ұялатып, шешен, әнші, жыршы, ақын болып шығуына үлкен мүмкіндік жасайды.

(«Тал бесіктен жер бесікке дейін» кітабынан)

- Қазақ халқының салт-дәстүрлері бұрынғы тұрмыс-тіршілікпен байланысты ма? Оны неден аңғарамыз? Қазақ халқының бұрынғы тұрмыс-тіршілігінде төрт түлік малдың маңызы қандай болды?
- Төрт түліктің ішінде не себепті қой-ешкінің мүшелері балаларға ырымдап беріледі?
- Мәтінді оқи отырып, қазақ халқына тән қандай ерекше қасиеттерді байқай аламыз?
- Мәтінде аталған салт-дәстүрлер қазір сақталған ба?



**5-тапсырма.** Оқылым мәтіні бойынша өз пікіріңді төмендегі кестеге сәйкес жүйелеп айт.

Қазақтың салт-дәстүрі	Мән-мағынасы	Дәстүр туралы өз пікірім
Құлақ беру		
Көз жегізу		
Тіл жегізу		
Таңдай беру		



**6-тапсырма.** Оқылым мәтінінің көркем сөйлеу стилінде жазылғанын дәлелде. Мәтінде кездесетін ауызекі сөйлеу үлгілерін анықта.



**7-тапсырма.** Оқылым мәтініндегі негізгі ойды есте сақтай отырып, төмендегі үлгі бойынша ой қорыт. Өз сөзінде мекен, мезгіл үстеулерін қолдан.

Менің ... бала болуым үшін	Ата-анам не істейді?	Мен не істеймін?
тілалғыш		
адал		
шешен		
әнші, жыршы		



**8-тапсырма.** Тыныс белгілерін дұрыс қойып, сөйлемдерді көшіріп жаз.

1. Өнер алды қызыл тіл. 2. Шешеннің тілі шебердің бізі. 3. Ақпа құлаққа айтсаң ағып кетер құймақұлаққа айтсаң құйып алар. 4. Су атасы бұлақ, сөз атасы құлақ. 5. Адалдық жүрген жерде адамдық жүреді. 6. Әдепті бала арлы бала, әдепсіз бала сорлы бала.



**9-тапсырма.** Рөлдерге бөлініп, сұхбат құрыңдар.

Р – рөл: журналист

А – аудитория: оқушылар

Ф – форма: сұхбат

Т – тақырып: Отбасымыздағы салт-дәстүрлер



**10-тапсырма.** Төмендегі мекен үстеулерін қолдана отырып, сөз тіркестерін құра.

*Үстеулер:* ілгері, жоғары, төмен, алды-артынан, әрі-бері, тауға қарай, алға қарай, ілгері-кейін, жоғарыдан.

*Қажетті етістіктер:* өрмеледі, түсті, жылжыды, қозғалды, жүр, орады, түсті, жүгірді, тартты.



**11-тапсырма.** «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жауап бер.

1. Бүгін не үйрендім?
2. Сабақ бойынша нені түсінбедім?
3. Келесі сабақта қандай мәселеге көңіл аудару керек?

## 7–8-сабақ

### НАУРЫЗ – ЖЫЛ БАСЫ



Суреттерді мұқият зерттеп, өз ойларыңмен бөлісіндер.



**1-тапсырма.** Мәтінді зейін қойып тыңда.



**2-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер.

1. Сен Жаңа жылды қалай қарсы аласың?
2. Жаңа жылда қандай сыйлықтар аласың?
3. Сен үшін Жаңа жылдың ерекшелігі неде?
4. Жаңа жылды басқа халықтар қалай атап өтеді?
5. Мұсылман халықтарының Жаңа жылды тойлау ерекшелігі неде деп ойлайсың?

## Мілдік бағдар

### Мөлшер үстеуі

Қимылдың немесе сынның теңдік не көлемдік мөлшерін, шамасын білдіретін үстеудің түрін **мөлшер үстеуі** дейді. Мөлшер үстеулері *қанша? қаншалық? қаншама?* деген сұрақтардың біріне жауап береді. Мысалы: *мұнша, сонша, онша, соншалық, соншама, осынша, осыншама, анағұрлым, соғұрлым, әжептәуір, бірен-саран, талай, бірталай, бірқатар, қыруар, едәуір, азғантай, осыншалық, мұндайлық* т.б. Мысалы: *Өміртайдың жылағаны да онша білінбейді* (С. Мұқанов).



**3-тапсырма.** Сөйлемдерді көшіріп жазып, үстеудің мағыналық түрлерін ажырат.

Мен бүгін сонша шаршадым. Ол сонша өрескел сөз айтты. Сонша алтынды қайдан алдың? – Советский солдат, содан сақ болыңдар деген Хожя Насреддин, – деп жартысын орысша, жартысын өзбекше сөйлеп, Самед ағай да мені қытықтап қояды. Орнымнан шұғыл тұрдым. Мен балаша сақ-сақ күлдім (*Ғ. Мұстафин*).



**4-тапсырма.** Мәтінді мәнерлеп оқы.

### Наурыз мейрамы

Наурыз – шығыс халықтарының мейрамы. Ол күн мен түн теңесетін 22 наурызға сәйкес келеді. Ұлыстың ұлы күні аталатын осы сәт жыл басы саналған. Халық таза, жаңа киімдерін киген. Ер адамдар бір-бірімен қос қолдасып, төс қағыстырады, әйелдер бір-бірімен құшақтасып, игі тілектер айтады. Бірін-бірі мерекеге арнап жеті түрлі дәмнен пісірген наурыз көжеге шақырады. Әдетте осы күні адамдар өкпе-реніштерін кешіріп, татуласады, өшпенділіктен арылып, ынтымақтасуға ұмтылады. Жастар алтыбақан басында өн шырқап, күй тартады. Дәстүрлі көкпар, аударыспақ, қыз қуу, күрес сияқты ұлттық ойындар ойналады. Таң ата жұртшылық биік төбенің басында шыққан күнді қарсы алады. Жарықтың қараңғыдан, жылудың суықтан, жұмсақтың қаттыдан басым түскен осы жасампаздықтың мерекесінде ауыл тұрғындары бұлақ

көздері мен арық-тоғандарды тазалап, аула ішіне, көше бойына тал егуді парыз санайды.

Наурыз мерекесі күні кәрі-жас, ер-әйел, бала-шаға үй-үйді қыдырып жүріп «наурызкөже» ішіп, бір-бірімен кездескенде, «Жасыңыз құтты болсын! Өмір-жасың ұзақ болсын! Ұрпақтар өмірлі болсын! Ұлыс береке берсін, пәле-жала жерге енсін» деген сияқты игі тілектер айтады. Наурызнама өткізілгенде осы күнге арнап наурызкөжеге шақырғандарға, тойда өнер көрсеткен ақын, өнші, палуандарға тағы да басқа өнерпаздарға, жас талапкерлерге ақсақалдар мен әжелер, ел ағалары бата береді. Мысалы, «Өркенің өссін! Әр күнің Наурыз күніндей берекелі болсын! Ұлың ойға, қызың қырға қонсын! Еліңе елеулі, халқыңа қалаулы бол!» деген бата жалпы жұртшылыққа, көпшілікке, бүкіл қауымға, ауылға да беріледі.

(«Қазақтың салт-дәстүрлері» кітабынан)



**5-тапсырма.** Өз аймақтарыңда жарық көретін газет, журнал беттерінен «Наурыз» мейрамына арналған ақпаратты жина. Оқылым мәтініндегі деректермен салыстыр.



**6-тапсырма.** Наурыз батасын оқып, көркем стильдің ерекшеліктерін талда.

Басымызға бас қосылсын,  
 Жасымызға жас қосылсын,  
 Жанымызға жан қосылсын,  
 Малымызға мал қосылсын!  
 Ұлыс шуақ болсын,  
 Құдай қуат берсін,  
 Маңайымыз суат болсын!  
 Жылымыз қызырлы болсын,  
 Мерекеміз дүбірлі болсын!



**7-тапсырма.** Төмендегі мөлшер үстеулерін қолданып, «Наурыз» мерекесіне қатысты сөйлем құрап жаз.

Соншама әдемі, бірқатар қыздар, осыншама тартымды, біршама қазақ үйлер, мұнша тағамдар, соғұрлым әсерлі, едәуір үлкен, қыруар қаржы.



**8-тапсырма.** Наурыз мерекесінде жасалатын ұлттық тағам туралы автордың ойын жалғастыр. Өлеңде көтерілген мәселені талда. Наурыз көженің жасалуын диаграммаға түсіріп көрсет.

### Бидай көже

Бидай көже қайнаған қазан қандай!  
 Наурызда бусанған далам қандай!  
 Аппақ-аппақ ұлпа бұлт таранғандай,  
 Бунақ-бунақ тіршілік жаралғандай.

Жеті дәннен жаралған сенің дәмің,  
 Жеті үнмен таралған менің өнім.  
 Жеті атадан сақталған сыйдай көне,  
 Наурыздың ырысы – бидай көже.

(А. Ахметбекұлы)



**9-тапсырма. Жұптық жұмыс.** Наурыз мерекесіне арнайы жасалатын ұлттық тағамдарға жарнама жасаңдар. Өз сөздерінде үстеу сөздердің түрлерін қолданыңдар. Бір сөйлемде үстеу сөздерді ең көп орынды қолданған жұптарды анықтаңдар.



**10-тапсырма.** Екі бағандағы сөйлемдерді сәйкестендіріп жаз.

Наурыз мерекесі –	Өйткені ...
БІнтымақ, татулық, достық мерекесі	22 наурызда күн мен түн теңеседі, тіршілік жанданады, жан-жануар төлдейді, көктем келеді.
Тазалық мерекесі	Ағаштар отырғызылады, бұлақтардың көздері ашылады, өзендердің арнасы тазартылады.
Табиғатқа қамқорлық мерекесі	Араздасқан адамдар өкпе-реніштерін ұмытып, бірін-бірі кешіріседі, бір-бірінің үйіне барып көріседі.
Жылдың ауысуы, жаңару мерекесі	Үйдің іші-тысы тазартылып, күл-қоқыс шығарылып, ескі-құсқы нәрселер аластатылады.





**11-тапсырма.** Сөйлемдегі үстеу түрлерін анықта.

Таң ата жұртшылық биік төбенің басында шыққан күнді қарсы алады.



**12-тапсырма.** Мәтіннен үстеу түрлерін тап. Тез әрі нақты жауап берген сыныптасыңды анықта.

Ауыл әйелдеріне тән ибалылықты Әлиман берік ұстайды. Жаулықты кіршіксіз аппақ етіп киеді, бір тал шашын сыртқа шығармайды. Қолына күміс білезік, жүзік салады. Көйлекті мол киеді. Қарашы, шай ұрттауының өзінде қаншама әдептілік жатыр! Ұрттағаны ернінің ұшын ғана тигізгені тәрізді – түк естілмейді.

(Б. Соқпақбаев)



**13-тапсырма.** Сабақта алған әсеріңді, ойыңды «Төрт сөйлем» тәсілі арқылы жаз.

**Пікір.** Оқыған мәтін бойынша өз пікіріңді бір сөйлеммен жаз.

**Дәлел.** Өз пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.

**Мысал.** Пікіріңді өмірмен байланыстырып бір мысал келтір.

**Қорытынды.** Тақырып бойынша қорытынды жаз.

## 9–10-сабақ

### ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫ



Суреттерге назар аударыңдар. Өз пікірлеріңді айтыңдар.





**1-тапсырма.** Мәтінді тыңда.



**2-тапсырма.** Ал енді ойланып көр. Қайсы балада қанша асық бар екен?



**3-тапсырма.** Төмендегі сөздерді қазақтың ұлттық ойындарымен байланыстырып сөйлем құра.

Еркін, әскерше, тез, жылдам, бірге, шапшаң.

## Мілдік бағдар

### Сын-қимыл (бейнелік) үстеуі

Қимыл-амалдың сапалық белгілерін, өту тәсілін, жай-күйін, амалын білдіретін үстеудің түрі **сын-қимыл (бейнелік) үстеуі** деп аталады. Сын-қимыл үстеулері *қалай? қалайша? кімше?* деген сұрақтардың біріне жауап береді. Мысалы: *әрең, азар, дереу, шапшаң, жылдам, тез, дәл, әншейін, әскерше, қазақша, адамша, бірге, тікелей, біржола, қолма-қол, ауызба-ауыз, емін-еркін, зорға, қапыда, етпетінен, жүресінен, кезекпен, бекер, бет алды, жатпай-тұрмай, бостан-босқа, емін-еркін, шама-шарқынша* т.б.



**4-тапсырма.** Сын-қимыл үстеуі қолданылған сөйлемдерді көшіріп жаз.

1. Қайрекең миығынан күліп, қомақталып алды (*Ф. Сланов*).
2. Оспанмен оңаша сөйлесті (*М. Әуезов*).
3. Бұл әншейін жол-жөнекей айтылған сөз (*С. Мұқанов*).
4. Қасына қайта отырғызды (*Ф. Мүсірепов*).
5. Шу дегенде болатын тосырқаулық та, салқын сыпайыгершілікпен амандасу да біржола жойылды (*М. Иманжанов*).



**5-тапсырма.** Мәтінді оқы. Парталасыңмен бірге 5 минутта мәтіннен үстеудің мағыналық түрлерін немесе етіс жұрнақтарын табыңдар. Әр жұп келесі жұпқа өздері терген мысалдарды дәлелдеп түсіндірсін.

### Асық ойыны

Асық ойыны – қазақ халқының дәстүрлі ойыны. Асық үй ішінде де, далада да, күндіз де, түнде де ойналады. Ойынға тегіс немесе тақыр жерлер таңдалып алынады. Асық ойындарының ежел-

ден қалыптасқан дәстүрі бойынша үй ішіндегі ойындар және дала ойындары болып екі топқа бөлінеді. Үй ішіндегі ойындарға 4–5 баладан артық қатыса алмайды. Үйде қағу, қаржу, қарпу, шерту ойындары ғана, ал далада атыс ойындары ойналады. Бұған 5–10 және одан да көп бала қатыса алады.

«Хан» («Ханталапай»). Ойынға екі және одан да көп бала қатыса алады. Әр бала кемінде 5–10 асықтан шығарады, яғни 5 бала қатысатын болса, барлығы 25–50 асық қосылады. Мұның сыртында бір бояулы (қызыл не көк) асық «хан» болып белгіленеді. Ойынға тегіс орын алынады.

Балалардың әрқайсысы бір асықтан алып қосып, оны біреуі шапалады. Ойын шарты бойынша кімнің асығы бірінші «тәйке» немесе «алшы» түссе, ол бірінші, екінші түскені екінші, үшінші түскені үшінші, тағы солай кезектесіп ойынды бастайды. Алғаш кезек алған бала барлық асықты қос уысына жинап алып шашып жібереді. Егер «хан» басқа бір асықпен жанасып (тиіп) жатса, «ханталапай» болады. Бұл жерде бір бала «ханталапай!» деп қалуы керек. Сол сәтте балалар асықты талап алады да, санайды. Алған асық санымен ұпай шығады. «Хан» кімнің қолында болса, келесі ойынды сол бастайды. Мұнда біреуі ұтып, біреуі ұтылып отырады. Ұтыс ойын аяғында шығады. Әрине, оны әр бала өздері санап отырады.

*(Балалар энциклопедиясынан)*



**6-тапсырма.** Мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер.

- Тағы қандай қазақтың ұлттық ойындарын білесің?
- Асық ойынының қандай ерекшеліктері бар екен?



**7-тапсырма.** Сөйлемдерде кездесетін орфографиялық қателерді емле, ережелерге сүйеніп түзетіп, көшіріп жаз.

Қазақтың ұлттық ойындары – ежелгі заманнан қалыптасқан дәстүрлі ойын-сауық түрлері. Бүгінгі бізге жеткен ұлттық ойындарымыздың тарихы Қазақстан жерінде біздің заманымыздан бұрынғы I мыңжылдықта қалыптасқан. Тоғызқұмалақ, қуыршақ, асық ойындары Азия елдерінде тайпалық одақтар мен алғашқы

мемлекеттерте кеңінен тараған. Ұлттық ойындарды меңгеру барысында балалар мен жасөспірімдер өртүрлі жаттығу жасау арқылы денесін шынықтырады, ой-өрісін дамытады. Қазақ ұлты негізінен, орпақ қамын басты мақсат етіп қойып, балалардың нағыз азамат болып қалыптасуына зор мән берген.

(Балалар энциклопедиясынан)



**8-тапсырма.** Көп нүктенің орнына сын-қимыл үстеулерін дұрыс қолданып, сөйлемдерді толықтырып жаз.

... (қалай?) жүгірді	... (қалайша?) шүйілді	... (кімше?) мөз-мейрам болды
... (қалай?) сөйлесті	... (қалайша?) қаң-қылдады	... (кімше?) сап түзді
... (қалай?) тигізді	... (қалайша?) құлады	... (кімше?) сыйласты



**9-тапсырма.** Суреттерді байланыстырып әңгіме құрап жаз. Өз сөзінде сын-қимыл үстеуін қолдан.



**10-тапсырма.** Кестедегі ақпаратпен таныс, ойды жалғастырып жаз. Қазақ ұлттық ойындары қандай іс-қимылдар мен қасиеттерді дамытуға баулитынын айтып бер.

Ойын атауы	Шарты	Менің ойымша, бұл ойын ...
Бөрікпен ұру	Ескі бөрік домалақтап буылады. Бөрікті ұстаған адам келесі ойыншыны бөрікпен ұрып дәл тигізсе, ол қашушыға айналады. Ойын солай жалғаса береді.	

Тобық жасыру	Екі ойыншының біреуі тобықты жасырады, екіншісі қай уақытта және қандай жағдайда сұрайтынына уәделеседі. Белгілі бір мерзімде тобықты сұрағанда, жасырушы өз бойынан (қалтасынан, саусақ арасынан) алып берсе ұтқаны, тауып бермесе, бөсекеге тігілген затын алады.	
--------------	---	--



**11-тапсырма.** Энциклопедия немесе «Қазақтың ұлттық ойындары», «Қазақтың салт-дәстүрлері» кітаптарынан қазақ ұлттық ойындары туралы деректер жина. Тұсаукесер дайында.



**12-тапсырма.** Өткен сабақтарды есіңе түсір, тапсырманы орында.

Үстеу түрлері	Сұрақтары	Мысал
Мезгіл үстеуі		
Мекен үстеуі		
Мөлшер үстеуі		
Сын-қимыл үстеуі		



**13-тапсырма.** «Төрт сөйлем» тәсілін пайдалана отырып, сабақ бойынша түсінгенінді жаз.

**Пікір.** Оқыған мәтін бойынша өз пікіріңді бір сөйлеммен жаз.

**Дәлел.** Өз пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.

**Мысал.** Пікіріңді өмірмен байланыстырып, бір мысал келтір.

**Қорытынды.** Тақырып бойынша қорытынды жаз.

## 9-бөлім. ӘЛЕМДЕГІ ІРІ КІТАПХАНАЛАР

### 1–2-сабақ

#### ЕЖЕЛГІ КІТАПХАНАЛАР



Суреттерге мұқият қара. Сенде қандай ой туындады? Пікіріңмен бөліс.



**1-тапсырма.** Мәтінді тыңда.



**2-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер.

1. Ежелгі жазба ісі қай уақыттан басталған екен?
2. Бұрынғы кітаптарды жасауда қандай заттар пайдаланылған? Себебі неде деп ойлайсың? Ойыңды дәлелде.
3. Қазіргі кітаптар мен бұрынғы жазбаларды ортақтастыратын не деп ойлайсың? Пікіріңмен бөліс.



**3-тапсырма.** Суреттерді негізге ала отырып, тыңдалым мәтіні бойынша ақпаратты сәйкестендіріп жинақта, айтып бер.



Көне Египет

Еуропа





**4-тапсырма.** Тыңдалым мәтініндегі ақпаратты пайдаланып, сөйлемді аяқтап жаз.

- ✓ Көне Египетте жазу жазатын алғашқы материалдар ретінде папирус *әдейі* қолданылған, өйткені...
- ✓ Кітаптардың мұқабаларын әшекейлеу үшін *әдейілеп* платина, ..., ..., ... қолданылды.

## Тілдік бағдар

### Мақсат үстеуі

Қимылдың, іс-әрекеттің мақсатын білдіретін үстеудің түрі **мақсат үстеуі** деп аталады. Мақсат үстеулері *неліктен?* *не мақсатпен?* деген сұрақтардың біріне жауап береді. Мақсат үстеулеріне: *әдейі, әдейілеп, жорта, қасақана* деген санаулы сөздер жатады. Мысалы: *Әдейі өзіміздің жақтың әндерін салдым (Ғ. Мүсірепов).*



**5-тапсырма.** Мәтінді оқы. Ауызекі сөйлеу тілінің ерекшеліктерін анықта.

Қазақ жерінде ежелден дала мәдениеті дамып келе жатқан еді. Оның негізінде малшаруашылығы болған, алайда егіншілік те кеңінен тараған. Сонымен қатар түркі тайпалары қолөнермен де айналысқан. Олардың жазбасы болған, қалалар салып, көшпелі мемлекеттер құрған еді. X ғасырда көне түркі жазбасының орнына араб графикасы келді. Біртіндеп мұсылман мәдениетінің ықпалы күшейе түсті. Жан-жақты білім беретін алғашқы медреселер пайда болады. Діни кітаптармен қоса медреселерде астрономия, география, математика, философия, логика, тарих, араб және парсы тілдері сияқты пәндер оқытылған екен.

Қазақ жерінде бастапқы білім алып, сауатын ашқан түркілер Орталық Азияның мәшһүр шаһарларына айналған Отырар, Тараз, Испиджаб, Самарқан сияқты іргелес мәдени орталықтарына барған, ал одан кейін оқуды аңсағандар алыстағы, әлемнің әйгілі ғылым орталықтары болып саналатын Бағдад, Дамаск, Каир қалаларына бағыт алған. Міне, сол заманда адамдар кітапханада жиналып, тәжірибе алмасқан екен. Оңтүстік Қазақстан жері дамыған қала мәдениетімен ерекше көзге түскен. Ондағы білім деңгейі өте жоғары болған. Көптеген атақты адамдар буыны Испиджаб, Тараз, Отырар, Жент сияқты қалалардан шыққан еді. Қазақстанның

осы оңтүстік өңірлері арқылы Ұлы Жібек жолының негізгі жолы өтетін. Ал Ұлы Жібек жолы отырықшы және көшпенді елдердің мәдениетін тоғыстырушы алаң болған. Шығыс пен Батыстың түрлі ғылым салаларына арналған бағалы қолжазбалар Қазақстанның рухани және білім орталықтарында жиналып, сақталған.

Осыған орай, Отырар кітапханасы туралы аңыздың пайда болуы кездейсоқ емес. Оның қолжазба қорының арқасында көптеген ұлы ойшыл ғалымдар өскен еді. Өкінішке орай, Отырар кітапханасы Шыңғысханның шабуылы кезінде өртеніп кеткен. Отырар кітапханасы 1000–1200 жылға жуық уақыт дүниежүзіндегі ең үлкен кітапхана болған.

(«Отырар кітапханасы». Қазақстан тарихы)



**6-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер.

1. Мәтін бойынша ойыңда не сақталып қалды?
2. Медреселерде қандай пәндер оқытылған?
3. Түркі ғалымдары қандай қалаларда білім алған екен?
4. Кітапхананың сол кезеңдердегі адамдар үшін маңызы қандай еді? Себебі неде?
5. Отырар кітапханасы туралы қандай мәлімет әсер қалдырды? Неліктен? Ойыңмен бөліс.
6. «Егер Отырар кітапханасы күлге айналмаса...» деген ойды бір сөйлеммен қалай жалғастыра бересің?



**7-тапсырма.** Мектеп кітапханасындағы оқиға жайлы мақсат үстеулерін қолданып, 3 сөйлем құра.



**8-тапсырма.** Оқылым мәтініндегі ауызекі сөйлеу тілінің ерекшеліктері бар сөйлемдерді анықтап, көшіріп жаз.



**9-тапсырма.** Төмендегі сұрақтарға ойланып жауап бер.

Мен және кітап	Мен үшін кітап оқу қаншалықты маңызды?
	Неліктен мен кітап оқимын немесе оқымаймын?
	Оқыған қандай кітап есімде қалды? Ол кітап несімен қызықты болды?
	Мен кітап жазсам, не туралы жазар едім? Қалай жазар едім?
	Болашақта кітапханалар қандай болуы мүмкін?





**10-тапсырма.** Мақсат үстеуін дұрыс қойып, сөйлемдерді көшіріп жаз.

Отырар кітапханасы ... өртелген деген пікір бар.	а) жорта
Ол ... сөйлеп, сұраққа жауап бермеуге тырысты.	ә) әдейі
... істеген ісі өшкере болып, ел алдында абыройы төгілді.	б) қасақана
Үйленгенімді естіп, ... ат терлетіп, құтты болсын айтуға арнайы келген екен.	в) әдейілеп

### *Білгенге маржан*

Өз заманында Александрия кітапханасы ең үлкен кітапхана саналып, онда 750 000 папирус жинақталған екен. Бұл кітапхана б.д.д. 48 жылы өртеніп кеткен. Қазір бұл – Египеттің ең басты кітапханасы әрі мәдени орталығы ретінде танымал. Кітапхана ғимараты Жерорта теңізі жағалауындағы Александрия қаласында орналасқан.



**11-тапсырма.** Өлеңді жаттап ал. Өз таңдауың бойынша бір шумақты қара сөзге айналдыр. Үстеу түрлерін қолдан.

### **Отырар кітапханасы**

Тек қарынның байлығына сенген елдің соры бар,  
 Көне тарих сабақтары бізге мойын бұрғандай.  
 Отырарда ғаламда жоқ жазба кітап қоры бар,  
 Өткен заман елестері өлі қоршап тұрғандай.  
 Көзсіз зорлық ғасырынан,  
 Надандықтың тасырынан,  
 Жер астына жасырылған  
 Дара тұлға бабалардың ұшқыр ойы, санасы.  
 Ұяттыны толғандырған,  
 Қанаттыны заңғар қылған,  
 Күллі өлемді таңғалдырған,  
 Рухыңмен қолда бізді  
 Отырардың ұлы кітапханасы!

(*М. Шаханов*)



**12-тапсырма.** Кітапты пайдалану ережесімен таныс. Өз тарапыңнан ережеге тағы не қосар едің? Мақсат үстеуін қолдана отырып, ережені толықтырып жаз.

1. Кітапты тек таза қолмен ұстау керек.
2. Беттерін қатты басуға болмайды, одан кітап парағы түсіп қалады.
3. Кітаптың арасына дәптер, қалам салуға болмайды, одан мүқаба бүлінеді.
4. Кітапты бүктеме, кітап баулығын пайдалан.
5. Тамақ ішкенде кітап оқымау керек.
6. Кітап бетін қалам не қарындашпен сызуға болмайды.



**13-тапсырма.** Тілдік бағдардағы мақсат үстеулерін қолдана отырып, «Кітапты кім ренжітті?» тақырыбында шағын мәтін жаз.



**14-тапсырма.** «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жауап бер.

1. Бүгін не үйрендім?
2. Сабақ бойынша нені түсінбедім?
3. Келесі сабақта қандай мәселеге көңіл аудару керек?

### 3–4-сабақ

## ӘЛЕМДЕГІ КІТАП МҰРАҒАТТАРЫ МОЛ КІТАПХАНАЛАР



Суреттерге мұқият қара. Өз ойыңмен бөліс.



**1-тапсырма.** Мәтінді тыңда.



**2-тапсырма.** Тыңдалым мәтіні бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Автор кітапқа қатысты қандай маңызды пікірлермен өздеріңмен бөлісіп отыр?
2. Өзің қандай кітаптарды оқуды ұнатасың? Ойыңмен бөліс.

## Тілдік бағдар

### Себеп-салдар үстеуі

Қимыл, амалдың себебін не салдарын (нәтижесін) білдіретін үстеудің түрі **себеп-салдар үстеуі** деп аталады. Себеп-салдар үстеуі *қалай? неліктен?* деген сұрақтарға жауап береді. Оларға мынадай үстеулер жатады: *босқа, бекерге, амалсыздан, лажсыздан, шарасыздан*. Бұлардан басқа көсемшелердің қайталануы арқылы жасалатын *сөйлей-сөйлей, көре-көре, оқи-оқи* т.б. туынды үстеулер де көбінесе осы топқа жатады.



**3-тапсырма.** Сөйлемдердегі себеп-салдар үстеулерін көшіріп жаз.

1. Орнынан амалсыздан тұрған ол есік жаққа қарай беттеді.  
 2. Өрқашан да осылай, ешкім сенбейді маған, босқа жүрмін шабылып.  
 3. Кеше жауабын беремін деп уәде еткен едім, лажсыздан келістім.  
 4. Ертең, бүрсігүні не бітіресіз, бекерге шаршайсыз, келмеңіз.  
 Өзім жауабын айтармын.  
 5. Манадан бері неге айтпадың?  
 Босқа тосып отырмыз ба?  
 6. «Көре-көре көсем боларсың, сөйлей-сөйлей шешен боларсың» деген сол.



**4-тапсырма.** Мәтінді оқы.

Конгресс кітапханасы – Америка Құрама Штаттарының ұлттық кітапханасы және Құрама Штаттардың Конгресінің негізгі зерттеу филиалы. Вашингтон қаласында үш бірдей ғимаратта орналасқан Конгресс кітапханасы – кітаптарының саны жөнінен де, алып жатқан аумағы жағынан да әлемдегі ең үлкен кітапхана. Білесіз бе, мұндағы қызметкерлердің саны 3000 адамнан асады екен. Кітапханада 437 тілде жазылған 32 миллионнан аса кітап пен құнды ақпарат, 61 миллиондай қолжазба, Солтүстік Америкада сирек кездесетін кітаптар жинағы, 1 миллионнан астам мемлекеттік баспа, үш ғасырдан бері жиналып келе жатқан 1 миллионға жуық әлемдік газет, заңдық құжаттардың әлемдегі ең үлкен жинағы, фильмдер, 4,8 миллион карта, ноталар, 13,7 миллионнан астам сурет бар.

Британдық кітапхана – Ұлыбританияның ұлттық кітапханасы. Кітапхана Лондонда орналасқан және әлемнің ең үлкен кітапхана-

лары қатарында тұр. Онда әлемнің ең танымал тілдеріндегі 150 миллионнан астам құнды ақпарат, кітап, газет, видеоақпарат, әуенді жазба, карта, сурет жинақталған. Оған қоса 25 миллионға жуық сирек кездесетін қолжазба мен кітаптардың жинағы бар. Аталған қолжазбалар б.з.б. 300 жылдардан хабар береді. Көлемі жөнінен әлемде АҚШ-тағы кітапханадан кейінгі екінші орында тұр.


Ресей Ғылым академиясының кітапханасы I Петрдің бұйрығымен 1714 жылы тұрғызылған. Кітапхананы ұйымдастырудағы басты мақсат – еуропалық білімге құштар, барлық сауатты адамдарды кітаптармен қамтамасыз ету болды. Кітапхана қоры – көптілді және әмбебап. Бастапқы кезде кітапханада 2 мыңға жуық кітап болған көрінеді. 1783 жылы II Екатеринаның бұйрығынан кейін кітапханаға Ресейде жарық көрген барлық басылымдар әкеліне бастады.

(<http://massaget.kz/>)

- Америка, Ұлыбритания елдерінде сақталған кітапханалардың басты ерекшеліктері неде?
- Ресей кітапханалары қандай мақсатта тұрғызылған?
- Кітапхана мұрағаттарының көп немесе аз болуы немен байланысты деп ойлайсың?



**5-тапсырма.** Оқылым мәтініндегі кітапханаларға қатысты ақпараттарды дұрыс сәйкестендіріп белгіле.



## Білгенге маржан

Қазақстандағы ең кішкентай кітап – Сәкен Сейфуллиннің «Сыр сандық» таңдамалы лирикалық кәдесый кітабы. Мұқаба жиегін қаңылтырмен қаптаған кітаптың биіктігі 3,2 см болса, ені – 2 см. Сандықшаның сол жақ бетінде Сәкен Сейфуллин бейнеленген. Мөлдір түсті пластмассадан жасалған сырғыма қақпақ орналасқан. Сандықшаның ішіндегі кітаптың мұқабасы қызыл түсті қатты қағаздан жасалған. Мұқаба бетіне Сәкен Сейфуллиннің қолтаңбасы бейнеленген. Кітапқа ақынның таңдаулы деген 24 лирикалық өлеңі енгізілген. Арнайы үлкейткішпен ғана (лупа) оқуға болады. Кітап 95 беттен тұрады. Ең соңғы бетінде кітаптың шығуы туралы орыс тілінде мәлімет жазылған.

(А. Бекмағамбетова)



**6-тапсырма.** Мәтіндегі кейбір сөздердің емлесін есте сақтау үшін парталасыңмен бірге қайталап айт.



**7-тапсырма.** Өткен сабақтарды есіңе түсір. Тыңдалым, оқылым мәтініндегі мәліметтерді қолдана отырып, «Кітапханалардың адамдар үшін маңызы қандай?» тақырыбында мәтін жаз. Үстеу түрлерін қолдан. Төмендегі жоспарды негізге ал.

- ✓ Кіріспе бөлім. «Кітап – білім бұлағы».
- ✓ Негізгі бөлім. «Кітаптардың қоймасы – кітапхана».
- ✓ Қорытынды бөлім. «Кітапханалар – кітапсүйер қауымның мекені».



**8-тапсырма.** Мәтіннен үстеу сөздерді анықтап жаз.

Ғалымдардың айтуынша, кітап оқу рухани жетілуге ғана емес, тән саулығына да әжептәуір пайдалы екен. Бүгінде медицина ілімінде үлкен мидың жұмысы бүкіл ағзаға тікелей әсер етеді делінген. Кітап оқу ауызша, жазбаша сөйлеу мәдениетін жоғарылатады. Тұлғаның өзін-өзі дамытуына ерекше ықпал етуші құрал – кітап, ал оның өлемі – кітапхана. Кітапхана – білім мен ғылымның, мәдениеттің орталығы, қасиетті орда. Кітаптың иісі мен тыныштық жайлаған осындай кітапханалар кітапсүйер қауымның сүйікті мекені болып қала бермек.



**9-тапсырма.** Төмендегі қанатты сөздерді оқы. Өзіңе ұнағанын талда, пікіріңмен бөліс.

- ✓ Кітап – ақылына ақы сұрамайтын алтын қазына (*Ә. Науаи*).
- ✓ Артық ғылым кітапта, ерінбей оқып көруге (*Абай*).
- ✓ Егер кітапты оқи қалсаң, оқыған нәрсеңнің негізгі ойын көңілге тоқи біл (*Л. Сенека*).
- ✓ Жақсы кітап – ақылды адамның әңгімесімен бірдей (*Л. Толстой*).
- ✓ Мәдениетті адам болып тәрбиеленуге екі құдіретті күш әсер етеді: көркемөнер және ғылым. Бұл екеуіне де кітап бетінен дидарласасың (*М. Горький*).



**10-тапсырма.** «Шығу парағын» пайдаланып, сұрақтарға жауап бер.

1. Бүгінгі сабақ тақырыбы бойынша не үйрендің?
2. Сен үшін тақырыптардың құнды жақтары қандай болды?
3. Өзіңнің және сыныптастарыңның білімін бағала. Өз жұмысыңа, сыныптастарыңның топ ішіндегі белсенділігіне көңілің тола ма?
4. Осы тақырып бойынша тағы не білгің келеді?

## 5–6-сабақ

### ӘЛЕМДЕГІ ТАҢҒАЖАЙЫП КІТАПХАНАЛАР



Әлемдегі ірі кітапханалар туралы өзіңнің тұжырымдарыңды төмендегі кластер бойынша көрсетіп, толтыр.





**1-тапсырма.** Мәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап бер.

1. Мәтіндегі негізгі ойды анықта.
2. Қытай кітапханасының ерекшелігі неде деп ойлайсың?



**2-тапсырма.** «Бізге ерекше әсер қалдырған кітапхана» тақырыбында жұпта/топта диалог құрыңдар. Өз сөздеріңде «Ежелгі кітапханалар», «Әлемдегі кітап мұрағаттары мол кітапханалар» тақырыптары бойынша мәліметтерді пайдаланыңдар. Сұрақ, жауаптарыңды қысқа, тұжырымды, түсінікті ойластырыңдар.

## Тілдік бағдар

### Топтау үстеуі

Қимылдың, іс-әрекеттің бірігу арқылы істелетінін білдіретін үстеудің түрі **топтау үстеуі** деп аталады. Бұл үстеу *қаншадан? нешеден? нешеуден? қалай-қалай?* деген сұрақтарға жауап береді. Мысалы, *екеулеп, үшеулеп, он-ондап, бір-бірлеп, аздаған, көптеген, топ-тобымен, рет-ретімен, тең-теңімен, алды-алдына, бас-басына* т.б.



**3-тапсырма.** «Кітап» және «кітапхана» сөздерін төмендегідей топтау үстеулерімен байланыстырып, сөйлем құрап жаз.

Екеулеп, көптеген, топ-тобымен, рет-ретімен, бір-бірлеп, бас-басына.



**4-тапсырма.** Мәтінді оқы.

Швейцариядағы Сен-Галль аббаттығының кітапханасы – ортағасырлық кітаптарға ең бай кітапхана. 2005 жылы жүргізілген санақ бойынша мұнда 160 000 кітап бар. VII ғасырдан бастап XVIII ғасырға дейін Сен-Галль аббаттық орталық деп есептелді. Шіркеу құрылысы 719 жылдан басталған. Бұл шіркеудің негізін салған Ирландиядан шыққан Галль есімді монах еді. Кітапхананың кіреберісінде «жанның дәріханасы» деген жазу бар. Залдарда сансыз көп кітап сөрелері орналасқан. Сонымен қатар бұл жерде сирек кездесетін қолжазбалар мен құжаттар арнайы сақталатын қойма бар. Оларды ұстауға немесе суретке түсіруге тыйым салынған.

Прага қаласында орналасқан Страговск монастырының кітапханасы – адамдар тәу етіп келетін қасиетті жер, сонымен қатар құнды архитектуралық ескерткіш, мұражай және сирек кездесетін кітаптар сақталған кітапхана. Монастырьдың негізі 1149 жылы қаланған. Мұндағы ең көне кітаптар XII ғасырға жатқызылады. Бүгінгі күні кітапхана мұрағатында 130 000 кітап сақталған.


Солтүстік Америкадағы Йель университетінің сирек кездесетін кітаптар мен көне қолжазбалар кітапханасының негізі 1963 жылы қаланған. Бұл – сирек кітаптар мен манускриптерді сақтауға арналған әлемдегі ең үлкен кітапхана. Мұнда бүгінде 11 миллион кітап бар, соның ішінде Гутенберг Библиясының 48 данасы сақталған.

Сиэтл кітапханасы АҚШ-тың солтүстік-шығысындағы Сиэтл қаласының орталығында орналасқан. Бұл шыны мен болаттан жасалған әсем ғимараттың негізі 2004 жылы тұрғызылған. Мұнда 1,45 миллион кітап сыяды. Кітапханада оқу залдары, демалыс бөлмесі, балалар залы, дәрісханалар, қызметтік орындар бар.

(«Кітапхана, интерьер, архитектура» кітабынан)



**5-тапсырма.** Мәтін мазмұны бойынша төмендегі сұрау есімдіктерін пайдалана отырып, сөйлем құра.



**6-тапсырма.** Мәтін бойынша ойыңда не сақталып қалды? Кітапхана туралы қандай мәліметтер әсер қалдырды? Не себепті? Еуропадағы кітапханалардың басты ерекшелігі неде? Кітапханалар салынғанда шіркеулер болып, кейін қалайша кітапханаға айналған? Өз пікіріңмен бөліс.



**7-тапсырма.** Парталасыңмен бірге «Кітапханадағы бір күн» тақырыбына диалог құрыңдар. Диалогте үстеу түрлерін қолданыңдар.





**8-тапсырма.** «Коллаж-әңгіме». Төмендегі суреттер бойынша себеп-салдар, топтау үстеулерін қатыстыра отырып, әңгіме құра.



Сен-Галль аббаттығының кітапханасы



Страговск монастырының кітапханасы



Сиэтл кітапханасы

### *Білгенге маржан*

Әлемде ең үлкен көлемімен таңғалдырып, рекордтар тізіміне енген кітаптар бар. 1976 жылы АҚШ-тың Денвер қаласында шығарылған 300 беттік «Суперкітап» Гиннеске «ең үлкен кітап» ретінде енген. Биіктігі 3 метрге жуық бұл кітаптың салмағы 252,6 килограмға тең.



**9-тапсырма.** Сөйлемдерден топтау үстеулерін теріп жаз.

1. Екеулеп сыр бермегенімізбен, іштей қатты састық. 2. Тағы едәуір кешігіп, жыларман халде алды-алдына үш кесе алып келді. 3. Екеуі өнеугүні өзіміздің төлеуге берген кеселеріміз. 4. Иесіз қалған екі пулеметті қатар қойып алып, екеуімен рет-ретімен, кезек-кезек ата бастады. 5. Ұлттық «Ұлан» сарбаздары үш-үштен сапқа тұра қалды. 6. Саптағы жігіттер төрт-төрттен қатар келе жатыр.



**10-тапсырма.** Сабақта алған әсеріңді, ойыңды төмендегі кестеге сәйкес жаз.

«✓»	«-»	«+»	«?»
Білемін.	Білмеймін.	Мен үшін жаңа ақпарат.	Мені таңғалдырды.

## 7–8-сабақ

### ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КІТАПХАНАЛАР



1. Біздің елімізде қандай кітапханалар бар?
2. Өзің қай кітапхананың оқырманысың?
3. Балаларға арналған кітапханаларға бардың ба?
4. Онда қандай талаптар бар?
5. Өзіңнің жеке кітапханаң бар ма?



**1-тапсырма.** Мәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап бер.

1. Мәтіндегі негізгі ойды анықта.
2. Қазақстанда тағы қандай шағын кітап бар еді? Екеуін салыстыр.
3. Кітаптардың кішкентай болу себебі неде?



**2-тапсырма.** Төмендегі жауаптарға сұрақ қойып, жұпта/топта диалог құрыңдар. Сұрақтарыңды дәптерге жазып, сұрау есімдіктерін ажырат.

**Сұрақ:**

**Жауап:** Бүгінде С. Бегалин атындағы Мемлекеттік балалар кітапханасы – ең ірі балалар кітапханасы.

**Сұрақ:**

**Жауап:** С. Бегалин атындағы Республикалық мемлекеттік балалар кітапханасы 1951 жылы мамырдың 10-ында құрылды. Кітапхана Кеңес Одағындағы алғашқы республикалық балалар кітапханасы болып саналды.

**Сұрақ:**

**Жауап:** Кітапхана Алматы қаласында Төле би көшесі 27-үйде орналасқан.

**Сұрақ:**

**Жауап:** Кітапханада: абонемент, бөбектерге арналған оқу залы, 5-сынып оқушыларына арналған абонемент, жоғары сынып оқушыларына арналған оқу залы, өнер әдебиетінің бөлімі, ақпарат-библиографиялық бөлімі, даму және жаңа технологияларды енгізу бөлімі, ұйымдастыру-әдістемелік кітап қорын сақтау, кітап қорын толықтыру және өңдеу бөлімі деп аталатын бірнеше бөлім бар.

**Сұрақ:**

**Жауап:** Кітапхана директорының айтуынша, қазір балалардың кітапқа деген қызығушылығы артып, келушілердің саны көбейген.

## Тілдік бағдар

### Күшейткіш үстеу

Заттың сынын, мөлшерін, көлемін, қимылдың сапасын не аса күшейтіп, не солғындатып көрсету үшін қолданылатын үстеудің түрі **күшейткіш үстеу** деп аталады. Күшейткіш үстеулер *қалай? қандай?* деген сұрақтардың біріне жауап береді. Мысалы, *ең, тым, өте, тіпті, аса, әбден, мүлде, нақ, қақ, орасан, нағыз, ылғи, кілең, сәл, дәл, өңкей* т.б.



**3-тапсырма.** Сөйлемдердегі күшейткіш үстеулерді теріп жаз.

1. Үйдегілердің бәрі: апам, Айна, інім бәрі маған ылғи қамқорлығын көрсетіп жүреді. 2. Ол ойланып барып былай деді: «Биыл тым асығыстау емес пе? Келесі жылы барайық». 3. Адамға ең ыстық туған жер ғой, шіркін! 4. Сол жылы қызылшадан өте көп өнім алдық. 5. Жарықтық өзі әбден титықтап шаршаған екен. 6. Тіпті маған мойнын бұрар емес, қатты өкпелепті.



**4-тапсырма.** Мәтінді мәнерлеп оқы.

### Ғылыми кітапханалар

Қазақстан Республикасы Ғылыми кітапханасы 1932 жылы КСРО Ғылым академиясының Қазақстандағы бөлімі негізінде құрылған.



Кітапханада 6 оқырман залы жұмыс істейді, ғалымдарға, ғылыми қызметкерлерге, ЖОО оқытушыларына, мамандарға, магистранттарға, студенттерге және т.б. оқырмандарға қызмет көрсетіледі. Кітапхана қоры ұлттық және шетел басылымдарының, Қазақстан ғалымдарының жеке кітапханаларының бай топтамаларынан тұрады. Қордың көлемі 5,0 млн-нан астам кітапты құрайды.

Ғылыми кітапхана автоматтандырылған ақпараттық кітапханалық жүйе (ААКЖ) бағдарламасымен жұмыс істейді. Ғылыми кітапхана өзінің сандық кітапхана үлгісін жасаушы болып табылады, онда 1 мыңнан астам сирек, бірегей басылым атаулары, 40 жеке дерекқоры, Қазақстан ғалымдары еңбектерінің электрондық топтамалары бар.

Еліміздегі ірі кітапхананың бірі – Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы. Ол 1910 жылы 31 желтоқсанда құрылды. Ағарту саласы жанашырлары қоғамының қаражаттарына Верный қалалық думасы Л.Н. Толстой атындағы кітапхана-оқу залын ашу туралы шешім шығарды. Кітапхана 1931 жылы Республикалық кітап қоймасы мәртебесін алды. 1991 жылы Ұлттық кітапхана болып аталды. Қор жыл сайын 100 мың данаға толықтырылып отырады. Күн сайын кітапханаға 3 мыңға жуық оқырман келеді.

*(ҚР Ғылыми энциклопедиясы)*



**5-тапсырма.** Мәтін бойынша ойыңда не сақталып қалды? Кітапхана туралы қандай мәліметтер әсер қалдырды? Ғылыми кітапхананың басты ерекшелігі неде деп ойлайсың? Ғылыми кітапханада қандай бағдарламалар бар екен? Сандық кітапхана дегенді қалай түсінесің? Ұлттық кітапхананың ерекшелігі неде?



**6-тапсырма.** «Әлемдегі және еліміздегі кітапханалар» тақырыбында күшейткіш үстеулерді қатыстыра отырып таныстырылым жаса. Өз сөзінде кітапханалардың ерекшеліктері мен ұқсастықтарына тоқтал.



**7-тапсырма.** Оқылым мәтіні бойынша тұжырымдарыңды төмендегі кестеге салып жүйеле.

Тірек сөз	Анықтама
Ғылыми кітапхана	
Оқырман залы	
Кітапхана қоры	
Кітапхананы автоматтандыру	



**8-тапсырма.** Төмендегі мәтінді оқы. Орфографиялық, пунктуациялық қателерді анықтап, түзетіп жаз.

Білім ғылым үйренбекке талап қылушыларға әуел білім керек. Талаптың өзінен біраз шарттары бар. Оларды білмек керек. Оларды білмей іздегенмен табылмас.

... Адам көнілі шын меиірленсе, білім ғылымның өзі де мейірленеді, тезірек қолға түседі. Шала мейір шала байқайды.

... Ғылымды үйренгенде ақыйқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек..

... Ғылымды ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты бар. Сол мінез бұзылмасын! Көрсеқызарлықпен жеңілдікпен я біреудің орынсыз сөзіне я бір кез келген қызыққа шайқалып қала берсен мінездің беріктігі бұзылады.

(Абай. «Отыз екінші сөз» ).



**9-тапсырма.** Сөйлемдердің тыныс белгілерін түзетіп жаз.

1. Қарт күрсінді: – Ұлым желік қуыпсың! 2. Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат нұрлы ақыл жылы жүрек. 3. Көркемөнерпаздар үйірмесіне қатысатын үшеуі: Айжан Гүлнұр Болат. 4. Бәріне: ауыл адамдарына мектеп оқушыларына қонақтарға сый берілмек. 5. Мені көріп қалған жерде: – Нәзира айналайын сен біздің үйге неге келмейтін болып кеттің? Үйге жүр деп, үйіне ертіп әкелді. 6. «Орамал тон болмайды жол болады» дейді қазақ... 7. Оқып білім ал бөбек!



**10-тапсырма.** Күшейткіш үстеулерді қолдана отырып, «Ғылыми кітапхана» тақырыбына 5 сөйлем құрап жаз.



**11-тапсырма.** Тілдік бағдардағы күшейткіш үстеулерді қолданып, «Мен оқыған кітап» тақырыбында шағын мәтін жаз.



**12-тапсырма.** «Төрт сөйлем» тәсілін пайдалана отырып, сабақ бойынша түсінгеніңді жаз.

**Пікір.** Оқыған мәтін бойынша өз пікіріңді бір сөйлеммен жаз.

**Дәлел.** Өз пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.

**Мысал.** Пікіріңді өмірмен байланыстырып, бір мысал келтір.

**Қорытынды.** Тақырып бойынша қорытынды жаз.

## 9–10-сабақ

### УНИВЕРСИТЕТТІК КІТАПХАНАЛАР



«Университет» сөзіне анықтама бер. «Университет пен кітапхана», «Мектеп және кітапхана» ұғымдары бір-бірімен қаншалықты байланысты? Қазақстандағы қандай танымал университеттерді білесің? Өз мектебіңдегі кітапхана қандай? Электронды кітапхана туралы білесің бе?



**1-тапсырма.** Мәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап бер.

1. Өзіңнің кітапханаларың туралы баяндап бер.
2. Қандай жанрдағы кітаптарды оқуды ұнатасың?
3. Соңғы рет қандай кітап оқыдың?
4. Ондағы оқиға сені несімен қызықтырды?
5. Кітапты кітапханадан алып оқуды қалайсың ба әлде ғаламтордағы электронды әдебиеттерді оқисың ба?
6. Кітап оқуды саған кім жиі ұсынады?



**2-тапсырма.** Парталасыңмен біріге отырып, «Біздің мектептегі кітапхана» тақырыбында сұхбат құрыңдар. Сұхбатта төмендегі сөздер мен сөз тіркестерін қолданыңдар.

Жұмыс тәртібі, демалыс күні, кітаптар бөлімі, қызықты дерек (кітап, фильм), кітапханашы, тапсырыс беру, кітаптар қоры, тыйым салынған, ұқыпты ұстау, мерзімінде тапсыру, рақмет, сәлеметсіз бе, сау болыңыз, дерекқор, кітап қоймасы.



**3-тапсырма.** Мәтінді мәнерлеп оқы.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Ғылыми кітапханасы 1934 жылы университет ашылысымен жұмыс істей бастады. Ғылыми кітапхана – студенттер мен магистранттар, оқытушы-профессорлар құрамы мен қосымша оқытушы персоналдарға арналған мәдени және рухани орталық. Кітапхана қорында оқулықтар, монографиялар, классикалық көркем әдебиеттер, сирек кітаптар мен XVI–XIX ғасырлардағы қолжазбалар, 250 мың дана-



дан астам мерзімді басылым жинақталған. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Ғылыми кітапханасы – Қазақстандағы ең көне әрі Қазақстан Республикасы бойынша ең ірі жоғары оқу орындары кітапханаларының бірі. Кітап қорында 2 млн-нан астам басылым сақталған. Жыл сайын 50–60 мың данадан астам басылыммен толықтырылады. Оқырман саны 20 мыңнан асады.

*(ҚР Ғылыми энциклопедиясы)*



**4-тапсырма.** Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті қай қалада орналасқан? Университет туралы қосымша дереккөздерден оқып біліп ал. Әмбебап ғылыми кітапхана дегенді қалай түсінесің? Кітапханалар туралы қандай мәліметтер есіңде қалды? Өз ойыңмен бөліс.

## Білгенге маржан

Қазақ тіліндегі ең алғашқы кітап – 1807 жылы Қазан қаласында басылып шыққан «Сейфүл–Мәлік» қиссасы. Жалпы 1917 жылға дейін қазақ тілінде жеті жүзге жуық кітап басылып шыққан екен.



**5-тапсырма.** Оқылым мәтініндегі кітапхананы өздерің тұратын елді мекендегі кітапханамен салыстырып, Венн диаграммасы арқылы талдап көрсетіндер. Ұқсастықтары мен айырмашылықтарын топта талқылаңдар. Ортақ белгілерін шығарыңдар.



**6-тапсырма.** Мақал-мәтел, дәйексөздерді, тыңдалым және оқылым мәтініндегі деректерді пайдалана отырып, «Кітапхана және электронды кітапхана» тақырыбында пікір алмасыңдар. Кітапхананың аталған түрлерінің артықшылықтары мен кемшіліктерін көрсетіндер. Топта талқылаңдар.



**7-тапсырма.** Үстеудің мағыналық түрлерін ажыратып, сөйлемдерді көшіріп жаз. Үстеу сөздерге сұрақ қой.

1. Әрқашан да осылай, ешкім сенбейді маған. 2. Кеше жауабын беремін деп уәде еткен едім. 3. Қадиша киініп те үлгерген, қайтуға әзір түр екен. 4. Ертең, бүрсігүні не бітіресіз? 5. Міне, бүгін келді. 6. Зорға шыдап, қиналып жатқан адамның кейпі бар. 7. «Кейін, кейін» деп қабылдамайды. 8. Манадан бері неге айтпадың? 9. Бұл әншейін жол-жөнекей айтылған сөз. 10. Қасына қайта отырғызды. 11. Ыза кернеп зорға тұрмын.

**8-тапсырма.** Автордың кітап туралы ойларын мұқият оқы. Үстеу сөз қолданылған сөйлемдерді көшіріп жаз.

Ғабит Мүсірепов: «Кітап дегеніміз – алдыңғы ұрпақтың кейінгі ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. Кітап оқудан тыйылсақ, ой ойлаудан да тыйылар едік», – деген. Бүгінде кітапты таңдай білу, оны зейінді зеректікпен мұқият талдап оқи білу – нағыз өнер. Соншама сөздің, ойдың құдіретін түсініп, одан алған керемет әсерлерді кейінгі өмірлік қажетіңе шама-шарқынша жарата білу қажет. Көз жетпейтін жерге ұшқыр ой жетеді. Ал сол ойдың жүйріктігін жетілдіретін де, сөзге шешендігін шынықтыратын да – кітап екені ақиқат. Сондай-ақ оқыған кітабындағы айтулы кейіпкерге



еліктеудің өзі, тіпті автордың өзі сияқты тұлға болуға құлшыну, бұл – теңдесі жоқ құбылыс. Демек, кітап оқу, бұл – текті кісілікке, адамгершілікке, кемеңгер көрегендік пен мәдениеттілікке қол жеткізу.

(М. Матқан)



**9-тапсырма.** «Семантикалық карта» стратегиясы бойынша үстеу сөздердің түрлерін талда.

Тілдік бағдар	Сұрақтар	Жауаптар
Мекен үстеуі	Қандай сөздер жатады?	
Мезгіл үстеуі	Мезгіл үстеуіне мысал жаз.	
Мөлшер үстеуі	Анықтамасын жаз.	
Сын-қимыл үстеуі	Мысал келтір.	
Мақсат үстеуі	Синонимдерін жаз.	
Себеп-салдар үстеуі	Мысал келтір.	
Топтау үстеуі	Қандай сұрақтарға жауап береді?	
Күшейткіш үстеуі	Синонимдерін жаз.	



**10-тапсырма.** Сабақта алған біліміңді түстер арқылы айтып бер.

**Жасыл:** Түсіндім.

**Сары:** Сұрағым бар.

**Қызыл:** Түсініксіз.

## 10-бөлім. ҒЫЛЫМ МЕН ТЕХНОЛОГИЯ ЖЕТІСТІКТЕРІ

### 1–2-сабақ

#### ҚАЗАҚСТАН ҒЫЛЫМЫ



1. Ғылымның адам өмірінде қандай маңызы бар?
2. «Жаңалық ашу» дегенді қалай түсінесің?



**1-тапсырма.** Мәтінді мұқият тыңда. Ондағы мәселе бойынша ой тұжырымда.



**2-тапсырма.** Тыңдалған мәтіннен ең қажетті ақпараттарды анықта. Сұрақтарға жауап бер.

1. Ғылым мен білімнің айырмашылығы неде?
2. Адам ғылымды қалай игереді?
3. Білімді болу үшін не істеу керек?



**3-тапсырма.** Тыңдалым мәтініндегі ресми сөздердің энциклопедия немесе сөздіктерден анықтамасын тауып айт.

- Ғылым
- Білім
- Мәдениет



**4-тапсырма.** Мәтінді оқып, диалог, монолог, полилог түрінде өңдеп, қайта құрап айт.

#### Қазақ Ұлттық Ғылым академиясы

1938 жылы КСРО Ғылым академиясының қазақстандық бөлімі ашылып, ол 1946 жылы Қазақ КСР-інің Ғылым академиясы болып қайта құрылды. 1990 жылға қарай академия жанында 50-ден астам ғылыми-зерттеу институты болып, оларда ғылымның барлық бағыттары бойынша 10 мыңнан аса ғылыми қызметкер жұмыс істеді. Академияның тұңғыш президенті көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, танымал ғалым, Лениндік және

Мемлекеттік сыйлықтардың иегері, академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаев болды.

Қазақстан ғылымының ондаған жылдар ішіндегі даму жолында республика ғалымдары әлемдік маңызы бар жаңалықтар ашты. Қ.И. Сәтбаев, М.О. Әуезов, Д.А. Қонаев, Ә. Х. Марғұлан, Ш.Е. Есенов, М.А. Айтхожин, Ә.М. Сұлтанғазин, Ә.А. Жолдасбеков, М.Қ. Қозыбаев, М. Жұрынов, А.Қ. Қошанов және басқалары Қазақстан Ғылым академиясының мақтанышына айналды. Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясында 43 ғылыми мекеме, олардың ішінде 38 ғылыми-зерттеу институты жұмыс істеді. Ғарыш, ядролық физика, жоғары энергия физикасы, информатика, радиоэлектроника, гуманитарлық және қоғамдық ғылымдар, тарих пен этнология, әдебиет теориясы салаларында күрделі зерттеулер жүргізілді. Құрамына ғылыми-зерттеу мекемелері, тәжірибе стансалары мен шаруашылықтар енген Ауылшаруашылық ғылымдары академиясы табысты еңбек етті.

*(Балаларға арналған «Менің Отаным – Тәуелсіз Қазақстан» энциклопедиясынан)*



**5-тапсырма.** Мәтін бойынша мәселені анықтауға көмектесетін сұрақтар дайында.

## *Тілдік бағдар*

**Пунктуация термині** латынның «punctum» – нүкте деген сөзінен алынған. Ол, ең алдымен, тілдегі алфавитке еңбейтін графикалық таңбалар жиынтығы, жазу емшелерімен бірге, белгілі мәтінді өз ішінде бір-бірінен айырып түсінуге мүмкіндік беретін және оны графикалық жағынан ұйымдастыратын жазу тілінің негізгі құралы болып саналады; екіншіден, тыныс белгілерін дұрыс қою жөніндегі ережелерді; үшіншіден, тыныс белгілері деген мағынаны білдіреді.

Біршама аяқталған ойды білдіретін сөйлемдерден кейін олардың мағыналарына, айтылуына қарай нүкте, сұрау, леп белгілері қойылады. Сондықтан тыныс белгілерінің бұл үш түрі сөйлем соңынан келетін белгілер деп аталады.

Хабарлы сөйлемнің соңынан нүкте (.) қойылады. Мысалы: 1) *Жасы да, еңбегі де үлкен.* 2) *Сол үлкен еңбегі әперген беделі де үлкен еді.*

Сұраулы сөйлемнен кейін сұрау белгісі (?) қойылады. Мысалы: *Сендер осы мектепте оқисыңдар ма?*

Лепті, бұйрықты сөйлемдерден кейін леп белгісі (!) қойылады. Мысалы:

– *Сәтбала, есіңді аш! (Ф. Сланов)*

– *Мамыр біткен биылғыдай болсайшы! – деді аспанның түнгі көрінісіне сүйсінген Қайырбек (Ф. Сланов).*



**6-тапсырма.** Сөйлемдердің тыныс белгілерін дұрыс қойып жаз.

Қазақстан Республикасында көптеген ғылыми мекеме жұмыс істейді



Қазақ Ұлттық Ғылым академиясы қай қалада және қай көшеде орналасқан



Мен де атақты ғалым болсам ғой



Сөйлем соңына қойылатын тыныс белгілері: нүкте (.), сұрау белгісі (?), леп белгісі (!), көп нүкте (...). Бұлар даралаушы қызмет атқарады. Сонымен қатар сөйлем соңында тыныс белгілерінің қабаттасып келетіні де болады. Олар: сұрау белгісі және леп белгісі, сұрау белгісі мен көп нүкте, леп белгісі мен көп нүкте.



**7-тапсырма.** Мәтін бойынша тыныс белгілерінің қолданылуына мән беріп, сұрақ-жауап құрастырыңдар.



**8-тапсырма.** «Ғылым», «технология» және «жетістік» ұғымдарына сөздік, энциклопедияларда ғылыми тұрғыдан берілген түсініктемелерді жинақтап, сөздік құрастырып жаз.



**9-тапсырма.** Мақал-мәтелдерді сөйкестендір. Тыныс белгілерінің қойылу себебін түсіндір.

Ғылым – теңіз, ...

Ақыл азбайды, ...

Зейін өлшеуі – нақыл.

Ғалымның атын хаты шығарар.

Байлықтың кілті – ...  
 Ілім – бұлақ, ...  
 Ердің атын еңбек шығарар, ...  
 Ғылым өлшеуі – ақыл,

білім шырақ.  
 білім – қайық.  
 білімде.  
 білім тозбайды.



**10-тапсырма.** Ғылым мен технологиялардың дамуы туралы әлеуметтік-мәдени тақырыпқа проблемалық мәтін құра. Мәтін ішіндегі тыныс белгілеріне назар аудар және оның екпін түрлерімен байланысына көңіл бөл.



**11-тапсырма.** Оқылым мәтініндегі ақпараттарды өз пікіріңмен дәлелде.

**Бірінші сөйлем.** «Менің ойымша, ...»

**Екінші сөйлем.** «Себебі, мен оны ... түсіндіремін».

**Үшінші сөйлем.** «Оны мен ... деген деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын».

**Соңғы сөйлем.** «Осыған байланысты мен ... деген қорытынды шешімге келдім».



**12-тапсырма.** Сабақта алған әсеріңді, ойыңды төмендегі кестеге сәйкес жаз.

«✓»	«-»	«+»	«?»
Білемін.	Білмеймін.	Мен үшін жаңа ақпарат.	Мені таңғалдырды.

### 3–4-сабақ

## ҚАЗАҚ ҒАЛЫМДАРЫ



1. Кімдерді ғалым деп айтады?
2. Қандай ғалымдарды білесің?



**1-тапсырма.** Мәтінді мұқият тыңда.



**2-тапсырма.** Сұрақтарға жауап беріп, негізгі ақпаратты анықта.

- Ғылымды кімдер жасайды?
- Шоқан Уәлиханов туралы не білесің?
- Ол туралы қандай пәндерден естіп білдің?



**3-тапсырма.** Ақпараттардың дұрыс-бұрыстығын анықта.

Мәтіндегі ақпарат	дұрыс	бұрыс
Өз елін, туған жерін, халқын сүйген ойшыл, данышпан адамдарды ғалым дейді.		
Біздің елімізде ғылымның барлық саласында танымал ғалымдар көп емес.		
Орта ғасырда өмір сүрген Әбу Насыр әл-Фараби – әлемге әйгілі ғалым.		
Ахмет Байтұрсынұлының геология саласында еңбектері бар.		

## Мілдік бағдар

### Тыныс белгілерінің қойылуы

#### Нүкте

1. Хабарлы сөйлемнен кейін қойылады. *Қыс түсті.*
2. Жай, екпінсіз айтылған бұйрық және тілек мәнді сөйлемнен кейін қойылады. *Апа, сізді жақсы көремін.*
3. Драмалық шығармада кейіпкер атынан кейін қойылады. *Нұрхан. Міне, міне, әлгі мен айта беретін ауыл!*
4. Драмалық шығармада автордың түсінігі ретінде айтылған ескертпе (ремарка) сөйлемнен кейін жақша ішінде қойылады. *Мүсірепов. (құлазып.) Қыбыр еткен жан жоқ.*
5. Адамның аты-жөні қысқарғанда қойылады. *Ғ. Мүсірепов / Ғ.М.*
6. Газет-журнал атауын шартты түрде қысқартқанда қойылады. *«Қазақ әдебиеті» / Қ.Ә.*
7. Кейбір сөздер шартты түрде қысқартылғанда қойылады: *тағы сол сияқты – т.с.с.*

#### Сұрау белгісі

1. Сұраулы сөйлемнен кейін қойылады. *Олжас қайда?*
2. Сөйлемдегі белгілі бір сөздің мәні оқушыға түсініксіз, неге олай деген күдік туғызғандығын аңғару үшін, сол сөзден кейін жақшаға алынып қойылады. *Пысық деген (?) ат шықты.*

### Леп белгісі

1. Көтеріңкі дауыспен айтылған лепті сөйлем мен бұйрықты сөйлемнен кейін қойылады. *Қандай керемет! Бері кел!*

2. Көтеріңкі дауыспен бұйыра, өтініш білдіре айтылған сөйлемнен кейін қойылады. *Қалағаныңызды алыңыз! – деді Ботагөз жадырап, бір жақсылық хабар күтіп (С. Мұқанов).*

3. Ұранды сөйлемнен кейін қойылады. *Жасай бер, көркейе бер, менің Қазақстаным!*

4. Көтеріңкі дауыспен айтылған қаратпа, одағай сөздерден кейін қойылады.

– *Қарағым! Қанатым! Енді қайтейін! Қолымнан келгені осы.*

5. Көтеріңкі дауыспен «иә», «жоқ» деген сөздерден кейін қойылады. – *Жоқ! Қайтсең де тауып әкел!*

6. Сәлемдескенде айтылған, ішінде сұраулық шылауы бар тіркестерден кейін қойылады. – *Амансың ба, қарағым? – деп қария балаға қарады.*



**4-тапсырма.** Берілген сөйлемдерге тыныс белгілерін дұрыс қойып жаз.

1. Оқуға бар ынта-жігеріңді сал

2. Өзіңе мына көйлектердің қайсысы ұнайды

3. Шіркін-ай, атты қалай таңдап қояды

4. Бұл қайсың, Мұратпысың

5. Біз, қазақ, ежелден еркіндік аңсаған

6. Ғылым-білімге түгелдей берілген адам ғана ойлаған мақсатына жете алады

### Көп нүкте

1. Айтылуға тиісті ой аяқталмай қалғанда, сөйлем соңында көп нүкте қойылады. *Сонымен бастап та жіберді. Осыдан қара кешке дейін...*

2. Сөйлеуші қысылып сөйлей алмай қалғанда, асығыс айтқанда, ойдың бөлінуіне байланысты дауыс ырғағындағы кідірісті білдіру үшін қойылады. *Туып-өскен жері, елі... Ұста деймін... қаттырақ ұста.*

3. Біреуден алынған цитатаның не алдынан, не соңынан немесе сөйлем, сөз қалдырылған жерге қойылады. ... *Дүние де өзі, мал да өзі, Ғылымға көңіл бөлсеңіз (Абай).*

4. Айтуға қолайсыз, тұрпайы сөздің орнына қолданылады. *Қарашы, мына ... бүлдіргенін! Басыңнан салып қалайын ба осы?!*

5. Ескі қолжазбаларда көрінбей өшіп қалған орынға қойылады. *Қиын тиді ... оларға  
Аз кісі-ақ қайтып санарға (Абай).*



**5-тапсырма.** Мәтінді оқы.

### Әлкей Марғұлан

Еліміздің аса көрнекті ғалымы, Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген қайраткері, Қазақ КСР мемлекеттік сыйлығының лауреаты Әлкей Хақанұлы Марғұлан – Қазақстан ғылымының тарих, өдебиет, өнер, археология, этнография, география, архитектура сияқты алуан саласында қажырлылықпен еңбек етіп, өзіндік із қалдырған ғалым. Ғалымның «Ежелгі Қазақстан қалалары мен құрылыс өнерінің тарихынан», «Орталық Қазақстанның ежелгі мәдениеті», «Қазақстанның киіз үйі мен оның жасалуы», «Ежелгі мәдениет куәлары», «Шоқан және Манас» кітаптары туған өлкеміздің мыңдаған жылдық тарихи-мәдени шежіресін зерделеген құнды еңбектер болып саналады.



Ғалым бірнеше археологиялық ескерткіш тауып, ежелгі қорым-қоныстардың орнын анықтады. Талас, Шу, Сырдария өзендері бойындағы ежелгі қалалардың орнында қазба жұмыстарын жүргізді. Ортағасырлық Отырар, Тараз, Сығанақ, Сайрам қалаларының мәдениетін зерттеді. Орталық Қазақстан төңірегіндегі қола дәуірінің Беғазы-Дөңдібай мәдениетін ашты. Қазақстан жерінде ежелден сазбалшықтан ыдыс жасау, металл өңдеу кәсібі және сәулет, құрылыс өнері болғандығын дәлелдеді.

(«*Ғылым шырағын жаққандар*» кітабынан)





**6-тапсырма.** Мәтіннің бірінші абзацындағы тыныс белгілерінің қойылу себебін парталасыңмен бірге талдап, басқа жұптардың жауаптарымен салыстырыңдар.




**7-тапсырма.** Оқылым мәтіні бойынша дұрыс жауабы бар екі сұрақ және дұрыс жауабы жоқ бір сұрақ дайында. Жауаптарыңды дәлелдеп айт.



**8-тапсырма.** Әрбір абзақты мұқият оқып шық. Мазмұндық, мағыналық жағынан байланыстырып, ретімен орналастыр. Өз жұмысыңды топқа таныстырып, басқа топтардың мәтіндерімен салыстыр.



**9-тапсырма.** Мәтін кім туралы? Дұрыс жауаптарды сызықпен белгіле.



Тыныс белгілері:



- даралаушы қызмет атқарады;
- ерекшелеуші қызмет атқарады;
- ойдың аражігін ажырату қызметін атқарады.



**10-тапсырма.** Қазақ ғалымдары туралы мәліметтерді кестеге толтыр. Ғалымдардың өмір сүрген заманына қарай рет санын дұрыс қой.

1. Ермұқан Бекмаханов – белгілі тарихшы. Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық, саяси өмірін жан-жақты зерттеген ғалым.

2. Өлкей Марғұлан – еліміздің аса көрнекті ғалымы. Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі, профессор.

3. Санжар Асфендияров – көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, тарихшы-ғалым. Петербургтегі әскери-дәрігерлік академияны бітірген.

4. Ахмет Байтұрсынұлы – көрнекті тілші-ғалым, дарынды аудармашы, ағартушы, оқу құралдарының авторы.

5. Шоқан Уәлиханов – зерттеуші, тарихшы, ғалым, этнограф. Ол қазақ, қырғыз, ноғай әдебиетінің жазба мұраларын ғылыми тұрғыдан талдаған.

Ол кім?	Қайда білім алған?	Жұмыс орындары	Атқарған қызметі	Ғылыми еңбектері



**11-тапсырма.** Қазақ ғалымдарының біреуінің өмірі туралы (өзің таңдап) эссе жаз. Көтерілген мәселе бойынша келісу/келіспеу себептерін айқын көрсет. Тыныс белгілерінің қойылу себебін түсіндір.



**12-тапсырма.** Сабақта алған білімді, әсерінді төмендегі сұрақтарға сәйкес айтып бер.

- 1) Не үйрендім?
- 2) Қанша мәлімет алдым?
- 3) Өлі де білгім келеді.
- 4) Нені түсінбедім?

## 5–6-сабақ

### ҒЫЛЫМДАҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАР



Ғылым туралы өзара әңгімелесіңдер.



**1-тапсырма.** Мәтінді мұқият тыңда.



**2-тапсырма.** Тыңдалған мәтін бойынша бір-біріңе сұрақ қойыңдар. Ақпараттарды анықтаңдар. Мәтін мазмұнын жаңалықтарды хабарлау түрінде мына сұрақтарға сәйкес айтып беріңдер.

- Қазіргі медицинада қандай жаңалықтар болып жатыр?
- Қазақстан медицинасы туралы не айтар едіңдер?
- Нанотехнологиялармен жасалатын ота туралы не білесіңдер?
- Өз қалаңда немесе өлкеңде қандай медициналық жаңалық жасалды?



**3-тапсырма.** Мәтін бойынша «Екі түрлі түсініктеме» күнделігін толтыр.

Мәтіннен үзінді	Өз пікірім	Ойтұжырым



**4-тапсырма.** Мәтінді оқы.

### Ғылымдағы жаңалықтар

Атом ядросы туралы түсінік негізінде 1913–1921 жылдары Н. Бор атом моделін ойлап шығарды, ол Д. Менделеевтің периодтық жүйесіне сүйенді. Бұл физика мен жаратылыстанудағы жаңа, революциялық алғашқы кезең болды. Екінші кезең ХХ ғасырдың 20-жылдарынан басталды, ол кванттық механиканың пайда болуымен және оның салыстырмалылық теориясымен ұштасуымен байланысты болды.

Революцияның үшінші кезеңі ХХ ғасырдың 40-жылдарында атом энергиясын игерумен, электронды есептегіш мәшине және кибернетиканың пайда болуымен байланысты. Сонымен қатар бұл кезде физикамен бірге химия, биология және жер туралы ғылымдар қарқынды дамыды.

ХХ ғасырдың ортасынан бастап ғылым мен техника тұтасымен бірігіп, қазіргі ғылыми-техникалық революцияға әкелді.

(Ә. Нысанбаев)



**5-тапсырма.** Мәтіндегі көтерілген мәселені әлеуметтік қажеттілік тұрғысынан анықта. Ғылыми жаңалықтардың адам өміріндегі мәнін өз сөзіңмен айтып бер.

### Мілдік бағдар

Нүктелі үтір (;) жай сөйлемдердің арасына қойылады. Бұл белгіні қоюда сөйлемнің құрылысы мен мағынасы негізге алынады. Нүктелі үтір мынадай жағдайларда қойылады:

баяндауыштары тұлғалас, мағыналары теңдес, санама-ланған сөйлемдер жалпылауыш мәнді сөйлемдердің мағынасын ашып тұрса, санама-ланған сөйлемдердің ерқайсысы нүктелі үтірмен ажыратылады.

Мысалы, *Жұрттың бәрі соған қарай дүрлікті; біреуі қолын бұзғады; біреуі оның атын атап айқайлады; енді біреулері ерсілі-қарсылы жүгірді (Б. Майлин).*

баяндауыштары тұлғалас сөйлемдер бірін-бірі толықтырып тұратын болса, ондай салалас құрмалас сөйлемдердің арасында нүктелі үтір қойылады.

Мысалы, *Кісіге біліміне қарай болыстық қылады; татымсызға қылған болыстық өзі адамды бұзады (Абай).*



**6-тапсырма.** Тілдік бағдарға сай тыныс белгілерін қолдана отырып, үзілістегі оқиға жайлы шағын мәтін жаз.



**7-тапсырма.** Мәтінді оқы.

## Нанотехнология

Нанотехнология – адамның көзіне көрінбейтін майда бөлшектерді белгілі бір ретке келтіре отырып, әлдебір құрылымды жасап шығару. «Нано» сөзі миллиардтың бір бөлігі деген мағынаны білдіреді. Оны қазақ тілінде «кішкентай өлшемді технология» деп атауға болады.

Бүгінде нанотехнологиялар арқылы заманауи есептеуіш мәшинелер мен өндірістік технологиялардың, тіпті дәрі-дәрмектердің де өндіріліп жатқаны белгілі. Осындай құрылғылар адамның ішкі ағзасын қалпына келтіреді немесе біздің қанымызда айналып, хирургтерге микробтарды жоюға көмектесе алады.

*(Балалардың танымдық энциклопедиясынан)*



**8-тапсырма.** Нүктелі үтірді қолданып, нанотехнология жайлы өзіндік пікіріңді дәлелдеп, шағын ауызша мәтін құра.




**9-тапсырма.** Оқылым мәтіндеріндегі ғылыми терминдерді, ресми сөздерді анықта. Мағынасын түсіндір. Олардың заманға байланысты атауларын салыстырып айт.

*Үлгі:*

1. XX ғасыр жаңалықтары
2. Қазіргі заманауи жаңалықтар



**10-тапсырма.** Төмендегі суреттердің нанотехнологиялық ерекшеліктерін ақпарат құралдарынан, ғаламтор көздерінен жаңалық ретінде іздестіріп, оларды ғылыми термин, деректер арқылы сипаттап, диалог құрындар. Диалог кезінде нүктелі үтірі бар сөйлем құрауды да ескеріңдер.



## Тілдік бағдар

Сөйлем ішінде келетін тыныс белгілерінің бірі – қос нүкте. Қос нүктенің сөйлемдегі басты қызметі – сөйлем мүшелерінің арасындағы түрлі қарым-қатынастарды көрсету. Қос нүкте сөйлемде мынадай жағдайларда қойылады:

- бірыңғай мүшенің алдында келген жалпылауыш мәнді сөзден кейін қойылады. Мысалы, *Үйдегілердің бәрі: апам, Айна, інім, қонақтар да далаға жүгіріп шықты.*

- құрмалас сөйлемнің құрамындағы бірінші жай сөйлемнің мазмұны екіншісінде анықталып ашылса, берілетін салаластардың арасына қос нүкте қойылады. Мысалы, *Үй артындағылар үшеу екен: інім, көршінің баласы және мен білмейтін бейтаныс бала.*

- автор сөзі төл сөзден бұрын келсе, автор сөзінен кейін қос нүкте қойылады. Мысалы, *Ол ойланып барып былай деді: «Биыл асығыстау емес пе? Келесі жылы барайық».*

- түйген ойды, қағидаларды, ережелерді дәлелдеу мақсатымен алынған сөйлемдердің алдында *мысалы* деген сөз қолданылатын болса, одан соң қос нүкте қойылады. Мысалы: *Шығарманың қорытындысын ертең айтады.*



**11-тапсырма.** Тілдік бағдар айдарындағы ережелердің өзіне тән ерекшелігін, қызметін, маңызын талда.

Семантикалық карта		
Тілдік бағдар	Сұрақтар	Жауаптар, мысалдар
Нүкте		
Үтір		
Леп белгісі		
Нүктелі үтір		



**12-тапсырма.** Сөйлем ішінде қос нүктені жиі қолданып, Қазақстан ғылымы жайлы 4–5 сөйлем жаз.



**13-тапсырма.** Төмендегі ақпарат пен суретті пайдаланып, оны көпшілікке таныстыру мақсатында жарнама құрастырып жаз. Жарнамада тыныс белгілерінің дұрыс қойылуына мән бер. Неологизм сөздерге көңіл бөл.

### Аса тұнық экрандар



Экрандағы суреттер пикселдерден тұрады. Пиксел көп болған сайын экранның тұнықтығы да жоғары болады. Ол үшін экранның көлемі де үлкен болуы керек. Соңғы жылдары өндірушілер теледидарлардың енін үлкейтумен айналысып келеді. Бұл мәселені нанопикселдер шешеді.



**14-тапсырма.** Кестені пайдалана отырып, «Шығу парағын» толтыр.

Қызықты болды.	Бүгін мынаны түсіндім.	Қиын болды.

### 7–8-сабақ

#### ҚАЗІРГІ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАР



Заманауи технологиялар туралы не білесің?



**1-тапсырма.** Мәтінді мұқият тыңдап, ат қой.



**2-тапсырма.** Тыңдалған мәтін бойынша 2-3 сұрақ құрастыр. Көтеріліп отырған мәселе келешекте қандай көрініс табады? Болжам жаса. «Робот» сөзін естіген кезде ойыңда қандай бейне пайда болады?

## Тілдік бағдар

Бастауыш сілтеу есімдігінен я жіктеу есімдігінің III жағынан болып, өзінен кейінгі сөздің анықтауышына ұқсап, шатасып кететін жағдайда, баяндауышы қай сөз табынан жасалса да, бастауыштан кейін сызықша қойылады. Мысалы: *Қазір бұл – Египеттің ең басты кітапханасы әрі мәдени орталығы ретінде танымал.*

Бастауышы тұйық етістік болып, баяндауышы зат есімдерден болғанда, бастауыштан кейін сызықша қойылады. Мысалы: *Егістік жерге қар тоқтату – мол өнім алудың басты шарттарының бірі.*

Бастауыш есім сөзі болып, баяндауыш тұйық етістік болса, бастауыштан кейін сызықша қойылады. Мысалы: *Біздің алдымыздағы ең жауапты міндет – қысқы сессияны ойдағыдай әзірлікпен қарсы алу.*

Бастауыш та, баяндауыш та атау тұлғадағы сан есім болса, бастауыштан кейін сызықша қойылады. Мысалы: *Бес жердегі бес – жиырма бес.*

### СЫЗЫҚША

Бастауыш *-ған -ген, -қан, -кен* жұрнақтарымен жасалған есімшеден (не есімше аралас тіркестен) болса, баяндауыш не зат есім, не есімше, не есімдіктен жасалғанда, бастауыштан кейін сызықша қойылады. Мысалы: *Абайды таң еткен – сол екі жігіт.*

Бастауыш та, баяндауыш та есім сөздерінен болып, есім сөздерінен болған баяндауыштар жіктік жалғаусыз, көмекші етістіксіз атау күйінде айтылса, бастауыш пен баяндауыштың арасына сызықша қойылады. Арасына сызықша қойылып жазылатын бастауыш пен баяндауыш ауызекі сөйлеуде дауыс ырғағымен (интонациямен) бөлініп айтылады. Мысалы: *Аяқ – азамат, қол – мүлік, бас – сандық, тіл – кілт (М. Мағауин).*

Бастауыш пен баяндауышты байланыстырушы «дегеніміз» (деген) сөзі тұрса, одан кейін сызықша қойылады. Мысалы: *Мия дегеніміз – қоймалжың қорыс батпақ.*



**3-тапсырма.** Кестедегі сөйлемдерді парталасыңмен бірге талқылап, сызықшаның қойылу дұрыс/бұрыстығын тексер.

Сөйлемдер	дұрыс	бұрыс
Төрт – жерде төрт он алты.		
Жақсы – ісімен жақсы.		
Кәсіпкерлік бүгінгі – күн талабы.		
Бұл Алматы – пойызы кестесі.		
Сенің асыл – арманың Адам болу.		
Білім – таусылмайтын кен.		
Тау – дегеніміз аңның мекені.		



Робот (чех тілінен аударғанда *robota* – еріксіз еңбек, *rob* – құл) – тірі ағза ретінде құрылған автоматты құрылғы. Ол адам істейтін жұмысты орындайтын мәшине. Қазіргі кезде роботтар ғарышты игеру, денсаулық сақтау, өндіріс, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қорғаныс ісі және басқа да салаларға еніп үлгерді.



**4-тапсырма.** Өлеңді оқы. Адам қиялының ғылыми жаңалыққа айналуын мәтіндегі оймен сәйкестендіріп дәлелде.

Үлгі:

Айшылық алыс жерлерден  
Көзіңді ашып-жұмғанша,  
Жылдам хабар алғызды.

ұялы телефон

### Өнер-білім бар жұрттар

Өнер-білім бар жұрттар  
Тастан сарай салғызды.  
Айшылық алыс жерлерден  
Көзіңді ашып-жұмғанша,  
Жылдам хабар алғызды.  
Аты жоқ құр арбаны  
Мың шақырым жерлерге,  
Күн жарымда барғызды.

Адамды құстай ұшырды;  
Мал істейтін жұмысты  
От пен суға түсірді;  
Отынсыз тамақ пісірді,  
Сусыздан сусын ішірді.  
Теңізде жүзді балықтай,  
Дүниені кезді жалықпай.

(Б. Алтынсарин)





**5-тапсырма.** Ақпарат құралдарынан қазіргі ғылым мен технология жетістіктері туралы деректер тауып, көтерілген мәселені анықтау үшін екі нақтылау сұрағын құрастыр. Сұрақтарға жауап жаз. Тыныс белгілерін дұрыс қой.

## Тілдік бағдар

### Тырнақша

Сөйлеуші я жазушы өз сөзінің ішінде басқа біреудің сөзін өзгертпей, сол қалпында қолданса, ондай сөздер мен сөйлемдер тырнақшаға алынады.

Газет, журнал, кітап, шығарма, қаулы-қарар аттары өзге біреудің сөзінің ішінде қолданылғанда тырнақшаға алынады.

Кәсіпорын, фирма, зауыт, фабрика, ұйым аттары, мәшинелер мен құрал-жабдық маркалары түсініктемесіз айтылғанда тырнақшаға алынады.

Біреудің сөзінің ішінде мақал-мәтелдер, нақыл сөздер тырнақшаға алынады. Мұндайда оның алды-артынан төл сөзге тиісті тыныс белгілері қойылмайды.



**6-тапсырма.** Бүгінгі отандық ғылым жаңалықтары туралы сызықшаны пайдаланып 4 сөйлем жаз.



**7-тапсырма.** «Қазақстан ғалымдары» тақырыбына биылғы жылы мерейтойы болатын көрнекті ғалымдардың біреуіне құттықтау хат жаз. Тыныс белгілерінің дұрыс қойылуын қадағала.



**8-тапсырма.** Берілген суреттер бойынша диалог құрыңдар. Онда технология, ғылым, нанотехнология, биотехнология сияқты терминдер қолданылуы керек. Тыныс белгілерінің қойылуына назар аударыңдар. Төмендегі қосымша мәліметтерді пайдаланыңдар.



Испандық Иниго Мунос Элорса мен австриялық Стефан Добровольный «Марсқа экспедициясында» Тирольдағы Каунерталь мұздығында тұқым үлгілерін жинастырып жүр. Биіктігі 2700 м мұздықтағы орта Қызыл планетаның шындығына сөйкес келеді. Бұл екі апта жоба өткізуге мүмкіндік берді.



2011 жылы Google компаниясы Невада штатындағы жалпы қолданыстағы жолдарда пилотсыз көліктерге қозғалысқа рұқсат беретін заңды қолдады. Ал 2012 жылы автотопилот функциясы бар көліктердің жүруіне Калифорния штатында рұқсат берілді. Компанияның штаб-пәтері орналасқан Калифорниядағы Маунтин-Вью қаласында қазіргі таңда өздігінен басқарылатын 20 көлік бар.

(Фаламтордан)

## Тілдік бағдар

### Жақша

Өзінен бұрынғы сөздің немесе сөз тіркесінің мағынасын айқындау мақсатында қолданылған түсіндірме мәнді қыстырма сөздер жақшаға алынады.

Сөйлемдегі бір ойдың мағынасын ашып көрсететін немесе оған автордың көзқарасын білдіретін түсіндірме мәнді қыстырма сөйлемдер сөйлем ортасында келсе де жақшаға алынады.

Алынған дәйексөз, мысал кімдікі екендігін және қайдан алғандығын көрсету үшін, соңынан жазылған кітаптың аты, авторы т.б. жақшаға алынады.

Бір сөйлемнің ішінде әрі қыстырма сөз, әрі түсіндірме мәнді қыстырма сөйлем өзара тіркесіп келетін болса, бұлар түгелдей жақшаға алынады да, қыстырма сөз қыстырма мәнді сөйлемнен үтірмен ажыратылады.

Драмалық шығармалардағы автордың түсініктемелері, кейіпкерлердің мінез-құлқын, қимыл-әрекетін т.б. білдіретін сөздері жақшаға алынады.



**9-тапсырма.** Сәйкестендір, айырмашылықтарын тап.

1. Ғылым мен техника дамымаған кездегі тұрмыстық заттарды ата.
2. Қазіргі заманғы тұрмыстық техникаларды айтып бер.
3. Оларға салыстырмалы талдау жасап, айырмашылықтарын түсіндір.

*Үлгі: ат арба – мәшине*




**10-тапсырма.** Төмендегі сұрақтарға жауап беріп, өзара әңгімелесіңдер. Қажетті тыныс белгілерін қойып жазыңдар.

- Ғылыми жаңалықтар қаншалықты маңызды? Қалай ойлайсың
- Қазіргі кезде компьютер жаңалық па
- Өзің компьютерді дұрыс пайдаланып жүрмін деп ойлайсың ба



**11-тапсырма.** Компьютердің пайдасы мен зиянын анықтап, диаграммамен көрсет.



**12-тапсырма.** Сабақта алған әсеріңді, ойыңды «Төрт сөйлем» тәсілі арқылы жаз.

**Пікір.** Оқыған мәтін бойынша өз пікіріңді бір сөйлеммен жаз. Дәлел. Өз пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.

**Мысал.** Пікіріңді өмірмен байланыстырып, бір мысал келтір.

**Қорытынды.** Тақырып бойынша қорытынды жаз.

## 9–10-сабақ

## ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕР – ТЕХНОЛОГИЯ ЖЕТІСТІГІ



Әлеуметтік желілердің пайдасы мен зияны туралы ой бөлісіңдер.



**1-тапсырма.** Мәтінді тыңдап, ондағы негізгі және қосымша ақпаратты анықта.



**2-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер.

1. Өзіңнің жеке парақшаң бар ма?
2. Әлеуметтік желі не үшін қажет?



**3-тапсырма.** Мәтінді оқы.

## Озық технологиялар


Соңғы бірнеше жылдың ішінде өндірістік технология өте қарқынды дамыды. Қазіргі кезде біз ұялы телефон мен электронды пошта арқылы байланыс жасай аламыз. Ғалымдар мен өнертапқыштар технологияны дамыту үшін жаңалықтар ашып жатыр. Интернет-браузерді қалтаға салып жүру немесе компьютер арқылы басқарылатын көлік жүргізу барлық адамды қызықтырады. Мультимедиалық хабарлама қызметі (MMS) мен блютуз байланысы да – заманауи технологияның өнімі. MMS-тің көмегімен сурет, дауыс, бейнетүсірілімдер сияқты мультимедиалық нысандарды бір ұялы телефоннан екіншіге жібере аламыз. Ал блютуз арқылы ноутбукке, дербес компьютерге, принтерге, сандық камераларға қосылуға болады.

Лазерлі технологиялар электрмагнитті өріс бөледі. Олар медицинада емдеу мақсатында жиі қолданылады. Болашақта адамдар бөлмесінде жатып-ақ, 3D бейнелерді тамашалау мүмкіндігіне ие болуы ғажап емес.

(«Заманауи жетістіктер» кітабынан)



**4-тапсырма.** Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты анықтап, графиктік диктант жаз.





**5-тапсырма.** Жұбыңмен бірге сөйлемдерді ережеге сүйене отырып сөйкестендір.

1. Алынған дәйексөз, мысал кімдікі екендігін және қайдан алынғандығын көрсету үшін, соңынан жазылған кітаптың аты, авторы ...	а) сызықша қойылады.
2. Бастауыш та, баяндауыш та атау тұлғадағы сан есімнен болса, бастауыштан кейін ...	ә) жақшаға алынады.
3. Өзінен бұрынғы сөздің немесе сөз тіркесінің мағынасын айқындау мақсатында қолданылған түсіндірме мәнді қыстырма сөздер ...	б) нүкте қойылады.
4. Сөйлеуші я жазушы өз сөзінің ішінде басқа біреудің сөзін өзгертпей, сол қалпында қолданса ...	в) жақшаға алынады.
5. Сөйлемдегі ой аяқталған соң, ...	г) тырнақшаға алынады.
6. Драмалық шығармалардағы автордың түсініктемелері, кейіпкерлердің мінез-құлқын, қимыл-әрекетін білдіретін сөздері ...	ғ) жақшаға алынады.



**6-тапсырма.** Әлеуметтік желінің жетістіктері, артықшылықтары туралы жарнама құрастыр. Тыныс белгілерді дұрыс қой.

*Үлгі:*

- 1) Әлеуметтік желінің сипаты, өзгешелігі;
- 2) пайдасы, бағасы, жеңілдіктері;
- 3) желі туралы мәліметтерді жарнамаға сай безендіру, рәсімдеу;
- 4) әлеуметтік желі ұсынған фирманың менеджері болып сөйлеу;
- 5) сөйлемдердегі тыныс белгілерді дұрыс қолдану.



**7-тапсырма.** Төмендегі тыныс белгілерін негізге ала отырып, сөйлем құрап жаз.

1. \_\_\_\_\_ : \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_.
2. \_\_\_\_\_ : \_\_\_\_\_ ?
3. ... \_\_\_\_\_.
4. \_\_\_\_\_ ...
5. ... \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_ !



**8-тапсырма.** Тыныс белгілерінің өзіне тән ерекшелігін, қызметін, маңызын талда.

Семантикалық карта		
Тілдік бағдар	Сұрақтар	Жауаптар, мысалдар
Көп нүкте		
Қос нүкте		
Сызықша		
Жақша		



**9-тапсырма.** «Роботты техника» тақырыбына термин сөздерді қолданып, шығарма жаз. Сөйлемдердің тыныс белгілерін дұрыс қой.



**10-тапсырма.** Өздерің оқитын басқа пән оқулықтарынан тырнақша және жақша кездесетін сөйлемдерді таңдап, оларды топта талқылаңдар.



**11-тапсырма.** Төмендегі тақырыптардың бірін таңдап, жоба құрастыр.

- 1) Ғылымдағы жаңалықтар
- 2) Технология жетістіктері
- 3) Қазіргі нанотехнологиялар



**12-тапсырма.** Сабақта алған әсеріңді, мәліметтерді айтып бер.

«✓»	«-»	«+»	«?»
Білемін.	Білмеймін.	Мен үшін жаңа ақпарат.	Мені таңғалдырды.

## ЖЫЛДЫҚ ҚАЙТАЛАУ


**1-тапсырма.** Бірінші бөлім бойынша Қазақстанның көрікті жерлері туралы көру диктантын жаз. Бірге, бөлек, дефис арқылы жазылатын сөздердің жазылуын түсіндір.

**2-тапсырма.** Ұлттық құндылықтар туралы мәтін құрап жаз. Екпіннің түрлерін ережеге сәйкес айтып бер.

**3-тапсырма.** Ұялы телефоныңнан досыңа хабарлама жібер. Хабарламада ауызекі сөйлеу тілінің ерекшеліктерін қолдан. Досыңа оны анықтап, түзетіп, қайта жіберуін өтін.

**4-тапсырма.** «Егер мен ... болсам» сызбасының біреуін ғана таңдап, жіктеу есімдіктерін қолдана отырып толтыр. Жіктеу есімдіктерін ең көп орынды қолданған оқушыны анықтаңдар.

*Үлгі:* Егер мен жел болсам, саған жиі самал соқтырар ем, оған жылы сәлем жолдар ем, сенің бетіңді желпи өтер ем, маған бәрі разы болар еді.



**5-тапсырма.** Төмендегі сөздерді кестеге сәйкес жаз.

Тұсаукесер, бөдірен, фонетика, бекіре, кереует, сүт бидай, экология, айла-шарғы, тарақ балта, тұқым, шарт, дәйексөз, желі.

Диалект сөз	Кәсіби сөз	Неологизм	Термин


**6-тапсырма.** Денсаулыққа қатысты айтылған мақал-мәтелдерді жалғастырып, бақылау диктантын жаз.

1. Дені саудың – ... . 2. Тазалық – саулық негізі, саулық – ... негізі. 3. Дәрігер дәрімен емдемейді, ... емдейді. 4. Ауырып ем іздегенше, ... 5. Қимыл шынықтырады, ұйқы ...

**7-тапсырма.** Үстеудің мағыналық түрлерін кластер арқылы көрсет.

**8-тапсырма.** «Мәдениет» және «өнер» ұғымдарын білдіретін сурет сал. Топта суреттегі оқиғаны баянда, себебін түсіндір, ойыңды дәлелде.

**9-тапсырма.** Үстеу мен есімдіктің ерекшеліктері мен ұқсастықтарын ВЕНН диаграммасы арқылы көрсет.



**10-тапсырма.** Кестені топ болып 3 минутта толтырыңдар.

Жеті...жеті... жеті			
Керемет	Есімдік	Үстеу	Септік



**11-тапсырма.** Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып, шығармашылық диктант жаз.

Бұл күндері Алатаумен астасқан Абай ескерткішін ... білмейді? Көрі де, жас та алдына барып тағзым етеді, ... қояды. Шоқан, Амангелді ... ұлттық мәдениет өнеріміздің таңдаулы туындылары қатарынан орын алады. Сондай-ақ ол жасаған Құрманғазының, Н. Алдабергеновтің мүсін ... де халық көңілінен шықты. «Жас Жамбыл», «Амангелді», «Бала Жамбыл» т.б. мүсіндері ... мақтанышына айналды.

Осының бөрі – Хәкімжан Есімханұлы Наурызбаев ... шыққан өшпес мұралар, шоқтығы биік монументтер.

**12-тапсырма.** Етіс жұрнақтарын ажыратып жаз.

Отырғызып, сақталып келеді, қондырып, табыла бермейді, саналады, шақырылған, аталады.

**13-тапсырма.** Тест тапсырмаларын орында.

1. Көнерген сөзді тап:

- а) өнерпаз
- ә) ғалым
- б) болыс
- в) сәулетші

2. Табу сөз қайсы?

- а) сәукеле
- ә) шырайлым
- б) ата-ана
- в) қамзол

3. Эвфемизм сөзді белгіле:

- а) қолды болды
- ә) мылжың
- б) ұрлық жасамау
- в) өтірік айту

4. Қай сөз дисфемизм бола алады?

- а) жігіт
- ә) еркежан

- б) сөзуар
- в) қортық

5. Сөйлем ішіне қойылатын тыныс белгілерінің негізгі қызметін көрсет:

- а) сөздердің мағынасын, қызметін даралау
- ә) сөйлемді тиянақтау
- б) ойды тұжырымдау
- в) жетекшілік қызмет

6. Нүктелі үтір қай сөйлем мүшесіне қатысты қойылады?

- а) бастауыш
- ә) баяндауыш
- б) анықтауыш
- в) толықтауыш

**14-тапсырма.** Тыныс белгілерін дұрыс қойып жаз.

1. Ақырын жүріп анық бас  
Еңбегің кетпес далаға
2. Білім елге су жерге
3. Үшеуі Асылбек Жиренше Ерболдар Базарлыға қадала қарап  
хабар күтгі
4. Мал жұтайды өнер жұтамайды деген сөздің мәні не

## СӨЗДІК

**АЗАМАТТЫҚ ПАРЫЗ** – адам мен қоғам үйлесімділігін білдіретін әлеуметтік-этикалық ұғым, жеке тұлғаның туған жер, атамекен, Отан, халық алдындағы парызы.

**ӘЛЕМ** – материалды дүние, материалды объектілер, сапалық жағынан әртүрлі болып келетін материя формаларының толық жиынтығы. Бізді қоршап тұрған шексіз кең әрі мәңгі дүние.

**ӘЛЕМДІК ҚҰНДЫЛЫҚТАР** – түрлі халық, дін, дәуірдің рухани мақсаттарын жақындастыратын, туыс ететін құбылыс.

**БӘЙТЕРЕК** – тарихи, саяси және философиялық мағынаны жинақтаған ескерткіш кешен.

**ҒЫЛЫМ** – табиғат пен қоғамның даму заңдылығы туралы білім жүйесі және сол ғылымның белгілі бір саласы, тарауы.

**ДӘСТҮР** – ұрпақтан ұрпаққа көшетін, тарихи қалыптасқан әлеуметтік нормалар мен ұстанымдар жиынтығы.

**ЖЕТІ АТА** – қазақ халқының дәстүрлі салт-санасындағы адамның тегінің ата жағынан таралу жүйесі.

**ЖЕГІСТІК** – адам еңбегінің қайнар көзі, нақты бір мақсатқа жету жолындағы ізденіс.

**КОМПЬЮТЕР** – нақты бір бағдарлама, нұсқаулықтармен жұмыс істейтін мәшине.

**ҚҰНДЫЛЫҚТАР** – әрбір халықтың мәдениетінің өзегі және жеке тұлғаның бойындағы жақсы қасиеттерді анықтайтын жүйе.

**МӘДЕНИЕТ** – табиғат объектісіндегі адамның әрекеті арқылы жасалатын өзгерістер. Бұл сөзде адам еңбегінің ерекшелігі, оның адамның іс-әрекетімен байланыстылығы, адамның және оның қызметінің бірлігі негізделген.

**НАНОТЕХНОЛОГИЯ** – көзге көрінбейтін ұсақ бөлшектерді ретке келтіре отырып, құрылым жасап шығару. «Нано» сөзі миллиардтың бір бөлігі деген мағынаға сәйкес келеді.

**НЕОКЛАССИКА** – сәулет өнеріндегі стиль түрі.

**ОТАН** – адамның ата-бабаларынан бері қарай кіндік қаны тамып, өсіп-өніп келе жатқан жері.

**ӨНЕГЕ** – ұлағатты адамдардың, қарттардың жастарға көрсететін үлгісі, айтқан насихаты, ұлағаты, тәлім-тәрбиесі.

**ПАЛЛАДИАН** – XVII–XIX ғасырлардағы сәулет өнерінің бағыты.

**РОБОТ** – ешқашан шаршамастан және зерікпестен адам үшін жұмыс істей алатын мәшине.

**СӘУЛЕТ ӨНЕРІ** – ғимараттар мен ескерткіштерді, әртүрлі нысандарды жобалау, салу, оған көркемдік бейне беру өнері.

**ТАБИҒАТ** – бізді қоршаған орта: жан-жануарлар мен өсімдіктер, Жер мен Ай, Күн мен алыстағы жұлдыздар.

**ТУҒАН ЖЕР** – әркімнің ата-бабасы, өзі туып-өскен жер. Туған жер, өскен елді құрметтеу, оған барып тұру – азаматтық парызы.

**ТҮЛҒА** – жеке адам болмысының қайталанбас даралық ерекшелігі.

**ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮР** – тарих барысында қалыптасып, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып отыратын әдет-ғұрыптар, салт-сана, қоғамдық тәртіп, заң, мінез-кұлық.

**ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ МҰРАЛАР** – салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, халық ауыз әдебиеті үлгілері, сәулет, бейнелеу, музыка, қолөнер және т.б. өнер түрлері.

**ЭКСПО** – техникалық және технологиялық жетістіктерді әйгілейтін халықаралық көрме.

**ЭЛЕКТРОНИКА** – ғылымның өте тез дамып келе жатқан салаларының бірі, озық технологиялар жетістігі.

## МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	3
<b>1-бөлім. Қазақстандағы көрікті жерлер</b> .....	<b>4</b>
1–2-сабақ. Менің Отаным – Қазақстан.....	4
3–4-сабақ. Көркем табиғат және көрікті жерлер .....	8
5–6-сабақ. «Таулардан өзен ағар сарқыраған» .....	12
7–8-сабақ. Қазақстанның қорықтары – табиғат байлығы.....	17
9–10-сабақ. Қазақстандағы киелі жерлер.....	21
<b>2-бөлім. Ұлттық және отбасылық құндылықтар</b> .....	<b>25</b>
1–2-сабақ. Ұлттық құндылықтар – ел қазынасы.....	25
3–4-сабақ. Ана тілім – айбыным .....	29
5–6-сабақ. Ел тарихы – ұлттық құндылық.....	32
7–8-сабақ. Отбасылық құндылықтар.....	35
9–10-сабақ. Отан отбасынан басталады .....	39
<b>3-бөлім. Әлемнің жеті кереметі</b> .....	<b>42</b>
1–2-сабақ. Әлемдік мәдени мұралар.....	42
3–4-сабақ. Қазақстанның ғажайып мұралары.....	47
5–6-сабақ. Әлемнің жаңа жеті кереметі .....	51
7–8-сабақ. Таңғалдырған кереметтер әлемі.....	54
9–10-сабақ. Қазақстанның сәулет өнері.....	56
<b>4-бөлім. Астана – мәдениет пен өнер ордасы</b> .....	<b>59</b>
1–2-сабақ. Астана қаласына саяхат .....	59
3–4-сабақ. Астана – тарихи мекен.....	64
5–6-сабақ. Астана – өсем қала .....	69
7–8-сабақ. Астана қаласы – мәдениет орталығы .....	73
9–10-сабақ. ЭКСПО-2017 – Астана қаласында .....	79
<b>5-бөлім. Тарихи тұлғалар</b> .....	<b>84</b>
1–2-сабақ. Тарих қойнауында .....	84
3–4-сабақ. Ұлы дала ұлағаттары .....	88
5–6-сабақ. Тарихи тұлғалар өмірі.....	92
7–8-сабақ. Тарихи тұлғалар тағылымы.....	96
9–10-сабақ. Қазақтың үш биі.....	99
<b>6-бөлім. Су – тіршілік көзі</b> .....	<b>103</b>
1–2-сабақ. Су – табиғат құбылысы .....	103
3–4-сабақ. Су – қасиетті ұғым .....	110

5–6-сабақ. Бұлақ көрсең, көзін аш .....	114
7–8-сабақ. Жер-судың аты – тарихтың хаты .....	118
9–10-сабақ. Сулы жер – нулы жер .....	122
<b>7-бөлім. Спорт. Белгілі спорт жұлдыздары.....</b>	<b>128</b>
1–2-сабақ. Олимпиада ойындары.....	128
3–4-сабақ. Күш атасы – Қажымұқан .....	133
5–6-сабақ. Жиырма жыл күткен жеңіс.....	137
7–8-сабақ. Тұңғыш қазақ конькишісі .....	141
9–10-сабақ. Қазақстандық кәсіби велошабандоз.....	146
<b>8-бөлім. Қазақ халқының әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері. Наурыз.....</b>	<b>150</b>
1–2-сабақ. Қонақжайлылық – ата дәстүр .....	150
3–4-сабақ. Адамның бір қызығы бала деген... ..	155
5–6-сабақ. Салт-дәстүр және тәрбие .....	161
7–8-сабақ. Наурыз – жыл басы .....	165
9–10-сабақ. Қазақтың ұлттық ойындары.....	169
<b>9-бөлім. Әлемдегі ірі кітапханалар.....</b>	<b>174</b>
1–2-сабақ. Ежелгі кітапханалар .....	174
3–4-сабақ. Әлемдегі кітап мұрағаттары мол кітапханалар.....	178
5–6-сабақ. Әлемдегі таңғажайып кітапханалар .....	182
7–8-сабақ. Қазақстандағы кітапханалар.....	186
9–10-сабақ. Университеттік кітапханалар .....	190
<b>10-бөлім. Ғылым мен технология жетістіктері .....</b>	<b>194</b>
1–2-сабақ. Қазақстан ғылымы .....	194
3–4-сабақ. Қазақ ғалымдары .....	197
5–6-сабақ. Ғылымдағы жаңалықтар .....	202
7–8-сабақ. Қазіргі заманауи технологиялар.....	206
9–10-сабақ. Әлеуметтік желілер – технология жетістігі.....	212
<b>Жылдық қайталау.....</b>	<b>215</b>
<b>Сөздік .....</b>	<b>219</b>

О қ у б а с ы л ы м ы

**Өрінова Бақыт Айтұқызы**  
**Раева Гүлзат Мағауияқызы**  
**Кәрімова Гүлмира Сәрсемханқызы**  
**Жүмекенова Ләйлә Көкенқызы**

**ҚАЗАҚ ТІЛІ**

Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық

Редакторы *Н. Бекхожаева*  
Көркемдеуші редакторы *Д. Сабитаева*  
Техникалық редакторы *Ұ. Рысалиева*  
Компьютерде беттеген *Г. Тасыбаева*  
Корректоры *Ұ. Бахова*

ИБ № 055

Теруге 17.01.2018 берілді. Басуға 01.06.2018 қол қойылды. Пішімі 70x90<sup>1/16</sup>.  
Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыс. Өріп түрі «мектептік». Шартты баспа табағы 16,38.  
Есептік баспа табағы 11,68. Таралымы 40 000 дана. Тапсырыс №3497.

«Атамұра» корпорациясы» ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 75.  
Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясы» ЖШС-нің Полиграфкомбинаты, 050002,  
Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.

